Жаһандық диалог 11.1

Жылына 3 рет бірнеше тілде шығады

ЖУРНАЛ

International Sociological Association

С.Родригеспен әлеуметтану жайлы әңгіме

Маргарет Абрахам

АҚШ: тығырықтан шығу мүмкіндіктері

Питер Эванс
Габор Шейринг
Кристофер Мюллер
Суреш Найду
Патрисия Завелла
Дж. Миджин Ча
Маркус Энтони Хантер

Еуропадағы қытай миграциясы

Фанни Бек
Пал Ньириан
Йа-Хан Чуаң
Эмили Тран
Хелен Ле Бейл
Стиг Тёгерсен
Естер Книхар
Линда Сабо
Тиң Деңь
Елена Гледич
Мартина Бофулин

Теориялық перспектива

Уолден Белло

Латын Америкасы әлеуметтануы

Эстебан Торрес
Хосе Маурисио Домингес
Вивиан Брашет-Маркес
Серджио Коста
Альдо Маскарено
Вероника Гаго
Кармен Илизарбе
Мариана Эредиа
Гильерме Лейте Гонсалвес

Ашық бағана

> *Жаһандық Диалогтың* поляк тобын таныстыру

БАСЫЛЫМ 11 / ШЫҒАРЫЛЫМ 1 / СӘУІР 2021
http://globaldialogue.isa-sociology.org/
GD

> Редакциядан

Жаһандық Диалогтың осы шығарылымы дайындалып жатқан кезде әлем бойынша БАҚ–да негізгі тақырыптардың бірі АҚШ-тағы сайлау еді. Оның үстіне, бәрімізге аян, сайлау Трамптан кейінгі дәуірді орнатты, дегенмен, бұл – соңғы жылдары АҚШ басына кешкен мәселелер жоғалып кетті деген сөз емес. Маргарет Абрахам «Әлеуметтану жайлы әңгіме» бөлімінде әлеуметтанушы және Black Lives Matter белсендісі С.М.Родригеспен сұқбат жүргізеді. Ол АҚШ-тағы нәсілшілдікпен күрес тарихы, осы әлеуметтік қозғалысты ынталандыратын әлеуметтік теңсіздік пен әлеуметтік әділеттілік мәселесінің түйісуі туралы мәлімет береді.

Сайлауға қатысты оқиғаларға тоқталсақ, АҚШ-тағы ауыр жағдай мен мүмкіндіктер туралы бірінші топтамамызды Питер Эванс пен Майкл Буравой ұйымдастырды. Мақалаларда АҚШ-тағы «нәсілдік капитализмнің» тарихи болашағы мен халықтың әл-ауқатының төмендеуі, жұмысшы табы мен түсті қауымдастықтар арасындағы күрделі қатынастар, экологиялық мәселелер мен климаттың өзгеруін қоса айтқанда, соңғы онжылдықтағы экономикалық және саяси ахуалдың, сонымен қатар Вашингтондағы адам сенгісіз қаңтар оқиғасын туғызған Трамп саясатының апаттық салдары сараланады. Осы ауыр ахуалға тап болған авторлар өзгерістер үшін не істеу керек екенін әңгіме арқауына айналдырады.

Фанни Бек пен Пал Ньириан дайындаған Еуропадағы қытай миграциясына арналған екінші топтамамызда Еуропаға ағылған қытай миграциясы толқынының тарихына шолу мен бүгінгісі баяндалады. Мақалаларда мигранттардың статусы, сондай-ақ еуропалық елдердегі күрделі ұлтаралық қатынастарға Қытайдағы саяси оқиғалардың және ахуалға COVID-19 пандемиясы мен мигранттар туралы дискурстың қалай ықпал ететіні талқыланады.

Неолиберализм, экономикалық дағдарыстар, әлеуметтік теңсіздік пен миграция түйткілдерінің салдары қоздырған әсіре оңшыл қозғалыстар, партиялар мен режимдер ықпалының соңғы жылдары артып отырғанының куәсіміз. Теориялық бөлімде Жаһандық Солтүстік пен Оңтүстіктегі әсіре оңшыл саяси бағдарламалар, тәжірибелер мен көшбасшылықтың қырларын Уолден Белло салыстырады.

Аймақтық әлеуметтану бөлімі Латын Америкасына арналған. Басым көпшілігі Қоғамдық ғылымдардың Латынамерикалық кеңесі (CLACSO) Teoría social y realidad latinoamericana (Әлеуметтік теория және латынамерикалық нақтылық) жұмыс тобының белсенді мүшелері болып табылатын көрнекті зерттеушілер талқылаған және дайындаған әлеуметтік теориялар бойынша саяхатқа үндейтін мақалаларды Эстебан Торрес ұйымдастырды.

Ашық бағанада Жаһандық Диалогты поляк тіліне аударушы топ өз мүшелерін таныстыра отырып, қызметкерлеріміздің саналуан тәжірибесі мен ғылыми қызығушылықтары туралы хабардар етеді. Мүмкіндікті пайдалана отырып, Жаһандық Диалог журналы редакторының көмекшісі ретінде атқарған аса құнды еңбегі үшін Кристин Шикертке ризашылығымызды білдіреміз және оны алмастырған Уалид Ыбрахымды (Йен университеті, Германия) ізгі ниетпен қарсы аламыз.

Бриджит Ауленбахер мен **Клаус Дёрре**,
Жаһандық Диалог редакторлары

> *Жаһандық Диалог бірнеше* тілде ISA website орналастырылған.
> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жіберуге болады.

International Sociological Association

GLOBAL DIALOGUE

> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Йоханна Грубнер, Кристин Шикерт.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Хуан Лейжарага.

Редакциялық кеңес:
Сари Ханафи, Джеффри Плейерс, Филомин Гуттиерец, Элоиза Мартин, Савако Ширахазе, Изабелла Барлинска, Това Бенски, Чи-Ю Я Чен, Ян Фриц, Коичи Хасегава, Хироши Ишида, Грейс Хуню, Элисон Локонто, Сюзан МакДаниель, Элина Ойнас, Лаура Осо Касас, Бандана Пуркаяшта, Рода Рэддок, Мунир Сайдани, Айсе Сактанбер, Сели Скалон, Назанин Шахрокни.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі: (Тунис) Мунир Сайдани, Фатима Радхуани, Хабиб Хадж Салем, (Алжир) Сурая Мулуджи Гарруджи, (Марокко) Абделхади Аль Халхоули, Сайда Зине, (Ливан) Сари Ханафи.

Аргентина: Магдалена Лемус, Хуан Парсио, Мартин Уртасан.

Бангладеш: Хабидул Хондкер, Хайрул Чоудури, Мохамад Жасим Аддин, Биджу Кришна Баник, Сабина Шармин, Себак Кумар Саа, Мухаммед Джахирал Ислам, Абдур Рашид, Саркер Соел Рана, Джувел Рана, Хелал Аддин, Масудур Рахман, Б.М. Наймас Сакиб, Эшрат Джахан Аймун, Шамсул Арефин, Ясмин Султана, Шахидул Ислам, Экрамал Кабир Рана, Салех Эль Мамун, Шармин Актер Шапла, Руна Парвин.

Бразилия: Густаво Танигутти, Анжела Мартинс Джуниор, Андреза Галли, Дмитри Чербончини Фернандеш, Густаво Диас, Хосе Гюрадо Нето, Джессика Мазини Мендеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил

Үндістан: Рашми Жаин, Ниди Бансал, Сандип Мил, Прага Шарма, Маниш Ядав.

Индонезия: Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрияти, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохамад Шохибуддин, Домингус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нурул Айни, Гегер Риянто, Адитья Прадана Сетиади.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Аббас Шахраби, Саед Мухамад Муталеби.

Қазақстан: Айгүл Забирова, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспаева, Куаныш Тел, Алмагүл Мусина, Ақнұр Иманқұл, Мадиар Алдияров.

Польша: Жустина Косинска, Джонатан Сковил, Сара Херзынска, Вероника Пик, Александра Вагнер, Александра Биернаска, Якуб Барщевски, Адам Мюллер, Зофия Пенза-Габлер, Ивона Божаджиева.

Румыния: Ралука Попеску, Райса-Габриела Замфиреску, Юлиан Габор, Моника Георгеску, Иоана Джанус, Бианка Михайла, Вероника Оанча, Мария Стойческу.

Ресей: Елена Здравомыслова, Анастасия Даур.

Тайвань: Ван-Ю Ли, Тао-Юн Лу, Цунг-Джен Хунг, Суян-Ли Ренн, Ю-Чиа Чен, Ю-Вен Лиао, По-Шун Хонг.

Түркия: Гүл Шарбаджиоғлы, Ирмак Эврен.

Топтама АҚШ-та 2020 жылғы сайлаудан кейін қалыптасқан ауыр ахуал мен мүмкіндіктерді қарастырады. Мақалаларда тарихи перспектива мен соңғы онжылдықтағы экономикалық және саяси оқиғалардың салдары талданған. 2021 жылғы қаңтардағы Вашингтонда орын алған жағдайға куә болған авторлар болашаққа көз тастап, өзгерістердің мүмкіндігі үшін не істеу керек екенін талқылайды.

*Бұл топтама **Еуропаға бағытталған қытай миграциясын** зерттеудің кең ауқымын көрсетеді. Кейбір мақалалар 20 ғасырдағы миграциялық қозғалыстарға арналған болса, енді бірі 21-ғасырдағы қытай иммигранттарының әлеуметтік және экономикалық статусындағы едәуір өзгерістерді баяндайды.*

*Бүгінгі жаһандық сын-тегеуріндердің алдында **латынамерикалық әлеуметтану теориясы** неғұрлым маңызды тірек нүктесіне айнала бастауда. Осы симпозиум латынамерикалық теориялаудың кең ауқымды ерекшелігін және әртектілігін көрсетеді, зерттеулердің жаһандық теорияға бағыты барлық кезде жергілікті көзқарастан басталатыны назар аударарлық.*

GD

***Жаһандық диалог SAGE Publications** ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.*

> Осы шығарылымда

Редакциядан 2

> ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

BLM ғажайыбы: С.Родригеспен сұхбат
Маргарет Абрахам, АҚШ 5

> АҚШ: ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Құрама Штаттарды не істеу керек?
Питер Эванс, АҚШ 9

Шарасыздықтан ажал құшу және демократияның өміршеңдігі: әлеуметтану үндеуі
Габор Шейринг, Италия 11

Әлеуметтік капиталистер
Кристофер Мюллер және **Суреш Найду**, АҚШ 14

АҚШ-тағы репродуктивтік әділеттіліктің келешегі
Патрисия Завелла, Санта-Круз, АҚШ 16

Климаттық әділеттілік үшін күрес және Байден-Харрис әкімшілігі
Дж. Миджин Ча, АҚШ 19

Радикал өтемақы
Маркус Энтони Хантер, АҚШ 21

> ЕУРОПАДАҒЫ ҚЫТАЙ МИГРАЦИЯСЫ

Еуропадағы қытайлықтар орнының өзгерісі
Фанни Бек, Венгрия және **Пал Ньириан**, Нидерланды 23

Үнсіздіктен әрекетке: Франциядағы қытайлықтар
Йа-Хан Чуаң, Франция, **Эмили Тран**, Гонконг және **Хелен Ле Бейл**, Франция 25

Еуропадағы қытай студенттері
Стиг Тёгерсен, Дания 27

Будапештегі «Алтын визалы» қытайлық мигранттар
Фанни Бек, **Естер Книхар**, және **Линда Сабо**, Венгрия 29

Италиядағы қытайлықтар: бизнес және идентификация
Тиң Деңң, АҚШ 31

Сербиядағы қытайлықтар мәртебесінің өзгеруі
Елена Гледич, Сербия 33

Қытай мигранттары және COVID-19 пандемиясы
Мартина Бофулин, Словения 35

> ТЕОРИЯЛЫҚ ПЕРСПЕКТИВА

Әсіре оңшыл режимдерді салыстырмалы талдауға
Уолден Белло, АҚШ 37

> ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Латын Америкасы әлеуметтануының әмбебап мақсаты
Эстебан Торрес, Аргентина 40

Әлемдік парадигма: әлеуметтануға жаңа ұсыныс
Эстебан Торрес, Аргентина 41

Жаһандық әлеуметтанудың жаһандық заманауилықпен байланысы
Хосе Маурисио Домингес, Бразилия 43

Теорияны тарихиландыру: Латын Америкасына ұсыныс
Вивиан Брашет-Маркес, Мексика 45

Өзаратәуелділікті қайта пайымдау
Серджио Коста, Германия 47

Немқұрайлылық дәуірі: дағдарыстардың жүйелік теориясы
Альдо Маскарено, Чили 49

Латын Америкасында неолиберализмді зерттеу
Вероника Гаго, Аргентина 51

Пост-либералдық грамматикаға
Кармен Илизарбе, Перу 53

Латын Америкасындағы кеңістік, теңсіздік және элита
Мариана Эредиа, Аргентина 55

Бастапқы қорлану және Заң сыны
Гильерме Лейте Гонсалвес, Бразилия 57

> АШЫҚ БАҒАНА

Жаһандық Диалогтың поляк тобын таныстыру 59

“Еуропалықтар – және солтүстік американдықтар өз әмбебаптылығын табиғи және ерекшеліктерін тікелей концептуалды жалпыланған деп санаса, латынамерикалықтар жеке ерекшелігінен бастауы керек, себебі олардың әмбебаптығы түбегейлі мойындалмады”

Хосе Маурисио Домингес

> BLM жарықтығы

Доктор С. Родригеспен сұқбат

С.М. Родригес

Доктор С. Родригес (Самар Родригес-Фэйрплей; олар/оларды деп атау) – криминология кафедрасының доценті және ЛГБТК+ зерттеулері бөлімінің директоры, Хофстра Университеті, әлеуметтану факультеті. Олар Родригес трансұлттық ұйым мен халықаралық қаржыландырудың жергілікті белсенділік үшін салдарын толық талдау жасаған *The Economies of Queer Inclusion: Transnational Organizing for LGBTI Rights in Uganda* (2019), [«Квир-инклюзия экономикасы: Угандадағы ЛГБТИ құқықтары жөніндегі трансұлттық ұйым»] (2019) кітабының авторы. Олардың жарияланымдары арасында «Carceral Protectionism and the Perpetually (In)Vulnerable» [«Карцерал протекционизм және мәңгілік (емес) әлсіздер»], «Invisibility Matters: Queer African Organizing and Visibility Management in a Transnational Age» [«Құпияның маңызы: квир-африкалық ұйым және трансұлттық дәуірде ақиқатты басқару»], «Queer Abolitionist Alternatives to Criminalising Hate Violence» [«Өшпенділіктен туған зомбылықтың криминалдануының квир-аболиционистік баламалары»]; және «Not Behind Bars: The Rippling Effect of Carceral Habitus and Corrective Violence on the Family and Community Life of Prison Guards» [«Тұзақта емес: карцерал әдет пен түзетуші күштеудің түрме күзетшілерінің отбасылық және қоғамдық өміріне тұрақсыз ықпалы»] бар. Доктор Родригес екі керемет жаңашыл кітап жобасын дайындауда: *Abolition in the Academy: Scholar-Activism and the Movement for Penal Abolition* [«Академиядағы шектеу: ғылыми белсенділік пен құлдықтан бас тарту және қылмыстық жаза»] және *Marked for Removal: Perpetual Coloniality, Gentrification, and Queer Abolitionist Praxis in New York City.* [«Жою үшін белгіленді: мәңгілік отаршылдық, джентрификация және Нью-Йорктегі квир-аболиционистік тәжірибе»]. Көп жылдар *Safe OUTside the System Collective* қауымдастығындағы бірлескен қызметтен соң, Родригес Құрама Штаттардағы түсті квир-тұлғалардың ірі ұйымы Audre Lorde жобасының директорлар кеңесіне енді.

Олардың жұмысы Университеттік білімі бар әйелдердің Американдық қауымдастығының (AAUW) постдокторанттарға арналған (2020–21 жылдар) Академиядағы шектеу үшін және Америка әлеуметтанушылар қауымдастығының (2014–15 жылдар) азшылықтарға арналған Бағдарламасының стипендияларын қосқанда, әртүрлі гранттар, сыйлықтар және стипендиялар арқылы қолдау тапты. Осы жерде д-р Родригес Халықаралық Әлеуметтанушылар Қауымдастығының бұрынғы президенті және Хофстра университетінің бірінші проректоры және Гарри Х.Уотчелл атындағы Құрметті профессоры **Маргарет Абрахамға** сұқбат береді.

М.А.: Қаралардың өмірі деген не?

С.М.: Әдетте, адамдар Black Lives Matter-ге сілтеме жасағанда, әртүрлі, бірақ өзара байланыстағы үш нәрсені көрсетеді. Біріншіден, ол - АҚШ-та, Ұлыбританияда және Канадада бірнеше бөлімдері бар 2013 жылы құрылған біртұтас жаһандық ұйым. Қозғалыстың басты мақсаты – ақнәсілділер үстемдігімен күресу, африкалық текті тұлғаларға қатысты мемлекеттік күштеуді тоқтату және нәсілшілдікке қарсы қоғамды қолдауға қажетті қауымдық билікті күшейту. Екіншіден, BLM – бүкіл әлемде африкалық халықтар үшін жүзеге асуы мүмкін ұранның нақты көрінісі:

>>

біз – бармыз, біз - маңыздымыз. Ақыр соңында, және мүмкін жиірек, Movement for Black Lives (M4BL) [Қаралардың өмірі үшін қозғалысы] шатырлық ұйымын кейбіреу BLM-нен де анағұрлым ерте қалыптасқан, нәсілдік әділеттілікті жақтаушы өзара байланысты көптеген ұйымдардың коалициясы деп қабылдайды. Осы арқылы мен ұйымдастырушылар немесе қатысушылардың нақты қай топ екеніне қарамастан, полицияның қатыгездігіне қарсы барлық жиындарды «Black Lives Matter» шарасы деп жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдарына тән тенденцияны нұсқап отырмын.

BLM-нің шуағы осы пікірдің, барлық антирасистер растай алатын нақыл сөз сияқты өміршең мақалалардан анағұрлым жылдам тарайтындығында. Black Lives Matter – Black is Beautiful немесе Black Power мыңжылдығы: орталықтандырылған қозғалыс ғана емес, дұрысы – көзқарастар жүйесі, қордаланған ыза, көптің жанайқайы.

М.А.: Қара нәсілділердің бұрынғы қозғалыстары мен қазіргі BLM қозғалысы арасында қандай сабақтастық пен өзгерістерді көріп отырсыз? Статус-квоға қарсы кедергілерді жою үшін қандай стратегия бар?

С.М.: АҚШ-та мемлекеттік әлеуметтік қызметтің маңында болғандардың қауымдастықтарды және өзара көмек көрсетуді ұйымдастыруының ұзақ және позитивті тарихы бар. Өзара көмек ресурстарын бөлу және ресурстар мен жауапкершілікті мемлекет пен азамат арасындағы қатынас ретінде емес, қоғамдық қатынастардың бөлінбес бөлігі ретінде қайта зерделеуді талап етеді. Қаранәсілділер қозғалысы мемлекетке тарихи тұрғыда талап қойып келді, дегенмен олар тіпті ешқашан мемлекетті «бастапқы әрі соңғы» деп қабылдамады. Бұған Black Panther Party -дың құлдық пен геноцид үшін шеккен зардаптың өтемақысын беру туралы Бағдарламасы мен осы ресурстарды қауымның басшылығымен бөлу туралы нұсқауды ұсыну жайындағы 10 пункттен тұратын талаптары да кіреді. Black Lives Matter қозғалысы да өтемақыны төлеуді және саналуан зиянкестікті тоқтатуды талап етеді, бірақ бөлу жұмысының мемлекеттің құзырына берілуін қаламайды. W.E.B. Дюбуа *The Souls of Black Folk*. [«Қара халықтың рухы»] еңбегінде Еріктілер кеңсесі туралы жазғанда мемлекеттің шектеулігін көрсетті. Қаранәсілді американдықтардың бостандығын қорғау мақсатында және ақы төленетін жұмыс табу үшін 1870-жылдары арнайы құрылған Кеңсе осы міндеттен тез-ақ бас тартты, себебі ақнәсілділердің үстемдігін жақтаушылардың (соның ішінде Ку-клукс-клан) зорлығына және қаранәсілділер өмірін криминалдандырушы ақтардың артықшылығын жақтаушылардың құқықтық бастамасына төтеп беруге аса құлықты бола қойған жоқ.

Тарихи сабақтастық сан қырлы: қауіпсіздікті; абыройды және саяси репрессияны жою; қаранәсілді әйелдердің және ЛГБТ көшбасшылардың болуын талап ету; сонымен қатар қатыгез полицейлік, мемлекеттік репрессияның; расистік контркозғалыстардың және шығындар/ақ нәсілділердің жазаланбауының болуы. Өзгерістер де аса құнды. Кейбір қалаларда, әсіресе Орта Батыста BLM шеруіне қатысушылардың көбі ақ нәсілділердің жақтастары екенін көріп жүрміз. Себебі бұл аймақтарда тарихи тұрғыдан нақты жағдай орын алған жоқ. Сонымен қатар қарсылық білдіруші ақнәсілділерді милитарланған полиция күштері мен ақ нәсілдің үстемдігін жақтаушы наразылыққа қарсылар айқын виктимизациялап, BLM-нің ақнәсілді одақтастарын құрдымға кетірді!

«Бостандық сапарларында» ақнәсілді белсенділер (көбі – еврейлер) Азаматтық құқықтар үшін Қозғалысқа қосылғандықтан соққыға жығылды – олай болса, осы қырының айырмашылығы жоқ – дегенмен, егде екі ер адамды полицейлердің сұлатқанын, ақнәсілді жас әйел мен екі ақнәсілді ер кісінің ақнәсілді жасөспірімді атып тастағанын бұрын соңды тарихта қашан көргенімізді білмеймін. Мен, қаранәсілділерге зиян келтірудің тыйылмауына қарамастан, адам сенгісіз жаңа құбылыс, яғни ақнәсілді одақтастардың масқара соққы алғанын айтып отырмын. Менің ойымша, осы өзгеріс мемлекеттік репрессиялардың маңызды жаңа амалына меңзейді: тек бұқаралық ақпарат құралдарының толық ашықтығы мен әлеуметтік желілерде таралуы арқасында ғана емес, сонымен қатар полициялық қызметтің жаңғырға рухымен полицияның милитарлануы.

М.А.: BLM Құрама Штаттардағы жүйелік нәсілшілдікті өзгерте ала ма? Құрылымдық өзгерістер үшін не қажет!

С.М.: Менің ойымша, біз оның орнына қаранәсілділердің өмірі маңызды болу үшін қандай түрдегі өзгерістерді жүзеге асыруымыз шарт екенін ойлануымыз керек. Осы туралы бір ғана мақсатты ұстанған жеке ұйым ретінде ойланудың орнына бізге бірлікке үндейтін BLM жайында ойлану абзал. Өз жұмысымда қаранәсілді ұйымдастырушылардың өзгерістегі сотқа, карцералды феминизмге және зорлыққа қарсы күрес фокусын зерттеймін. Егер оларды құндылықтарға ғана емес, сонымен бірге тәжірибеге жұмылдырсақ, онда ол BLM-ды мантрадан әлеуметтік нақтылыққа айналдыратын құрылымдық өзгерістерді талап етеді.

М.А.: Black Lives Matter тұрғысынан жыныс, нәсіл және таптың түйісетін тұсы қандай?

С.М.: BLM – әуелден-ақ интерсекторлықты талап ететін қозғалыстың керемет мысалы. Екеуі гомосексуал, тектері африкалық үш әйел құрған BLM ешқашан қаранәсілді американдықтардың бір ғана тобының күресін жақтаушы болған емес. Полицияның қатыгездігін тоқтату үшін күрескен қозғалыстардың назарында қаранәсілді гетеросексуалдардың болуы тарихи қалыптасты, осыған қарамастан, сыншылар қаранәсілді гетеросексуалдардың осы қозғалыс аясында өздеріне тым көп тағы назар аудартып отыр деп көрсетеді, шындығында бұл қозғалысты құрушылардың мақсатына сай емес. Оның орнына осы қаранәсілді гетеросексуал ерлер мен жасөспірімдерді жұмылдырған ондаған жылдарға созылған біздегі ұйымдасу жадыны сипаттайды дер едім. Біз Оскар Грантты қалай жоқтауды білеміз, осы жағдай Филандо Кастильиді жоқтаудың жолын көрсетті. Амаду Диаллоның қалай қайғырғаны есімізде, сондықтан Альфред Оланго

>>

сияқты қайғыра аламыз. Қанаудың осы қызыл сызығы (нәсілдік ержүректілік) бізге жауапкершілік, іс-әрекет туралы әңгімелерімізде дәл шекараны ұстануға мүмкіндік бере алады; «кісі өлтірген полицейлерді қамауға алу» сияқты салыстырмалы түрде қарапайым өзгерістерді талап ету. Қаранәсілді біртүрлі адамдар мен әйелдерді біріктірген кезде, әдеттегі үлгіге сәйкес келмейтін қосымша нюанстарға тап боламыз, сондықтан тарихымызда тіпті айтылмай келген әңгімені бастаймыз. Бұл #SayHerName сияқты әлеуметтік желілерде сананы арттыру мақсатындағы әрекеттер пайда болғанда, шындығына келгенде зиянның таралуы, маңызы мен оны дұрыстауды талқылауда белгілі бір бекітілген құрылым жоқ. Қаранәсілді әйелдер мен гомосексуалдарға қарсы зорлықтың басым бөлігі мемлекеттік күштеу мен полицияның өзара бірігуімен қатар, әлсіз (қауымдық) қатынастардың нәтижесі. Дегенмен, тап осы интерсекторлық көрініс бізге мақсатты өзгерісті ғана емес, өзгертетін өзгерісті болжауға мүмкіндік береді. Кимберли Креншоу теориясының аса маңызды үлесі: неғұрлым маргиналданғандардың қажеттіліктерін елестете және біріктіре алсақ, солғұрлым кешенді шараларды жүзеге асырамыз.

М.А.: Полицияны қауіпсіз ету туралы пікірталас көп. BLM қылмыстық кодексті реформалаудың қажеттігі мәселесін қалай көтерді?

С.М.: Әлеуметтік өзгерістер туралы ұсыныстар сол дискурсты жағдайға жиі ұрынады: көбіне жағымсыз ұстанымдарға назар аударылады. Осы жағдайда «тартып алу», болмау немесе жағымсыз өзгеріс деп аталатынға оңай жүгінуге тура келеді, себебі ол құлаққа тым түрпідей тиеді, үрей туғызады. Бір жағынан, позитивті саясат – жасампаз саясат – таңқалдыруы мүмкін. «Полицияны қауіпсіз ету» үндеуінің зор маңызы бар; ол үш сөзден тұратын ұранға сыйғызылған терең әрі астарлы ұсыныс. Бұл жерде талап полицияны қауіпсіз ету – біздің қауымдастықтарды қолдау дегенді білдіреді; әлбетте, бұл – негативті әрі позитивті де талап. Мен мұны құндылық мағынасында емес, дегенмен болу және болмау, бас тарту және жасау мағынасында айтып отырмын. Көп жағдайда бұл әлеуметтанушылар үшін қызығушылық туғызатын өзекті мәселе болуы тиіс, себебі американдық әлеуметтанудың атасы У.Дюбуаның 1935 жылы демократиядан бас тарту қағидатына негізделген. Дюбуаның теориясына сәйкес, жасампаздық әрекетін интеграцияламай, біз прогресшіл, аболиционистік өзгерістерге қол жеткізе алмаймыз. Өзіміздің уақытымызды, күш-қайратымызды және ресурстарымызды күштеудің карцерлік институттары мен құрылымдарын ауыстыратын «өміршең институттарды» (Рут Уилсон Гилмор) құруға жұмсауымыз керек. Бұл – нәтижесінде вакуумға алып келмейтіндей, «бірдеңеден арылуға» жетелейтін жалғыз әдіс; карцералдық пен тұзаққа түсудің жаңа мүмкіндігі. BLM осы қажеттілікті қалай көтерді? Әлеуметтік қозғалыстардағы көшбасшыларымыз қажетсіз қадамды ғана емес, жүзеге асуы тиістіні де айқындап бере алды.

М.А.: BLM-нің БАҚ-тағы бейнесі нәсілдік әділеттілікті ұйымдастыруға қалайша ықпал етті?

С.М.: Бір қызығы, ақнәсілді ұлттшылдар саясаты ашық болған Трамп дәуірінде БАҚ-та қаранәсілділер наразылығы анағұрлым асқан ізгілікпен баяндалды деп санаймын. Негізгі бұқаралық ақпарат құралдары қаранәсілділердің өмірі мен өліміне қатысты саясаттың жаңғырған қаупі туралы - Ахилле Мбембе жылдам жаңалық деп атаған - беллетрикалық баянды ұсынды. Қаранәсілділер мен нативистікке қарсы мемлекеттік күштеудің үздіксіздігіне қарамастан, бұрынғы «негізсіз» талаптар аяқастынан ақылға сыйымды болып шыға келді. The Economies of Queer Inclusion [«Квир-инклюзияның экономикасы»] деген кітабымды дайындағанда мәселені терең түсінуге ерекше ұсыныс жасамай-ақ БАҚ назарын қаржылай қолдау ағынына аударуды қамтамасыз ету мүмкіндігін зерттедім. Бейне неғұрлым сенсациялық және жарқын болса, солғұрлым көп қолдауға ие. Алайда, қолдау негізінен үстіртін, ал уақыт өте келе қызығу бәсеңдейді. Нәтижесінде БАҚ-та жариялау кейінірек драмалық және уақытша қаржылық үзіліс алатын célèbre себебін жасағаны үшін жауапкершілік жүктейді! Көмек көрсетуші көптеген жеке тұлғалар мен қорлар өз келбетін бәрінен де мықты жақсартатын қайырымдылық шараларының мүмкіндіктерін қолданады. БАҚ мәдени құндылық пен өзектілік сезімін қалыптастырады. Жұмысымда бұл Угандадағы гомосексуализммен күрес туралы Заң жобасы болды және шынына келсек, осы қаржы ағындарының күтілмеген өзіндік нәтижелері бар.

Нәсілдік әділеттілік ұйымының директорлар кеңесі мүшесі болғандықтан, BLM нәсілдік әділеттілік саласындағы бастаманың осы жазда «күшінде» болғанын білдіреді деп айта аламын және біз, адамдар саяси дағдарыс деп санайтын кездегідей, қаржылық игілікті көз алдымызға елестете де алмаймыз.

М.А.: BLM-нің прогресшілдігі сайлау мен негізгі партиялардың саясатына ықпал етті ме?

С.М.: Негізінен сайлау науқанының шетіне ығыстырылғанына қарамастан, қаранәсілді прогрессизм біздегі өзекті саяси оқиғаларға ықпал етеді. Тарихи мысал ретінде 1960-жылдары саяси орталыққа айналған және 1975 жылы мемлекеттік мектептерге де кеңінен енгізілген Black Panther Party-дың тегін таңғы ас Бағдарламасын келтіруімізге болады. Биыл осындай құбылысты қаранәсілді белсенділер құлдық үшін төлемақыны төрт демократиялық социалистік бастамадан, яғни жалпыға ортақ денсаулық сақтау; мектеп қарыздарын жою; мемлекеттік университеттердің қолжетімдігі мен қоғамдық ресурстарға (балабақша, мемлекеттік мектептер, денсаулықты түзету мекемелері және т.б.) инвестиция салу үшін әскери және полицейлік функциядан бас тартудан жоғары қоятын президентті сайлауға тырысқан кезде бақыладық. Қаранәсілді прогрессизм тағы да өзі қалағанындай емес, президенттік алдын-ала пікірталастар кезінде африкалық тектес американдықтарға құлдық үшін өтемақы төлеу мүмкіндіктері туралы тыңдағысы да келмеген Демократиялық партияның жалғыз мүшесін, яғни солшыл нәтиже алғанын көріп отырмыз. Соған қарамастан, қаранәсілділердің саяси ұйымдасуы мен пайымдары арқылы

>>

Нью-Йорк штаты, Бруклин, Grand Army Plaza алаңындағы кариб бассейні елдері өкілдерінің Black Lives Matter митингісі, 2020 жылдың 14 маусымы, жексенбі. Суретті түсірген: Маргарет Абрахам.

тарих бізге елдің халқы қаранәсілділердің прогресшіл талаптарының «жүртынан» пайда тауып отырғанын көрсетіп берді.

М.А.: Әлеуметтанушылар әлеуметтанудағы ойлау мен әрекетімізге тың ұсыныс енгізуде. Black Lives саясаты мен белсенділігіне көзқарасыңызға қай әлеуметтанушы ықпал етті?

С.М.: Әлеуметтанушылар мен циклдік ен салу, бақылау және жазалаудың бұл құрылымдарынан құтқару үшін осы сыни ұйымдарда тамырланған ғалым-белсенділер «тоталдық институтты» сынағалы біраз болды. Менің өлім жазасынан бас тарту туралы академияда қазір дайындап жатқан кітабымда осы ғалымдардың барлығы аболиционистердің тілі мен идентификациясын қабылдаған. Егер мен алдымен Мариаме Кабаның жұмысын айтпасам, қателесер едім. Ол аболиционистік ой мен тәжірибенің негізгі зерттеушісі және әлеуметтанудағы деңгейі жоғары. Жоғары оқу орындарындағы әлеуметтанушылар еңбегі хақында айту – бір басқа да, әлеуметтанушылардың жұмысын нақты тәжірибеде көру – бір басқа. Каба Black Lives Matter Chicago және Black Youth Project 100 қосқанда Movement 4 Black Lives сияқты көптеген ұйымдар траекториясына ықпал ете алды.

Академиядағы менің көзқарасым мен жұмысыма ықпал етуші беделді ғалымдар арасында INCITE! Құрушы-мүшесі Бет Ричи, Creative Interventions негізін қалаушы Мими Ким және біздің ғылымдағы мүгедектік пен есуастықты белсенділікпен біріктіруге мәжбүр ететін Лиат Бен-Моше бар. Карцерализмді түбегейлі жою үшін интеллектуал инновациялар мен белсенді тәжірибенің алдыңғы шебінде шындығында осы үш әйел тұр деп есептеймін. АҚШ-тан тыс Германиядағы Ванесса Эйлин Томпсон мен Угандадағы Сильвия Тамаленің жұмыстары шабыттандырады. Томпсон белсенділер мен қоғамдық ұйымдастырушылардың Германия мен Франциядағы қаранәсілділерге және иммигранттарға қатысты мемлекеттік күштеуді жоюға қолданатын наразылық технологияларын түсіндіреді. Феминист белсенді және зерттеуші Тамале ондаған жылын күштеу мәдениетін өзгерту үшін әртүрлі қоғамдық ұйымдарды тарта отырып, гендерлік және сексуалдық әділеттілікті насихаттауға арнады.

Хаттарды <sm.rodriguez@hofstra.edu> немесе www.smrodriguez.com жолдауға болады.

> Құрама Штаттарды не істейміз?

Питер Эванс, Калифорния университеті, Беркли, АҚШ, ХӘҚ экономика мен қоғам (ЗК02), Еңбек қатынастары (ЗК44) және әлеуметтік таптар мен әлеуметтік қозғалыстар (ЗК47) зерттеу комитетінің мүшесі



АҚШ-тағы соңғы төрт жылдағы саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуды талдай отырып, болашақты және болашақта қол жеткізер мүмкіндіктерді де ойлау қажет. Ұсынған: Creative Commons.

Жиырмасыншы ғасырдың ортасынан бастап Құрама Штаттар капитализмнің жаһандық эволюциясының символына айналды. АҚШ әлі де капитализмнің жаһандық эволюциясының жаршысы ма? Егер олай болса, американдық капитализм жиырмасыншы ғасырдағы өз жұмысшы табы үшін игілік стандарттарын қамтамасыз ете алмауы және осы сәтсіздіктің нәтижесі әлемнің барлық азаматтарына зардабын тигізеді.

АҚШ-тың 21 ғасырға жанталаса енуінің негізі мен нәтижесін тәптіштеу – аналитикалық міндет. Осы міндетті орындауға бағытталған бес маңызды қадам баяндалады. Олар – АҚШ-тың тығырыққа тірелген ахуалын өзгерту мәселесін зерттеуші американдық саяси экономияның нақты салаларына үңілген қысқаша талдау. Аталмыш топтама бәрін қамтитын шолу емес екеніне қарамастан, соңғы онжылдық басталғанда Құрама Штаттарда (немесе оның маңында) тұратындар үшін қызықты болуы ықтимал пікірталастардың жемісті бастауын ұсынатын өткір және даулы идея.

Габор Шейринг пікірталасымызды колледж бітірмеген ақнәсілді жұмысшылар арасында өмір сүру деңгейінің төмендеуі-өлім деңгейінің артуы салдарынан «шарасыз ажал құшу» көрсеткіштерінің жақын арада мойындалғанынан бастайды. Жұмысшы табы қауымдастықтарының да өмір сүру құралдарын нарықтың талқандауы шарасыздықтан құрдымға итермелегендіктен, жұмысшы табының саяси наразылығы нағыз оңшыл-популистік саясатты қолдауға бағытталды.

Шарасыздықтан ажал Кристофер Мюллер мен Суреша Найду үшін де бүкпесіз белгі, алайда, Мюллер мен Найду қорытындысы «сенім қағаздарының негізінде қабылдамау мен қанаудан туған әлеуметтік бөлініс» және осы қабылдамаудан туған саяси шыңырауды көрсетеді. Шығындарды анағұрлым азайту арқылы колледждің дипломына қолжетімділікті арттыру осы алшақтықты еңсеруге көмектесуі мүмкін, дегенмен өзара сенім арқылы тиімді бірлестіктерді құру одан да маңызды деп санайды. Мюллер/Найду талдауы, мысалы, мәртебелі саналатын топ мүшелері өз өкілеттіктерін кәсіподақ сияқты «жұмысшы табына есеп беретін ұйымдарға» қызмет етуге бағыттауы тиіс деп бірлестікті құру жауапкершілігін көзі ашық солшылдарға жүктейді.

Пат Завелла жұмысшы табы әлемінің талқандалуынан кедей және түсті әйел-мигрантардың беріспес күресіне көшеді. Шейрингтің мемлекет неолиберал капитализмнің деструкциялық бағдарламасының негізгі қатысушысы деген дәйектерінен айырмашылығы – осы әйелдер мен олардың

>>

отбасылары өміріне төнген басты қауіп - мемлекеттің репродукциялық құқықты белсенді шектеуі. Көрінбес капиталдың емес, мемлекеттің басты дұшпан ретінде болуының өзі қарсылықты ұйымдастыруға мұрындық болады. Завелла репродукциялық әділеттілік үшін күрестің мәні консервативті күн тәртібіне қарсыласа отырып, бірнеше тамаша жеңіске жеткен және Байден әкімшілігіне қарсыласуда да азуын көрсете алатын түсті әйелдер басқаратын қоғамдық қозғалыстарға кеңінен қатысу деп түсінеді.

Көміртексіз болашаққа көшу көбіне технократиялық мәселе деп қарастырылады, алайда, Мицзинь Ча мақаласы табыс кілті - жұмысшы табы ұйымдары мен түстілер қауымдастықтарын біріктіретін инклюзивті ұйым екенін көрсетеді. Климаттық әділеттілік үшін күрес «ластауды қысқартатын сапалы жұмыс орындарын жасаумен тығыз байланыстыратын» және ластаушы табиғи отыннан негізгі зардап шегуші түстілердің қауымдастықтарын біріктіретін коалицияны құруды талап етеді. «Ластаушы қалдықтарды тастауды қысқарту мәселесін экономикалық және әлеуметтік шешімдерден бөлу» стратегиялары әділетсіз ғана емес, сонымен бірге табиғи отын көздерін жақтаушыларға қарсы неғұрлым ірі саяси коалициялардың құрылуына ешқашан жол бермейді.

Бесеуінің соңғысы Маркус Хантер жазған мақалада мәселенің терең тарихи мәні мен оны шешудің жалпы бағыты үндестік тапқан. Американдық капитализмнің қалыптасуы мен өмір сүруіндегі құлдықтың шешуші рөлін көрсете отырып, ол нәсілдік капитализмнің 400 жылында тамырланған нәсілшіл әлеуметтік, мәдени және экономикалық теңсіздікті түзеуге қажетті шаралардың ауқымын атап өтеді. Хантер жақтап отырған репарациялардың санқырлы бағдарламасы жәй теориялық қағида емес. Ол Ақиқатты, Нәсілдік сауығуды және Өзгерістерді орнықтыру бойынша ұлттық комиссияларды құру туралы заң (TRHT) сияқты аса нақты және ерекше ұсыныстардан басталады.

Пәндік аясы және аналитикалық перспективасы мүлде бірі-біріне ұқсамайтын осы бес мақала шындығында, диагностика тұрғысынан да, сонымен қатар алға жылжудың бағыттарын айқындау тұрғысынан да АҚШ-ты мазалайтын ортақ тақырыптарды қамтиды.

Осы сарапшылар үшін Трамп саясатының нәтижесі тығырыққа тірегені дау туғызбайды. 2021 жылдың қаңтарындағы Капитолийге шабуыл Трамптың ақнәсілді жұмысшы табы ызасын бағыттай алатын қабілетін ғана көрсетіп қойған жоқ, сондай-ақ АҚШ-тың дисфункциясы салдарынан пайда болған саяси қазанның қақпағын да жұлып алды. Ондаған жылдар бойы жұмысшы табының өміріне неолибералдандыру, трампизм алып келген хаосты тоқтатпаса, осындай, бірақ бұдан да жойқын саяси қозғалыстардың бастауы болуы ықтимал деген тұжырымды Шейринг қаңтардағы шабуылдан біраз уақыт бұрын жазылған мақаласында жасаған еді.

Осы жерде көтерілген мәселелерді COVID екпесі де, жаңа президент те шеше алмайды. Осы авторлар ұсынған стратегиялардың басты мақсаты – 21- ғасырдағы АҚШ-тың дисфункциясының құрылымдық тамыры және Вашингтонда жаңа ұлттық әкімшілік келгеніне қарамастан, ол солай болып қалмақ. Завелланың ойынша, Байденнің Ақ Үйге келуі «Болашақтың – күрес» екенін өзгерте алмайды. Чаның пайымдауынша, Байден-Харрис әкімшілігі тұсында «Жаңа жасыл курс» сияқты мобилизация мүмкіндігі неғайбыл.

Құрама Штаттардың болашағына осылайша алаңдағандар топтамасына жеңіл қарауға болмас. Авторлардың ешқайсысы өздері ұсынып отырған шешімдердің қабылдануына сөзсіз ықпал ететін құрылымдық себептер бар деген тұжырым жасамайды. АҚШ-тың экономикасы мен саясатының құлдырауына қарсылық көрсету үшін мықты саяси күштер бірігуде дегенді ешқайсысы айтып отырған жоқ. Өзін жұбатқысы келгендер қармайтындай, оптимистік телеологияның үміт отын жағар бір сабағы да жоқ.

Сонымен бірге бұл жерде ажал әулиесі де жоқ. Талдау тек диагностикалық ғана емес. Ол – өзгерістерге көмектесетін мүмкіндіктердің назар аударарлық жиынтығы. АҚШ-тың терең құрылымдық мәселесі нәсілдікке ынта қойған Хантер, «ақиқатты мойындау мен анықтау және нәсілдік сауығуға едәуір қол жеткізу жаңғырған Американы ашуға мүмкіндік бере алады» деген оптимистірек пікір айтады. Әрбір мақала прогресшіл өзгерістерге ықпал ете алатын саяси агенттер тобын анықтайды. Ұлттық саясатты болашағы бұлыңғыр алаң ретінде қарастыра отырып, олар шағын көлемдегі нақты мүмкіндіктерге назар аударады. Ча, әсіресе жұмысшы табы ұйымдары қатысатын мемлекеттік деңгейдегі климаттық әділеттілік бойынша табысты коалицияларды көрсетеді. Завелла прогресшіл күш-қуаттың маңызды өзегі ретінде тікелей гендерлік, нәсілдік және таптық коалицияға көңіл бөледі. Мюллер мен Найду үшін шешуші сәт – сауатты солшылдардың жұмысшы табы ұйымын құруға көмектесуге және қолдауға дайындығы. Шейринг тіпті әлеуметтанушылар да «шарасыздықтан ажал құшу мен экономикалық дағдарысты байланыстыратын күрделі сабақтастық» пен шарасыздықты регресшіл саясатпен жалғайтын тетіктердің картасын жасай отырып, өз рөлін атқаруы тиіс деген тұжырым жасайды.

Бір-біріне ұқсамайтын алаңдарды мұқият зерттей отырып, авторлар бір алаңдағы жеңістің басқа алаңдардағы алға жылжудың мүмкіндіктерін арттыратындай қиылысқан акторлар жиынтығын анықтайды. Осылайша, аталмыш жиынтық – әрекеттер жоспарының қызықтыратын, қиылыста орналасқан топтамасы. Іске асуы тиіс жоспар емес, «іске асуы мүмкіннің» базбір кескінінің кейбір топтамасы. ■

Хаттарды Питер Эвансқа <pevans@berkeley.edu> жолдауға болады.

> Шарасыздықтан ажал құшу және демократияның өміршеңдігі:

әлеуметтану үндеуі

Габор Шейринг, Bocconi University, Италия, Экономика және қоғам (ЗК02), Әлеуметтік трансформациялар мен даму әлеуметтануы (ЗК09), Денсаулық әлеуметтануы (ЗК15) және Саяси әлеуметтану (ЗК18) бойынша ХӘҚ зерттеу комитеттерінің мүшесі.

Жаңа мыңжылдық басталғаннан бері орта жастағы американдықтардың өлім деңгейі көрсеткіші артуда. Өлім-жітімнің осы толқынының үш негізгі себебі «шарасыздықтан ажал құшу» деп аталатын өзін-өзі өлтіру, есірткіні шектен тыс қолдану және алкоголды қолданумен байланысты. Ұсынған: Creative Commons.

Коронавирус пандемиясы популизмнің өсу қарқыны мен 2020 жылы АҚШ президентінің сайлауында Джо Байденнің жеңіске жетуіне себеп болған саяси құрылымдағы қысымның уақытша бәсеңдеуіне алып келді. Алайда, Дональд Трамптың саяси мұрасы әлі күнге дейін өз жалғасын табуда. Трампизм және жалпы ұлттық популизм – заманауи капитализмнің экзистенциялық дағдарысының

>>

көрінісі. Егер Байденнің әкімшілігі қалыптасқан әлеуметтік шиеленістер мен экономикалық дағдарысты тез арада жоймаса, бұл екінші ұлттық популизм толқыны мен Трампизмнің одан да қатаң көрінісіне ұшыратуы мүмкін. Бұл тұрғыда әлеуметтану саясатқа өз көмегін тигізе алады.

Популизм элита тобына жатпайтын адамдар мен тікелей байланыс орнатуға және оларды элитаға қарсы қолдануға талпынатын саяси көшбасшылық тәсілі ретінде бірнеше сипатқа ие болуы мүмкін. Кейде популизм қоғамда қалыптасқан артықшылықты топтардан арылуға бағытталған қайта бөлу бағдарламаларын алға тартады. Басқа жағдайларда, керісінше, популизм адамдардың мүдделерін алдамшы тұрғыда қорғай отырып, «элитаның» экономикалық мүдделерімен күресудің орнына олардың қызығушылықтарын алға тартатын реакциялық, регресшіл бағдарламаларды ұсынады. Қазіргі популистік толқын екінші санатқа жатады: популизмнің реакциялық, оңшыл түрі. Мақалада популизмнің осы түрі қарастырылатын болады.

Саясаттанушылар қазіргі популистік толқынды талдауда ең кең тараған ғылыми нарративтерді қолданады. Олардың мықты жағы сайлаушылардың көңіл-күйі мен саясаткерлердің маневрлерін талдауда жатыр. Саяси тактика – қалыптасқан либералдық демократияның нормалары мен институттарын бұзу популизмді түсіну үшін өте маңызды екені анық болса да, популист саясаткерлер әлеуметтік вакуумда әрекет етпейді. Басқалардың пайымдауынша, популизмге деген саяси сұраныс либералдық емес мәдени ұстанымдармен байланысын түсіндіреді. Алайда, популизм – ол тек нәсілшілдік емес. Популист сайлаушыларды нәсілшілдер деп танымау либералдардың жұмысшылар қауымдастықтарындағы партия құрылымдарын елемеуіне себеп болады, бұл – аса қауіпті саяси қателік.

Саясаттанудан айырмашылығы әлеуметтану осы уақытқа дейін популизмді талдауда тек қосалқы рөлді атқарды. Әлеуметтанушылар экономикалық өзгерістер – жаһандану, деиндустриализация және қызмет көрсету саласында интеллектуалдық қызмет түрлерінің көбеюі дәстүрлі сайлау коалициясының құрылымын өзгерткендігіне назар аударды. Аталмыш өзгерістер социал-демократиялық партиялардың сайлау базасының құлдырауы мен жұмысшы табындағы сайлаушылардың оңшыл бағытқа қарай жылжуына алып келді. Соңғы мысалдар әлеуметтік және экономикалық саясатта бұрын солшылдардың оңшыл бағытқа қарай жылжуы оңшыл популистердің жеңіске жетуіне көмектесетіндігін көрсетті. Сапалы әдіспен жұмыс жасайтын әлеуметтанушылар мен этнографтар осы мысалдарды талдай отырып, шок терапиясы нәтижесінде орын алған әлеуметтік дезинтеграция мен ондаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан неолибералданудың күнделікті өмір мен жұмысшы қауымдастықтарға тигізген нұқсаны жұмысшылардың таптық идентификациясының құлдырауы мен экономикалық наразылықтың астарындағы ұлтшылдықтың өршуіне жол ашқанын атап көрсетті.

Бірақ, осы уақытқа дейін капитализмнің экзистенциялық дағдарысының бір ерекше белгісі әлеуметтанушылар көпшілігінің назарынан тыс қалды: деиндустрияландырылған «Тот басқан белбеу» аймақтарындағы жұмысшылардың өмір сүру жасының қысқаруы және денсаулық теңсіздігінің тереңдеуі. АҚШ – осы «шарасыздықтан ажал құшу» эпидемиясының ең таңқаларлық мысалы, бірақ Ұлыбритания және постсоциалистік Шығыс Еуропа сияқты әлемнің басқа бөліктерінде жұмысшы табы арасындағы өлімнің қатар өсуі және денсаулыққа қатысты диспропорцияның жоғары деңгейі байқалды.

XX ғасырдың басым бөлігінде АҚШ пен Еуропада өмір сүру ұзақтығы артып келді, бұл – денсаулық сақтау, әлеуметтік әл-ауқат және экономикалық өсу саласындағы жетістіктердің артықшылықтарының негізгі белгісі. Алайда, бүгінгі күні әлемдегі ең қуатты экономика американдық өсу моделінің тиімділігіне түбегейлі күмән туғызатын мүлде басқа ахуалды бастан өткізуде. Орта жастағы ақнәсілді американдықтардың өлімі мыңжылдықтың басынан бері өсуде. Қаранәсілді жұмысшылар осындай денсаулық дағдарысын отыз жыл бұрын зауыттардың жаппай жабылуының алғашқы толқынының қалалық қауымдастықтарға үлкен зиян келтірген кезде бастан кешірген. Принстон университетінің экономистері Энн Кейс және Ангус Дитон өз еңбектерінде шарасыздықтан ажал құшу 2017 жылда 158 000 американдықтың өліміне алып келгендігін атап көрсетті, бұл көрсеткіш жыл бойы күн сайын адам толы Боинг-737 ұшағының аспаннан құлағандағы өлім көрсеткішіне тең.

Осы толқындағы өлімнің негізгі үш себебі – өзін-өзіне қол жұмсау, есірткі және алкоголизм. Кейс пен Дитон дәл осыны «шарасыздықтан ажал құшу» деп атады. Олар адамдардың өз болашағына деген көзқарасын және өмірін қалай бағалайтындығын көрсетеді. Қоғамдағы шарасыздықтан болатын ажал-құшу біркелкі таралған емес. Шарасыздықтан ажал құшқандардың көбеюі жоғары білімі жоқ жұмысшылармен шектеледі. Бұл ретте американдық жұмысшы табының әлеуметтік орналасуы – маңызды фактор.

Тұрақты жұмыс орындарынан айырылу жұмысшы қауымдастығын күрт өзгертті және жұмысшы табы мәдениетінің құлдырауына итермеледі. Өндеуші өнеркәсібі мен қызмет көрсету саласындағы жаңа жұмыс орындары әдетте тұрақсыз сипатқа ие: жұмыс орындарының уақытша болуы, бір күндік жұмыс келісімшарты және өзін-өзі қамтуға айналған жұмыс орындары. Қатыгез корпоративтік стратегия, үйлестіруші ұйымдасқан биліктің болмауы және капиталға тізе бүккен мемлекет – осы трансформацияның негізгі элементтері. Бұрын жұмысшы табы ақсүйектерінің аймақтық тірегі ретінде саналған қалалар бүгінгі күні әлеуметтік, экономикалық және денсаулық мәселелері шоғырланған қалаларға – шарасыздық нүктесіне айналды. Американдық «тот басқан белбеу» аймағының деиндустрияландырылуы жұмысшы табының ыдырауы

>>

мен ауыр психоәлеуметтік күйзеліс пен үмітсіздіктің өршуін тудырды. Бұл жағдай – уақыт өте келе денсаулықтың басқа проблемалары мен тәуелділіктеріне ұласатын эмоциялық және психикалық ауытқуға қолайлы негіз.

Біз шарасыздықтан ажал құшу туралы жаңашыл зерттеу ұсынғанымызға қарамастан, экономиканың пәндік шектеулері Кейс пен Дитонның талдауын күрделендіреді. Деиндустрияландырудың қолайсыз әлеуметтік салдары туралы алғашқы әлеуметтанулық әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, авторлар денсаулық теңсіздігінің негізгі себебі ретінде экономикалық күйзелістердің басты рөлін атап өтеді. Дегенмен, бұл тетіктердің күрделілігін ашып, қажетті теориялық және саяси тұжырымдар жасаудың орнына, Кейс пен Дитон американдық тәжірибенің бірегейлігін атап өтіп, өз еңбектерін фармацевтикалық дәрі-дәрмектермен «шынайы еркін және бәсекеге қабілетті нарықтарды» тиімді реттеу қажеттілігін жақтайтын тұжырымдармен аяқтады.

АҚШ-тағы өмір сүру ұзақтығының төмендеуіне дейін Шығыс Еуропада салыстырмалы түрде өлім-жітім деңгейі бейбіт уақытпен салыстырғанда, бұрын-соңды болмаған ауқымда болды. Тек Ресейдің өзінде 1990-1999 жылдары 3,26 миллион адам қайтыс болды. Постсоциалистік өлім дағдарысы – докторлық диссертациямның тақырыбы және одан кейінгі бірнеше журналдардағы мақалалар Шығыс Еуропадағы өнеркәсіп пен жұмыс пен қамту құрылымын өзгерткен жедел қайта құрумен де байланысты болды. Венгриядағы постсоциалистік өлім дағдарысы кезіндегі артық ерлер өлімінің үштен бір бөлігі деиндустрияландыру процесімен байланысты болуы мүмкін, ал трансұлттық корпорациялардың экономикалық тиімділігі денсаулықтың жақсаруына ықпал еткен жоқ. Ресейден алынған осыған ұқсас деректерде индустрияландыру мен жаппай жекешелендіру нәтижесінде туындаған экономикалық күйзелістердің жағымсыз психоәлеуметтік салдарын растайды. Алайда, 1990-шы жылдардың екінші жартысынан бастап Шығыс Еуропада өмір сүру ұзақтығы қайтадан өсе бастады. Керісінше, Американдағы ақнәсілді жұмысшы табының өмір сүру ұзақтығы жиырма жыл бойы төмендеп келеді.

Халық денсаулығы мен демократия саулығы өзара байланысты. Үмітсіздік дертіне шалдыққан аймақтардың тұрғындары және тұрақсыздық пен әлеуметтік мобилдіктің төмен перспективасына тап болған жұмысшылар популистік көтерілісшілерді қолдауға бейім. Мысал ретінде Трамптың АҚШ-тың денсаулығы нашар аймақтарында танымал болуы, Ұлыбританияның өмір сүруге ең қолайсыз қалаларында Брекситті жақтаушылардың көп болуы және Италияның деиндустрияландырылған қалаларындағы жұмысшылар арасында Lega Nord-тың өсіп келе жатқан танымалдығын келтіруге болады.

Бірақ, өз сайлаушыларына жақсы өмір мен «бұрынғы тәртіпті қайта орнатуды» уәде етуші саяси көшбасшылар тек осы адамдардың үмітін пайдаланумен айналысады. Элита – Трамп пен «Борис Брексит» ұсынған неолиберализмнің ұлттық популистік көрінісінің негізгі бенефициары. Теңсіздік ұзақ мерзімді перспективада экономикалық дамуға нұқсан келтірсе, популистер ұсынатын қайта бөлу бағдарламалары қысқа мерзімде экономиканы жақсарта алады. Осылайша, национал-популистер ұлттық буржуазияның, шетелдік инвесторлардың және жоғарғы орта таптың қолдауына жүгіне алады.

Популистер – бүгінгі көптеген дағдарыстардың түпкі себебі емес. Олар жетілмеген экономикалық құрылымдар тудырған дағдарыстардың барлық құрылымдық мүмкіндіктерін пайдаланып қалуға тырысатын ессіз саяси кәсіпкерлер. Әлеуметтанудың осы терең экономикалық диспропорцияларды талдауда пайдаланылмаған зор әлеуеті бар, өйткені Жаһандық Диалог шеңберіндегі талдау әлеуметтанудың популизмді талдауда алатын артықшылықтарын көрсете алады.

Адамдардың үмітсіздіктен өлуіне де алып келетін қазіргі популистік ағым мен экономикалық күйзелістің негізгі себептерін жою үшін центристік және статус-кво саясаты жеткіліксіз. Демографиялық және демократиялық дағдарыстардың қазіргі конъюнктурасы терең өзгерістерді талап етеді. Әлеуметтанушылар әлеуметтік өлім мен өнеркәсіптік өзгерістердің әлеуметтік салдарын талдауда пәннің мүмкіндіктерін қолдана отырып, осы шешімдерді іздеуде маңызды рөл атқара алады. Экономистер мен саясаттанушыларды толықтыра отырып, әлеуметтанулық әдіс экономикалық күйзелістерді үмітсіздіктен болатын өліммен байланыстыратын күрделі себеп-салдарлық байланыстарды көрсете алады және популистік қолдауды күшейту үшін денсаулықтың нашарлығы саяси нысанға айналуының тетіктерін түсіндіре алады. Демократия саулығы мен азаматтардың денсаулығы бір-біріне тікелей тәуелді.

Хаттарды Габор Шейрингке <gabor@gaborscheiring.com> жолдауға болады.

Анықтама:
Case A and Deaton A (2020) *Deaths of Despair and the Future of Capitalism*. Princeton, NJ: Princeton University Press.

> Әлеуметтік капиталистер

Кристофер Мюллер, Калифорния университеті, Беркли, АҚШ; **Суреш Найду**, Колумбия университеті, АҚШ

Арбудың иллюстрациясы.

Байлық пен кедейліктің арасындағы үлкен теңсіздік жағдайында COVID-19 туғызған экономикалық құлдырау революциялық жағдай үшін керемет мүмкіндік болып көрінуі мүмкін. Әлеуметтік мобилизацияның механикалық, экономикалық детерминистік теорияларын қарастырайық: жоғары құрылымдық теңсіздік, сонымен қатар уақытша экономикалық күйзелістер және мемлекеттің әлсіз әлеуеті мемлекеттік дағдарыс пен режимнің өзгеруіне алып келуі қажет. Кем дегенде, мұндай теориялар Берни Сандерстің егер АҚШ-тағы жұмысшы табының басым бөлігі оның қайта бөлуге негізделген саяси платформасының айналасында топтасқан кезде үлкен жеңіске жетуін болжайтын еді.

Бірақ оның орнына біз мемлекеттің одан әрі тоқырауына итермелейтін саяси тығырықтың бар екендігін байқай аламыз. 2020 жылғы президенттік сайлау нәтижесінің салдарлары болашақта тек арта түседі. Дегенмен, жағдай бүкіл әлемдегі білім беру солшыл және тіпті, солшыл белсенділікке дауыс беруге ықпал ететін ең күшті факторлардың бірі болып қала беретіндігін көрсетеді. Пикеттидің оңшыл саудагері мен солшыл брахманның арасындағы алауыздықты қалай түсіне аламыз? Бұл саяси талдаудың материалистік тәсілінен бас тарту керек дегенді білдіре ме? Біз олай деп ойламаймыз. Бірақ, мүмкін, бұл әдіс есепке алу деректеріне негізделген алып тастау мен қанаудан туындайтын әлеуметтік бөліністерге сезімтал талдаумен толықтырылуды қажет ететін шығар.

Екі мәселені ескеру

Біріншіден, университеттер, кем дегенде, 1960-шы жылдардан бастап, солшыл идеяларды институттық қайта жаңғыртудың маңызды алаңдарының біріне айналды. Бұл фактінің консерваторларды ашуландыратындығы рас және біз климаттық апат пен пандемия жағдайында өмір сүріп жатқанда, университеттің біржақты саясатына байланысты олардың қаншасы түнде ұйықтай алмайтындығы қызықты. Алайда, бүгінгі таңда университеттердің мәдени индустрияның көп бөлігімен бірге демократиялық партизандардың қол астына өткендігі – ақиқат. Бұл ақиқатты қоғамды зерттейтін факультеттер сияқты ештеңе ашып көрсете алмайды: тіпті консерваторлық ғылым деп саналатын экономика профессорлары да 4:1 қатынасында демократияға бет алуда (әлеуметтану – 44:1). Центристік демократтар ғана емес, солшылдардың көпшілігі өз саясатын колледж қабырғаларында қалыптастырды.

Екіншіден, 1970-ші жылдардан бастап жоғары білімі жоқ адамдардың жағдайы абсолютті де, салыстырмалы түрде де нашарлай бастады. Колледждегі оқу ақысы 1970-ші жылдардың аяғынан 2000 жылға дейін тұрақты түрде артып келді. Бүгінгі күні студенттердің қарыз дағдарысы мен 2009 жылғы құлдырау жоғары білім алған жастардың ұрпағына қауіп төндірсе де, колледжді аяқтамаған адамдар үшін жағдай одан да ауыр болды, Кейс пен Дитонның мәліметтеріне сәйкес, осы жағдай жоғары білімі жоқ адамдар арасындағы өлімнің күрт өсуімен ерекшеленді. Тіпті жұмысшы табының ұйымы болып табылатын жеке меншік кәсіподақтар мүшелерінің басым бөлігі колледж түлектерімен толығуда, ал

>>

кәсіподақ қозғалыстары жалақысы төмен жұмысшылардың көпшілігінен аулақ жүруге тырысады.

Аталған екі мәселе әдетте бөлек талқыланады, бірақ оларды бірге талдау біз үшін пайдалы. Бұл жағдай университеттер түлектерін байлықтың жаһандық салығы немесе жаңа жасыл бағыт сияқты идеялардың дұрыстығына сендіруге көп талпынатындығын көрсетеді. Сонымен бірге олар біздің қоғамдағы сайлаушылардың басым бөлігі мен олардың арасындағы әлеуметтік, экономикалық және риторикалық алшақтықты одан әрі арттыруда.

Бұл оқшауландыру көпшілік коалиция құруға ұмтылған кез-келген қозғалысқа кедергі келтіреді. Солшылдардың жандануы негізгі бұқаралық ақпарат құралдарына бірнеше жыл бұрын маргиналды деп саналуы әбден мүмкін қоғамды қайта ұғудың қуатты идеяларын ұсыну арқылы онлайн-ашық алаңды жандандырды. Бірақ солшыл және центристік немесе тек солшылдардың онлайн-пікірталасы өте маңызды және қажет болып саналғанымен, бұл пікірталастар тек жоғары білімділердің арасында өтеді және пікірталас тақырыптарының басым бөлігі 1982 жылдан кейін туылған жоғары білімі жоқ адамдарға жат мәселелермен байланысты. Көбінесе тұрмыстық кеңістікте, шіркеулер мен қоғамдық орталықтарда ұйымдастырылған колледжді аяқтамаған түлектердің мәселесі мен қозғалысы саяси талаптарды қанағаттандыруға талпынатын жазушылар әлемімен байланысы аз.

Табыс пен байлық теңсіздігін төмендету жоғары білімділер мен жоғары білімі жоқтардың арасындағы экономикалық теңсіздікті қысқартуды қажет ететіні анық. Бірақ осымен қатар екі топтың арасындағы әлеуметтік алшақтықтың да қысқаруы – айқын болмаса да, маңыздырақ болуы мүмкін. Сондықтан бұл жердегі басты міндет – жоғары білімді солшылдар мен жоғары білімі жоқтарды бір әлеуметтік желіге біріктіру және осындай желілерді жұмысшы табының басшылығына есеп беретін ұйымдарға айналдыру. Бұны қалай жүзеге асыра аламыз?

Негізгі стратегиялардың бірі – университетте білім алуға деген қолжетімділікті кеңейту және жоғары білімге жұмсалатын қаржылық шығындарды да, жоғары білімнен түсетін жеке пайданы да азайту. Университеттің солшылдарға тигізетін пайдасы әскердің оңшылдарға әкелетін пайдасымен мәндес. Оңшылдар осы фактіні университетті қаржыландырудан бас тарту үшін пайдаланады. Біз бұл сылтауды барлығына колледжде ақысыз білім алуды, жоғары білім мен іргелі зерттеулерді үкімет тарапынан қаржыландыруды арттыру үшін пайдалануымыз қажет. Жоғары білімнің қайтарымы оның тапшылығына байланысты болғандықтан, бұл бакалавр дәрежесі бар және жоқ адамдар арасындағы экономикалық алшақтықты қысқартады. Бірақ колледжде білім алу ақысының азаюы білім алудың жаппай мәнге ие болу мәселесін бірден шеше қоймайды – әлі күнге дейін коллежде білім алғысы келмейтіндердің үлесі жоғары, ал бұл – білім беру теңсіздігі аясындағы коммуникативтік алауыздықтың сақталуына себеп.

Келесі стратегия – риториканы өзгерту: саясаты бізге жақын болып келетін адамдармен маңыздылығы төмен алауыздықтарды талқылауға аз көңіл бөліп, керісінше, көзқарастары біздікінен алшақ болып көрінетін адамдардың ұстанымдарының радикалды салдарын талқылауға көп көңіл аудару. Біздің идеяларымыз кең аудиторияға қол жетімді және қолайлы болуына ықпал ететіні сөзсіз. Сондай-ақ адамдарды қызмет пен қайырымдылыққа тартатын этика мен оларды саяси белсенділік пен қамқорлықтың кең салаларына шақыратын этика арасындағы байланысты көрсету маңызды. Бірақ идея, қаншалықты аса танымал болса да, бізге көп нәрсені бере алмайды. Адамдар идеяны ести алады, қабылдай алады, бірақ олар белгілі бір желілердің мүшесі болмағандықтан, олар идеялардың желі мүшелері арасында насихаттау мен оны тамырландыру мүмкіндігіне қол жеткізе алмайды. Сандерстің мессендждері қолжетімділік пен танымалдылықтан зардап шеккен жоқ, бірақ мессендждер тек имигранттар және жұмысшылардың мүшелікке негізделген желілерінде ғана тамыр жая алды.

Осылайша, алғашқы екі стратегия жұмысшы ұйымдарын құруға және оларды қолдауға көмектескен жағдайда ғана тиімді. Бұл талпыныста жоғары білімді солшылардың қандай да бір рөлі бар ма? Түлектер мен прекариаттанған академиктердің, сондай-ақ техникалық сала және БАҚ қызметкерлерінің кәсіподақтарын аша отырып, жұмыс қозғалысына интеграцияланған зиялы қауым фракцияларын құруға болады. Тағы бір идея – университеттен тыс жерде кәсіби қысым мен академиялық жәдігөйліктен тыс өмір сүретін кәсіподақтар мен басқа да ұйымдардан қолдау табатын «үй зиялыларының» шеңберін кеңейту. Бұрын мұндай зиялылардың жұмысы көбіне стратегиялық сипатта болса, болашақта ол техникалық сипатқа да ие болуы мүмкін. Кейбіреулер колледжде үйренген инженерлік құралдарды өз ұйымдарының заңды, техникалық және әкімшілік әлеуетін нығайту үшін қолдана алады. Басқалары қозғалыстарды ұйымдастыру үшін эксперименттік әлеуметтік ғылым құралдарын пайдалануы мүмкін. Осындай мысалдардың бірі – Массачусетс технологиялық институтының кедейлікпен күрес зертханасы. Мұндай жұмысты қозғалыс адвокатурасы үлгісінде жасауға болады, яғни жоғары білімді солшыл түлектердің біліксіздер басқаратын ұйымдарда қызмет етуі.

Мүмкін, осы үш стратегияның үйлесімі солшыл жоғары білімді түлектердің бойында таптық мүдделерден тыс құндылықтардың қалыптасуы үшін қажет болар: колледжде білім алуға деген қолжетімділікті арттыру үшін күресу, кең дискурстық мәселелерді қозғайтын (мүмкін, өзара құрметтілік нормаларын қалыптастыру арқылы) солшылдардың риторикасы мен мәдениетін өзгерту, жұмысшы американдықтарға есеп беруге бағытталған ұйымдарды иеленген қорлардан, үкіметтік және донорлық кеңістіктерден бас тарту. ■

Хаттарды Кристофер Мюллерге <cmuller@berkeley.edu>
және Сүреш Найдуға <suresh.naidu@gmail.com> жолдуға болады.

> АҚШ-тағы репродуктивтік әділеттіліктің

келешегі

Патрисия Завелла, Калифорния университеті, Санта-Круз, АҚШ

Трамп әкімшілігі кезінде абортқа тыйым салу және шектеуге қарсы АҚШ-тың бүкіл аумағын қамтыған көп наразылық шерудің бірі Ұсынған: flickr. Кейбір құқықтары қорғалған.

Әйелдердің репродуктивтік ғадетін бақылайтын және қадағалайтын репродуктивтік басқару саясаты Трамптың өз электоратын (әсіресе евангелистердің) абортқа қарсы риторикасымен жұбататын негізгі саясатқа айналды. Репродуктивтік әрекетке қарсы орынсыз шабуылдың мигранттарға қарсы шабуылмен ортақ саяси және идеологиялық өзегі болды. Трамп иммиграцияны АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігіне, экономикасына және сәйкестігіне қауіп төндіретін және «лайықсыз» иммиграцияға шектеулер қоятын саясат пен дискурстарды қолдайтын бұрын-соңды болмаған құқықтық зорлық-зомбылық бағдарламасын алға тартты.

Репродуктивтік саясат пен иммиграциялық саясатты байланыстырушы факт – қаранәсілді әйелдердің аталған екі саясаттың нысанасына айналуы. Трамптың коронавирустық пандемияны алдын-алудағы саяси қателіктері нәтижесінде болған өлім-жітімнің үлкен көрсеткіші аталған саясаттың логикасына сай. Қауіпті жағдайда жұмыс жасау мен лық толған баспаналарда өмір сүруден басқа амалы қалмаған мигранттар мен қаранәсілділер пандемия салдарларынан көп зардап шекті.

Репродуктивтік әділеттілікке қарсы бағытталған шабуылдың басты элементі әйелдердің репродуктивтік денсаулық қызметтеріне қолжетімділігін, соның ішінде профилактикалық күтім, контрацепциялық қорғану құралдарына, онкологиялық скрининг және босанғанға дейінгі көмекті қарастыратын «Қолжетімді медициналық көмек туралы» Заңның (ACA) күшін жоюға бағытталған саясат еді.

Трамп қолжетімді күтім туралы заңның күшін жоя алмаса да, оның әйелдердің репродуктивтік денсаулығын сақтау құқығын бұзуға бағытталған көптеген әрекеттері сәтті болды. Трамп әкімшілігі жетістіктерінің бірі – АҚШ-тағы және шетелдегі әлеуметтік жағдайы төмен 43 миллион әйелге медициналық көмек көрсететін бағдарлама – Title X-ты қаржыландырудан бас тарту, тәжірибеші дәрігерлерге ЛГБТК науқастарды кемсітуге рұқсат ететін тек ұстамдылыққа тиімді емес әдістермен үйрететін жасөспірімдер жүктілігінің алдын-алуды қаржыландыруды басқару және әйелдердің аборт жасатуына шектеу қоятын 200-ге жуық төменгі соттар мен Жоғарғы Соттың үш сотын тағайындауға мүмкіндік берді.

Трамп әкімшілігінің қаранәсілді мигранттарға қарсы бағытталған әрекеттері де – алаңдатарлық жетістік. Трамптың бұрын-соңды болмаған иммиграциялық шектеу бағдарламасы испандықтарды демонизациялау мен 400-ден астам саяси өзгерістерді қарастырды: мұсылман елдерінен шыққан адамдарға АҚШ-қа келуге тыйым салынды, босқындарды қабылдау саны 1980 жылдан бері ең төменгі көрсеткішке дейін қысқарды, он мемлекеттен шыққан 400 мың мигрант уақытша қорғаныс режимінен айырылды, АҚШ-та тұруға ықтиярхат пен азаматтықты алу рәсімі күрделенді, егер

>>

мигранттар ресми шекара пунктерін кесіп өтпеген болса, олар баспана сұрау құқығынан айырылды, енді зорлық-зомбылық (тұрмыстық немесе қарақшылық) фактісі баспана сұрауға негіз болмай қалды, баспана сұраушы Мексика тұрғындары саны қысқартылды, иммигранттарға көрсетілетін жеңілдіктер (соның ішінде азық-түлік талондары) алуды шектейтін ережелер енгізілді. Трамптың «нөлдік төзімділік» саясаты нәтижесінде мигранттардың мыңдаған баласы өз ата-анасынан бөлінді, қамауға алу жағдайлары енгізілді, бұл әсіресе, кәмелеттік жасқа толмағандар мен транс-мигранттарға қатысты немқұрайлық пен қатігездікті (оның ішінде өлімнің) тудырды, мигранттардың кейбір бөлігі депортацияланды, өз кезегінде, осы жағдай олардың коронавирус және өмірге қауіпті басқа да қауіп-қатерлерге ұшыруына итермеледі.

Табысы аз әйелдер үшін, атап айтқанда қаранәсілділер үшін, репродуктивтік әділеттілік пен иммигранттарға қарсы саясаттың үйлесуі ауыр зардаптарға әкелді. Бұл саясат АҚШ-тағы он әйелдің алтауы тұратын аборт жасау құқығына қарсы штаттардың құқықтық мүмкіндіктерін кеңейтті. Қаранәсілді және индигенді әйелдер арасында ана өлімінің өсуі –репродуктивтік әділеттілік саясаты салдарының ерекше жағымсыз көрсеткіші. Осы саясаттың нәтижесі заңсыз мигрант әйелдердің босанғанға дейінгі күтім немесе контрацепциялық құралдар сияқты негізгі медициналық қызметтерге, сондай-ақ азық-түлік талондары сияқты қоғамдық жеңілдіктерге жүгінуден қорқуына әкелді, ал ЛГБТ мүшелері медициналық мекемелерде әртүрлі кемсітуге тап болды.

Әйелдер, әсіресе қаранәсілділер, бұндай шабуылдарға қарсы қозғалыстарға шыға бастады. Олар Трамптың ең осал топтарға бағытталған көп қырлы бағдарламасына қарсы үгіт жүргізуді қолға алды. Көбінесе коалициялар арқылы жұмыс істейтін адам құқықтарын қорғауға бағытталған топтардың басым бөлігі бұл реакциялық саясатқа қарсы еді және қалпына келтіру, жыныстық және репродуктивтік денсаулықты, сондай-ақ әр адамның құқықтарын қорғау үшін прогресшіл заңды қабылдауды талап етті. Бұл науқандар Вашингтонда билік басына жаңа әкімшілік келген кезде де өз жалғасын табары сөзсіз. Олар Трампқа қарсы күрестің жігерлігін сақтай отырып, ұзақ уақытқа дейін жалғасып келе жатқан әділетсіздікті жою үшін Байденнің әкімшілігіне қысым көрсетуді жоспарлап отыр.

Жоғарғы сот төрешілерінің ACA заңының күшін жою мүмкін емес деген қорытындысын ескере отырып, Байден әкімшілігі заңдағы кейбір іліктерді түзеу бойынша жұмыс жасауы керек, соның ішінде контрацепциялық дәрі-дәрмектерді алуға деген кепілдік, дискриминацияның алдын-алу, ЛГБТ пациенттерді емдеуден бас тартуға мүмкіндік беретін ережелерді жою. Сонымен бірге Title X бағдарламасын қайтадан қалпына келтіру, соның ішінде қаржыландыруды ұлғайту, жасөспірімдердің жүктілігінің алдын-алу бағдарламаларынан бас тарту және ЛГБТ инклюзивтілігін ынталандыратын саясатты енгізу.

Байден әкімшілігі жасанды түсікке қарсы зорлық-зомбылықты айыптап, жасанды түсік пен оған деген қолжетімділік құқығына бейілдігін көрсетуі керек. Алдымен ол миллиондаған адамдарға жасанды түсік жасатуға арналған мемлекеттік медициналық сақтандыруға тыйым салатын Хайд түзетуінің рөлін күшейтетін қаулының күшін жоюдан бастау қажет. Байден Хайд түзетуінің күшін жоятын және Medicaid-ті кеңейтуге бағытталған заң жобасын қолдағаны абзал. Ол телемедицинаны кеңейтіп, тамақтануға және қауіпсіз медициналық түсік жасатуға арналған дәрі-дәрмектерге қатысты шектеуді қайта қарастыруы тиіс. Нәсілшілдікті қоғамдық денсаулық сақтау дағдарысы деп жариялау медициналық көмекке қолжетімділік пен салауатты өмір сүру және еңбек жағдайларына қатысты саясаттың жаңа реңкін қалыптастырады.

Иммиграция майданына тоқталатын болсақ, онда Байден Трамптың саясатын толық өзгерту туралы жоспарларын жариялады. Оның «Мигрант-балаларға қатысты кейінге қалдырылған шаралар» (DACA) бағдарламасын басқарған кубалық иммигрант Алехандро Майоркасты Ішкі қауіпсіздік департаментінің басшысы етіп тағайындауы және қамауда ұстау орталығының жабылуы құқықтық зорлық-зомбылық пен ксенофобияның жойылғанын білдіреді. Алайда, Байденнің Сессилия Муньозды өзінің өтпелі тобының басшысы ретінде тағайындауы белгілі бір дәрежеде алаңдаушылықты туғызды, себебі Муньоз Обама әкімшілігіндегі қызметінде отбасылардың бөліну саясатын жақтаған болатын. Байденнің отбасылардың бөлінуін тоқтатып, баспана сұраушыларға шекараны ашуы үшін бас прокурор миграция судьяларыны тәуелсіздігін шектейтін Әділет департаменті шешімдерінің күшін жоюы қажет. Иммиграциялық істерді қарастыруда барлығын уақытында жүзеге асыру мақсатында қосымша төрешілерді тағайындау да - иммигранттарға қатысты әділ соттың маңызды бөлігі. Репродуктивтік әділеттілікке қарсы шабуыл иммигранттарға қарсы шабуылмен сәйкес орын алса, иммигранттарды жақтауға бағытталған саясат да репродуктивтік әділеттілікті қолдайтын болады. Иммигранттарға қолайлы әкімшілік иммигрант әйелдердің репродуктивті денсаулық сақтау қызметтері мен қоғамдық игіліктерге қолжетімділігін жеңілдетіп, олардың қоғамдастық сезімін арттырады. Аталмыш екі майдандағы науқанның сәттілігі негізінен Трампқа қарсы тұрған әлеуметтік қозғалыстарға байланысты болады.

Репродуктивті әділеттілікке арналған әлеуметтік қозғалысты маргиналды иммигранттардың, кедейлердің, ЛГБТ мүшелерінің, жастардың, мүгедектердің және т.б. атынан жұмыс істейтін қаранәсілді әйелдер басқарады. Секторaралық және адам құқықтарын біріктіретін

>>

бүкіл құрылыммен жұмыс жасай отырып, осы қозғалыс жыныстық және репродуктивтік құқықтарды табысы аз адамдардың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық теңсіздігін төмендететін саясатпен байланыстыратын құрылымдық өзгерістерді қолдайды. Репродуктивтік әділеттілік қозғалысының миссиясы – әйелдердің ешқандай мәжбүрлеусіз және зорлық-зомбылықсыз бала туу құқығын, жасанды түсікті ешқандай кедергісіз жасай алу құқығын, балаларды сау ортада тәрбиелеу, сондай-ақ тән тәуелсіздігі мен гендерлік сәйкестік құқығын қамтамасыз ету. 1990 жылдардан бастап бүкіл ел бойынша 30-дан астам коммерциялық емес ұйымдармен біріге жұмыс істей отырып, бұл қозғалыс сайлаушыларды саяси әлеуметтендіру мен оларды мобилизациялау үшін бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырумен айналысады, сондай-ақ қоғамда қалыптасқан ескі мәдени түсініктер мен қабылдауды қайта қарыстыру жұмыстарымен айналысады. Соңғы іс-шара жағымды мәдени түсініктер арқылы қоғамдық мәселелерге баға беру және зайырлы рухани құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Ұйымдар алғашқы зерттеулер жүргізумен, әйелдердің сауаттылығы мен олардың мүмкіндіктерін арттыру бойынша мақсатты іс-шаралар ұйымдастырумен, сот істерін қозғау, прогресшіл заңдар қабылдаумен және өз қорытындыларын БҰҰ-на ұсыну жұмыстарымен айналысуда және олар осы салада үлкен жетістіктерге жетті деуге болады. Репродуктивтік әділеттілік топтары репродуктивтік денсаулық саласында қызмет етушілермен және репродуктивтік және азаматтық құқықтар саясатын насихаттаумен айналысатындармен бірігіп жұмыс істейді.

Олар репродуктивті әділеттілікке, иммигранттардың құқықтарына, ЛГБТ мүшелеріне немесе әйелдердің құқықтарына бағытталса да, бағытталмаса да, белсенділер Байден әкімшілігін жыныстық және репродуктивтік құқықтар тарапынан алға тартатын болады. Келешек, ол – күрес.

Хаттарды Патрисия Завеллаға <zavella@ucsc.edu> жолдауға болады.

> Климаттық әділеттілік үшін күрес

және Байден-Харрис әкімшілігі

Дж. Миджин Ча, Occidental College, АҚШ

Климаттық дағдарыспен күрес қажеттілігіне назар аударатын граффити. Ұсынған: flickr. Кейбір құқықтары қорғалған.

Трамптың екінші әкімшілігі климаттың апатты өзгеруіне кепілдік берер еді, бірақ Байден-Харрис әкімшілігінде Жаңа Жасыл Келісімді жұмылдыру перспективалары бұлыңғыр болып көрінеді. Сайланған Президент Байденнің климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимылға деген адалдығы кез келген бұрынғы әкімшіліктің анық болу міндеттемесінен гөрі агрессивті, бірақ жаңа әкімшілікті қастасқан Сенатпен күрес айтарлықтай шектейтінін айтпағанда, Жасыл Жаңа Келісімнің (ЖЖК) көзқарасы мен амбициясы жоқ. Егер федералды ЖЖК перспективалары күмәнді болып көрінсе, онда штаттар мен жергілікті қауымдастықтардың күш-жігері төмен көміртекті технологияларға нақты және әділ ауысуды жүзеге асыру үшін қажетті деңгейге жете алады ма деген сұрақ туындайды. Штат деңгейіндегі климаттық бастамалар төмен көміртекті технологияларға әділ көшу жолын қамтамасыз ете алады, бірақ әлеуметтік және экономикалық әділеттілік мәселелері климаттық саясатқа біріктірілген жағдайда ғана.

Консерваторлар мемлекеттік бақылау ретінде «Жасыл Жаңа Келісімді» қаруға айналдырғанымен, ЖЖК заңның егжей-тегжейлі жазылған бабы емес. Керісінше, бұл – федералды үкіметті он жыл ішінде теңсіздік пен климаттың өзгеруінің қос дағдарысын жеңуге бағытталған өршіл кейнстік бағдарламаны қабылдауға шақыратын қосымша шешім. Он жылдық кезең сарапшылардың климат өзгеруінің ең ауыр салдарын болдырмау үшін 2029 жылға қарай парниктік газдардың ауаға тасталуы күрт төмендеуі орын алуы керек деген пікіріне сәйкес келеді. Климаттың өзгеруі мен теңсіздіктің байланысты екенін түсіну үшін ЖЖК көзқарасы шығарындыларды азайтудың технократтық тар шеңберінен тыс болады. Адамдардың материалдық жағдайларын түсіну және қарастыру климаттың өзгеруін жеке және тәуелсіз міндет ретінде қарастырудың орнына климаттың өзгеруін әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан біріктіруге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық көзқарастардың интеграциясы – климаттың өзгеруін насихаттаудағы өте қажетті қадам. Көміртекті салықтарға немесе квоталарды шектеу және сауда бағдарламасына қатысты қысқамерзімді көзқарас сияқты технократиялық шешімдерден бас тарта отырып, бүкіл саяси спектрдегі климатты қорғаушылар әлеуметтік және экономикалық мәселелерді климаттық саясатқа біріктіретін климаттың

>>

өзгеруіне қарсы іс-қимылдың үш нұсқауына сәйкес келді. «Стандарттар, инвестициялар және әділдік» деп аталатын, климатты қорғаудың әртүрлі әрекеттері арасындағы ортақ нәрсе – нөлдік немесе нетто-нөлдік шығарындыларға үндеу, төмен көміртекті секторлар мен инфрақұрылымға ауқымды қоғамдық инвестициялар, сондай-ақ әлеуметтік және экономикалық әділеттілікке алаңдаушылық – кәсіподақтар үшін жақсы жұмыс орындарын құру, жұмысшылар мен қазба отынымен жұмыс істейтін қауымдастықтарды ауыстыру және климаттың өзгеруінің салдарынан бірінші кезекте зардап шегетін маргиналданған қауымдастықтарды қорғау.

Сайланған президент Байден климаттың өзгеруін өтпелі кезеңнің басым мәселелерінің бірі деп жариялап, Президенттің климаттың өзгеруі жөніндегі елшісін тағайындағанын ескере отырып, климаттың өзгеруі жаңа Байден-Харрис әкімшілігі үшін басымдық болады деп айтуға негіз бар. Алайда, әкімшілік климаттың өзгеруіне сенеді деген жеңілдік сезімі бар болса да, «әділ» ауысуды қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты төмен көміртекті технологияларға әділ көшу үшін күрес көптеген тетіктердің негізінде қиындайды – саяси тұрғыдан қалыпты әкімшілік пен қастасқан Республикалық Сенат оларды ығыстыруда ең осал тетік. Сайлаудан кейін бірден қалыпты демократтардың Medicare for All және полицияны қаржыландырудан бас тартуы сияқты прогресшіл мәселелерге шабуылы нәсілдік және экономикалық әділеттілік мәселелері қастасқан Сенат арқылы алға жылжу үшін қажет күшті қолдауға ие болмайтынын көрсетеді.

Федералды үкіметтің әділ төмен көміртекті болашақты қамтамасыз ету жөніндегі әрекеттері белгісіз болып көрінгендіктен, ең жақсы жағдайда төмен көміртекті технологияларға әділ ауысуды алға жылжыту үшін штат деңгейінде назар аударылады. Шын мәнінде, Трамп әкімшілігінен бұрын да штаттар амбициялық климаттық саясатты жүзеге асыруда көшбасшы еді. Алайда, федералды деңгейдегідей, климат саласындағы мұндай саясаттың әділдігі оның дамуы мен жүзеге асырылуына байланысты. Калифорния шектеу және сауда бағдарламасын қабылдаған кезде, экологиялық әділеттілік қорғаушылары шектеу мен сауданың экологиялық әділеттілік қауымдастықтарына теріс әсер етуіне байланысты бағдарламаны тоқтату үшін сотқа жүгінді. Сот ісі ақыры сәтсіз болды және сот ісін жүргізетін ұйымдар дәстүрлі экологиялық ұйымдар тарапынан айтарлықтай жағымсыз реакция алды. Шығарындылар мен сауданы шектеу бағдарламасын жақында бағалау экологиялық әділеттілік мәселелері жақсы негізделгенін және шектеулер мен квота саудасы енгізілгеннен бері осал қауымдастықтарда жергілікті ластану көбейгенін көрсетті. Сонымен қатар, Калифорния шектеу мен сауданың уәде етілген мақсаттарына қарамастан, парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсаттарына жету жолында емес.

Керісінше, Нью-Йорк штаты елдегі ең амбициялық климат саясатын жүргізді және оның жетістігінің негізгі факторы орталығында әділеттілік ережелері бар, кең және көп салалы коалиция болды. Шығарындыларды азайтуға ғана назар аударудың орнына, Климаттың Көшбасшылығы және Қауымдастықтарды Қорғау Актісі осал қауымдастықтарға инвестиция салуға басымдық береді және климат туралы бүкіл заң, сонымен қатар, экологиялық әділеттілік бойынша тұрақты консультативтік кеңес құрған ілеспе заң жобасына да тәуелді болды. Әділеттілік пен климаттың байланысы өршіл және әділ климаттық саясатқа алып келді.

Климат саласында жұмыс орындарын құруға бағытталған штаттық күш-жігер төмен көміртекті технологияларға көшу үшін үлгілер ұсынады. Бұл күш-жігердің іргелі рухы - теңсіздік пен климаттың қос дағдарысын бір уақытта шешуге негізделген. Әдетте жоғары төлемді қажет ететін және біріктіру ықтималдығы жоғары қазбалы отынмен байланысты жұмыс орындарын жаңартылатын энергия көздері саласындағы жалақысы төмен және сапасы төмен жұмыс орындарына ауыстыру парниктік газдар шығарындыларын азайтуы мүмкін, бірақ бұл әділ ауысу емес. Бұрынғы ауысулардың деиндустриализация сияқты жұмысшылар мен қауымдастықтарды қолдаудың сәтсіздігі қазба отынымен жұмыс істейтін жұмысшыларды тағы бір мәжбүрлі ауысуға одан әрі төзімдірек етеді. Климат Мәселелері Жөніндегі Көшбасшы және Климат Саласындағы Ұлттық Ресурстық Орталық сияқты штаттық деңгейдегі бастамалар штаттық кәсіподақтар мен жергілікті кәсіподақтарды сапалы жұмыс орындарын құруды шығарындылардың азаюымен тығыз байланыстыратын жұмысшылар мен климатты қолдауға бағытталған саясатты алға тартады. Бұл күш-жігер тиімді, өйткені олар кәсіподақтардың саяси Күшін қолдана алады, бұл Climate Jobs New York жетістіктері, соның ішінде климат саласында 40000 жұмыс орнын құруға 1,5 миллиард доллар бөлуге уәде береді.

Байден-Харрис әкімшілігі теңдік пен әділеттілік ережелерін алып тастау қаупі туындаған жағдайда, мемлекеттік деңгейдегі күш-жігер әділ ауысудың алға басуына алып келуі қажет. Сайып келгенде, қазбалы отыннан ауысу масштабы мен ауқымын ескере отырып, климаттық дағдарысты жеңу ұлттық және халықаралық күш-жігерді қажет етеді. Алайда климаттық саясат экономикалық және әлеуметтік көзқарастарды шығарындыларды азайтудан оқшаулай алмайды. Мемлекеттік деңгейдегі күш-жігер теңсіздікті, әлеуметтік әділетсіздік пен климаттың интеграциясын одан әрі нығайту және әділ ауысуды алға жылжыту үшін жол картасын ұсына алады.

Хаттарды Дж. Миджин Чаға <mcha@oxy.edu> жолдауға болады.

> Радикал өтемақы

Маркус Энтони Хантер, UCLA, АҚШ

Міне төрт жүз жылдан астам, төрт мың ай және екі жүз миллион минут Америка Құрама Штаттары құлдықтың күнәсіне батып отыр. Көптеген белсенділер мен ғалымдар көрсеткендей, құлдық - жаны сірі, емделмеген вирустай әртүрлі формада сақталып, Авраам Линкольн қол қойған Босату туралы прокламацияның сиясы құрғаған сәттен жойылды дейтіндердің арасына да үнемі таралып, жұғады. Түрме-өнеркәсіп кешенінен бастап Таскиги тәжірибесі, қанішер топтар, қылмыс, кедейлік және есірткіге қарсы соғыстарға дейінгі қаранәсілділердің өмірі, сол құлдық институты мен тәжірибесін жойған Үкіметтің осал және қорғалмаған тұсы болып қалды.

Ашкөздік, нәсілшілдік, зорлау және отарлау туғызған американдық құлдық пен терең тамырлаған еуропалық құл саудасы қаранәсілді адамдарды қорлауға, масқаралауға және кемсітуге жол берді. Африкадағы үйінен және Батыс Африканың қайтпас айлақтарынан жүздеген мың қаранәсілді Атлант мұхитындағы Кеспе жол арқылы екі Америкадағы және Кариб бассейніндегі байырғы халықтар мекендеген жерлерге тасымалданды. Олар жолда, жаһандық Оңтүстіктің алқабында немесе жаһандық Солтүстіктің жертөлесінде шейіт болды. Көбі ерте ажал құшуы мүмкін, бірақ қаранәсілді құлдардың келесі ұрпағын дүниеге алып келгеннен бұрын емес.

Қаранәсілділер меншік еді, тәні мен мен отбасы да тартып алынды, күнделікті өмірде жан-дүниелері күйзеліске түсті. Осы жағдайда олардың еңбегі сұраныста әрі тегін еді. Бұл – біз мұрагер болып отырған нәсілдік тарих және адамдарға жасалған зорлық-зомбылық пен азап туралы ақиқат. Кез келген мұраға қатысты міндеттер берілетіні сияқты бізге белгілі бір қарыздарды өтеумен қоса міндет жүктеліп отыр. Бұл әдетте, репарация деп аталатын жинақталған және тұрақты тәртіп бұзу, жан жарақаты мен қарыз, өтелмеген және реттелмеген өтемақылар. Аз мөлшерде мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз етіліп, терең тамырланған қаранәсілділерге қарсы мемлекеттік бақылауға қарамастан қаранәсілділермен ешкімнің жұмысы жоқ.

Бес ғасырға жуық уақыттан кейін келтірілген залал көлемін дәл есептеп, зардап шеккен азаматтар мен олардың отбасыларына тиісті өтемақы төлеу мүмкін емес екені белгілі болды. Кімге төлейді? Олар қалай төленеді? Неліктен оларға өтемақы төленеді? Егер барлық құл иеленушілер баяғыда қайтыс болса, онда біз кімге және қандай тараптарды жауапқа тартамыз? Бұл 1865 жылдан бастап Америка Құрама Штаттарында репарация жұмыстарын жүргізу және жаңарту туралы пікірталасты жандандырған сұрақтар.

Соңғы жылдары бүкіл саяси спектр бойынша залалды өтеу қажеттігіне сенімді дәлелдер келтірілуде. Консерваторлық та прогресшіл де жақтастардың репарацияны барлық жағдайда ақшаға теңестіруі қате. Ақшалай немесе экономикалық репарация өте маңызды, бірақ ол өтемақының базбір бір түріне жету үшін қажет нәрсенің бәрін толығымен жаба алмайды. Экономикалық өтемақы құрылымына тұрақты және бірнеше рет қайта үңіле отырып, біз құлдық туғызған өлім мен құлдырау саясаткерлер, зерттеушілер және сот істеріне қатысушылар анықтаған нақты сандар көрсететін бос чек арқылы бағалауға болады деген тұжырымға келеміз.

Алайда, төленген кезде барлық тараптарды толығымен қанағаттандыратындай адамдардың жаны, өмірі мен тәнінің адекватты ақшалай нарықтық бағамы бар ма? Адам өмірінің құндылығы тек доллар мен цент мәселесі ме? Бұл сұрақтарға негізгі жауап қаранәсілді адамдар құнды және құнсыз деген сенімді берік ұстануды талап етеді. Демек, бар нәрсені анықтау үшін репарацияны түбегейлі қайта қарау керек: нақты шығындар мен қарыздарды мұқият монетизациялау мүмкін емес.

Егер біз Америка Құрама Штаттарын неғұрлым еркін, қауіпсіз және әділетті қоғамға айналдырғымыз келсе, зерделенбеген ұжымдық нәсілдік тарихымыз бен жарақатымызды жеңіп, сауықтыруымыз керек. Реттеуді талап ететін қарыз баршылық. Жеңілдету және түзетуді қажет көп заң бұзушылық бар. Нәсілдік теңдік пен нәсілдік әділеттіліктің шешілмеген мәселелерін қосу керек. Осы үйінді бұрын-соңды байқалмаған және аса қажет жаһандық және ұлттық сауықтыру мен қалпына келтірудің маңызды жеті түрін көрсетеді:

• Саяси репарация: тарихи ақпаратқа негізделген, үкіметті және саяси өкілдік пен қатысуды трансформациялайтын қалпына келтіру және репарациялық үгіт-насихат

>>

"Егер біз Америка Құрама Штаттарын неғұрлым еркін, қауіпсіз және әділетті қоғамға айналдырғымыз келсе, зерделенбеген ұжымдық нәсілдік тарихымыз бен жарақатымызды жеңіп, сауықтыруымыз керек."

• Зияткерлік репарация: бұрын құлдықта болған адамдар мен олардың ұрпағының туындыларын, өнертабыстары мен идеяларын мақсатты және қоғамдық мойындау мен тану.
• Құқықтық репарация: заң мен саясаткерлер анықтаған және рұқсат етілген қалпына келтіруші сот төрелігі мен нәсілдік теңдік
• Экономикалық репарация: материалдық және/немесе ақшалай көмек, субсидия, реституция және қарыз ауыртпалығын жеңілдету.
• Әлеуметтік репарация: нәсілдік және этникалық иерархияға негізделген көзқарас пен нәсілшілдікді тоқтату мақсатында қоғамдық келісімді қалпына келтіру және түзету, осылайша адамның қадір-қасиетін ұлықтау
• Кеңістіктік репарация: Американдық құлдық пен олардың ұрпақтары үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси мүмкіндіктерді қалпына келтіруші және репарациялық география.
• Рухани репарация: құл саудасы мен американдық құлдық үшбұрышынан зардап шеккен және жоғалған діни және рухани космологияларды, тәжірибелер мен нанымдарды мақсатты және арнайы тану, ұсыну және қалпына келтіру.

Репарацияның осы жеті түрі Америка Құрама Штаттарында және шетелде нәсілдік теңсіздікті жоюға және құлдықтың, құл саудасының, құлдыққа негізделген жаһандық экономиканың және әртүрлі бұрмаланған мәдени ойдың күнәсі мен тұрақтылығынан айықтуыруы тиіс өзек ретінде рұқсат етіліп, таратылуы керек. Қаранәсілділер құлдықты тілеп алған жоқ. Бірде-бір адам осындай қатыгез, адамгершілікке жатпайтын режимде өмір сүруге лайық емес. Сондай-ақ, қаранәсілділер жергілікті және американдық байырғы тұрғындарымен бірге ғасырлар бойы өздерінен салық алып, алдап келген ғаламдық, федералдық, аймақтық және жергілікті мемлекеттік органдар мен агенттіктерден көмек, жаңғырту жәрдемін және өтемақы алды.

Бұл сыни өзгеріске жету үшін ақиқат, нәсілдік сауықтыру және трансформация қажет. Мұндай жол ұзақ уақыттан бері Патшайым Ана Одли Мур мен бұрынғы Конгрессмен Джон Конейерс жариялаған және қазір конгрессмен Шейла Джексон-Ли ұсынған Афроамерикалықтарға өтемақы өтеу туралы ұсыныстарды зерттеу және әзірлеу туралы комиссиясын құратын H.R. 40 заң жобасы афроамерикалықтарға келтірілген залалды өтеу туралы қолданыстағы үндеумен келіседі және оны толықтырады. Қазіргі уақытта конгрессмен Барбара Ли және сенатор Кори Букердің басшылығымен нәсілдік және мәдени сауықтыру бойынша тұрақты Ұлттық, жергілікті және аймақтық Мұрағатының (TRHT) негізі ретінде мен қарастырып отырған Ақиқатты анықтау, нәсілдік сауықтыру және трансформация жөніндегі ұлттық комиссияны (ARCH) құруға үндеу бар.

Америка Құрама Штаттары нәсілдік теңдік пен нәсілдік сауығуға қол жеткізудің осы тарихи мүмкіндігін пайдаланып, біздің қоғамды адам иерархиясының жалған идеясы түбегейлі жойылған қоғамға өзгертуі керек. Егер бұл жоба, әсіресе Байден-Харристің жаңа әкімшілігі аясында, заңнамалық іс-әрекеттермен бірге атқарушы іс-қимыл ретінде байыпты қабылданса, Америка Құрама Штаттары әлемдік аренада шындықты тану және мұрағаттау және маңызды нәсілдік сауықтыруға қол жеткізу өзгерген Американы қалай құра алатындығының сенімді мысалы ретінде әрекет ете алады, онда барлық адамдарға әділ, толық қолжетімділік және бірінші дәрежелі азаматтық беріледі, осылайша болашақ қатердің алдын алады және жеңілдетеді. Егер біз әдейі және шұғыл түрде арнайы мемлекеттік және жеке қаржы институттарын, нәсілдік және мәдени сауығу үшін ұлттық және жергілікті мұрағаттарды, ARCH комиссияларын және келтірілген залалды өтеудің жүзеге асырылатын және мақсатты саясатын құратын болсақ, онда біз еуропалық құл саудасынан қалған дегуманизацияның ақыры аяқталатынына кепілдік бере аламыз және біз бәріміз лайықты жаңа бастауға кірісе аламыз. Ақиқат – нәсілдік сауығудың, трансформацияның, сондай-ақ біздің өзара және болашақ өркендеуіміздің кілті.

Хаттарды Маркус Энтони Хантерға <hunter@soc.ucla.edu> жолдауға болады.

> Еуропадағы қытайлықтар

орнының өзгерісі

Фанни Бек, Орталық Еуропа университеті, Венгрия және **Пал Ньириан**, тегін университеті, Амстердам, Нидерланды

1998 жылы Еуропадағы қытайлықтар туралы шыққан басылым этникалық қытайлардың Еуропаға бірнеше рет орын алған иммиграция толқынын анықтады: XX ғасырдың басында Чжэцзян провинциясынан келген ұсақ саудагерлер; XX ғасырдың ортасындағы Гонконг пен оның маңынан отарланған мигранттар; Вьетнам соғысы және деколонизациядан кейін Оңтүстік-Шығыс Азиядан келген постколониялық мигранттар; 1980 жылдары Қытай Халық Республикасы (ҚХР) әлемге қайта ашылғаннан кейінгі саудагерлер мен еңбек мигранттары. Аталмыш толқындар, топ шекарасы арқылы жиі қатынас орната алмағанмен мемлекетаралық байланысы кең әртүрлі әлеуметтік лингвистикалық топтарды қалыптастырды.

XX ғасырдың аяғында осы топтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы салыстырмалы түрде төмен еді, дегенмен, негізінен Солтүстік-Батыс Еуропада азық-түлік сатумен, Оңтүстік Еуропада шағын тігін шеберханаларында жұмыс жасаған, және Шығыс Еуропада базарлар мен шағын дүкендерде тұтыну тауарларын импорттап, сатумен айналысқан қытайлықтар ахуалының айтарлықтай айырмашылықтары болды.

Жаңа ғасырда Еуропадағы этникалық қытайлардың әлеуметтік-экономикалық құрамы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы түбегейлі өзгеріске ұшырады. Осы топтамада олардың бірқатары қарастырылады. Жергілікті қытайлардың негізінен мобилді жаңа буыны кәмелетке жеткенінен бастайық. Чуанг, Ле Бейл және Транның пікірінше, осы буын өкілдері кемсітушілікке сезімтал және нәсілшілдікке қарсы либералды дискурстарға бейім, бірақ мансаптық амбицияларының Еуропада орындалуы баяу жүзеге асатындығына қамығады, ал Қытайдағы мүмкіндіктер оларды қызықтырады. Бұл кейде Қытайға қоныс аударуға, бірақ, көбіне трансұлттық өмір сүру бейнесін таңдауға алып келеді. Бұрын Еуропаға көшу Қытайдағы әлеуметтік мобилдіктің төте жолы деп есептелсе, бүгінде осы бағыт күрделене түсті.

Әлемдік саяси экономиканың күрт өзгеруі Қытайдан Еуропаға қоныс аударудың жаңа сипатында да көрініс тапты. Енді мигранттар қатарында ұсақ саудагерлер мен дене еңбегінің өкілдері көп емес - қытай мейрамханалары мен дүкендерінде бұл қызметті негізінен басқа иммигранттар тобы атқарады, – дегенмен, Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы Қытай қаржыландырып отырған инфрақұрылымдық жобаларға байланысты мемлекет басқаратын еңбек көші-қонының жаңа түрі қалыптасуда. Тогерсен, Бек, Книхар және Сабо еңбектерінде көрсетілгендей, оның орнына студенттер, ҚХР капиталын шетелде кеңейтуді сүйемелдейтін шетелдік менеджерлер және орта тап өмір салтын ұстанатын мигранттар осы ағымда негізгі позицияларға ие. Нәтижесінде, Еуропадағы қытайлықтар арасындағы бұрынғы социоингвистикалық алауыздықтар күрделеніп, таптық бөлініске айналуда.

Еуропалық қоғамдастықтардағы қытайлықтар позициясы екінші және үшінші ұрпақтың «интеграциясы» мен талап қоюына және жаңа иммигранттардың жоғары әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне байланысты ғана өзгеріп отырған жоқ, сонымен қатар оған қызғаныш пен қорқыныштың объектісіне айналған Қытайдың тұрақсыз геосаясаты да ықпал етуде. Еуропалық Одақ пен Қытайдың қарым-қатынасы уақыт өткен сайын шиеленіскен кезеңде, Қытай үкіметі Еуропадағы этникалық қытайлықтарға өз атынан әлеуетті лоббистер ретінде жүгінуде белсендірек бола бастады. Бұл – жаңа құбылыс емес, бірақ мұны Еуропадағы қытай әлеуметтік желілерінің жаңа серпіні күшейтті және Қытайдың коронавирус пандемиясына қарсы күрестегі айқын жетістігі бұлтартпас дәлелге айналды. Осының салдарының бірі – деңнің мақаласында көрсетілгендей, этникалық иерархияның қисындылығына күмән

>>

тудыратын ұлттық сенімділіктің артуы қытайлықтарды маргиналдандыруды жалғастыруы. Сонымен қатар, Қытаймен достық қатынасы дамып келе жатқан еуропалық мемлекеттерде (Сербия және Венгрия) жергілікті қытайлықтар тікелей пайда көретін-көрмейтіндігі түсініксіз (Гледич, Бек, Книхар және Сабо мақалаларын қараңыз).

Коронавирус пандемиясы Еуропадағы қытайлықтардың тұрақсыз ахуалын күрт жеңілдетті. Кейбіреуі Қытайдың маска дипломатиясы тірегі ретінде қызмет етті. Көбісі балағаттау мен соққыға ұшырады, өйткені бұрын «бұғып» жатырған нәсілшілдік немесе ксенофобиялық өрши түскен саяси күдіктермен үйлесе отырып, «қытай вирусының» кесірінен тасадан шықты. Пандемия толқыны өзгерген кезде, қауіпсіз орын іздеп, Қытайға қайтқысы келетіндер аса жоғары дәрежеде қаржылық кедергілер тудырған қарсыласушы үкімет пен «тек ауру ғана жұқтырмайды, ниеттері де қара» деп оларды айыптаған күмәншіл халыққа тап болды. Бофулин көрсеткендей, әдетте Еуропадағы қытайлықтар арасында кең таралған трансұлттық мобилдік те жұқпалы аурудың таралуына жауапты кінәлілерді анықтағысы келетін қытай мигранттары арасында күдік пен өзара айыптауды тудырды. Бүгінгі күні осындай дүрбелеңді әлеуметтік желілер күшейтуде. Егер 1990 жылдардың аяғында Еуропадағы қытай бұқаралық ақпарат құралдары әртүрлі саяси бағыттарды ұстанатын жаңадан пайда болған спутниктік теледидарлардан және жергілікті газеттерден тұрса, бүгінде олардың қатарында WeChat сияқты цензураланған қытайлық әлеуметтік медиа платформалар басым, бұл балама көзқарастарды тұншықтырып, Қытай үкіметі үшін тиімді көзқарастар мен ұлтшылдықты күшейтеді. Онлайн сала жұмылдыру құралы ретінде өте маңызды, бірақ ол еуропалық қоғамдық көзқарас арасындағы дәнекер Facebook және Twitter сияқты платформалармен қатар өмір сүреді. Black Lives Matter қозғалысы тудырған нәсілшілдікке аса жоғары көңіл бөлуден шабыттанатын Франциядағы жергілікті қытайлық белсенділер Facebook-ті басқа азшылықтардың арасында одақтас іздеу үшін қолданса, Италиядағы қытайлық кәсіпкерлер өз нәсілдік иерархияларын құру үшін пайдаланады, ал Венгриядағы қытайлық орта тап өкілдері сондағы Үкімет насихаттайтын, WeChat-та таралған танымал нәсілшілдік теорияларға сәйкес келетін ақнәсілді Еуропаның қайта өрлеу идеалына сенеді. Егер, біріншілері антирасистік, антиэлиталық ынтымақтастыққа жүгіну арқылы дискриминацияға наразылық білдірсе, екіншілері өзегін Еуропа мен Азия элиталары қолдайтын нәсілдік және таптық тәртіп үшін жасайды.

Еуропа қытайлықтарын сипаттайтын сыртқы және ішкі шекаралар мен иерархиялардың өзгеруін анықтау және талдау үшін осы топтамаға үлес қосушылар мектеп-интернаттардан бастап барларға дейінгі этносаралық қатынастар қалыптасатын кеңістіктерді зерттейді. ■

Хаттарды Фанни Бекке <Beck_Fanni@phd.ceu.edu>
және Пал Ньириге <p.d.nyiri@vu.nl> жолдауға болады.

[1]Бұл симпозиум идеясы «Ұлтаралық қатынастар: қытайлық мигранттар және олардың еуропалық қабылдаушы қоғамдары» тақырыбын-да Қытайдың Еуропадағы зерттеу желісі – CHERN өткізді Будапештте 2020 жылдың 16 қазанында және COST қауымдастығының қолдауымен.

> Үнсіздіктен әрекетке:

Франциядағы қытайлықтар

Йа-Хан Чуаң, Institut national d'études démographiques (INED), Франция, **Эмили Тран**, Гонконг баптистік университеті және **Хелен Ле Бейл**, Sciences Po білім беруді зерттеу және инновация орталығы (CNRS, CERI-Sciences Po) Париж, Франция

Француз тектес азиялықтар Париждегі Азияға қарсы нәсілдік әділетсіздік шеруінде. Ұсынған: Камилла Миллеран.

Ұлыбритания мен Нидерланды сынды Батыс Еуропаның басқа елдеріндегі сияқты Франциядағы қытай қауымдастықтарының тарихы XX ғасырдың басынан басталады. Қытайлықтардың мұнда ерте келуі үш негізгі фактормен байланысты: отарлау, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қытай жұмысшыларын тарту және соғыс аралық кезеңдегі студенттердің келуі. Ерте мобилдік миграцияның соңғы толқындарына ықпал етті: 1978 жылдан кейін бұрынғы миграциялық желілердің жаңаруына байланысты Чжэцзян провинциясындағы Вэньчжоу – қазіргі уақытта Франциядағы қытай мигранттары мен олардың ұрпақтарының негізгі шығу аймағы. Сонымен қатар, француз отарлауының бір мұрасы – 1970-80 жылдары Камбоджа, Вьетнам және Лаос елдерінен босқын ретінде Оңтүстік-Шығыс Азиялық қытайлықтардың да болуы. Ғасыр басынан Франциядағы этникалық қытайлықтардың шыққан жерлері, миграциялық жолдары және таптық құрамы әртүрлі болды. Франция Қытайдың солтүстігінен, әсіресе 1990 жылдары жоспарланған экономикадан нарықтық экономикаға көшуге байланысты жаппай жұмыссыздық орын алған жерлерден қоныс аударушылардың көп келетін мекеніне айналды. Жалпы алғанда, Еуропалық Одаққа кірудің негізгі заңды арнасы студенттік виза болып қала береді. Францияда шетелде оқитын қытайлық студенттер шетелдік студенттер тобының арасында Мароккодан кейін екінші орында (9%).

Франция – Еуропадағы ең үлкен қытай диаспоралық популяциясының бірі орналасқан мемлекет (санақ бойынша, шамамен 400000 қытай иммигрант пен олардың ұрпақтары өмір сүреді, дегенмен Францияда ресми этникалық статистика жоқ); шетелдік резиденттер арасында Қытай Халық Республикасының (ҚХР) азаматтары бесінші ірі топ. Олар білімі, жұмыспен қамтылуы және экономикалық мәртебесі бойынша ғана әртүрлі (бай инвесторлар, трансұлттық саудагерлер, білікті мамандар, студенттер, кәсіпкерлер және жұмысшылар) емес, сонымен бірге олар ұрпақтары, мобилдігі және француз қоғамына қатысу деңгейі бойынша да әртүрлі. Осы әртүрлілікке қарсы кейбір ортақ белгілер де бар, мысалы, диаспоралық кәсіпкерлік саласындағы және соңғы кездегі күнделікті нәсілшілдіктің

>>

күшін жоюдағы қауіпсіздік мәселелері бойынша ұжымдық әрекеттердің өсуі аясындағы Оңтүстік-Шығыс Азиядағы этникалық қытайлықтар мен Қытай Халық Республикасынан (негізінен Вэнчжоу) келген мигранттардың арасындағы ынтымақтастық.

> Нәсілшілдікке қарсы ұжымдық әрекет

Париждегі және оның маңындағы қытай қауымдастығы ұрлық пен ұсақ қылмыстың құрбаны болды. Қытайлықтар көпұлтты әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашар аудандарда сәнді үйлену той банкеттерін қоса алғанда, мерекелерді ұйымдастыру және қытай бизнесі шоғырланғандықтан ғана бай емес; олар сонымен қатар шабуылдан және тонаудан кейін полиция көмегіне жүгінуге құлықсыз болғандықтан да осал. Құжаты жоқ иммигранттар мен ұсақ кәсіпкерлер үшін тұрақсыз мәртебе мен француз саясатына немқұрайлы қарау оларды мобилдікке тарихи қарсы тұруға итермеледі.

Алайда, соңғы онжылдықта қауіпсіздік мәселесі мен қақтығыстардың үдеп тұрған кезінде, бір кездері үнсіз немесе тіпті азшылық үлгісі ретінде танымал, еңбекқор және сабырлы Париждегі қытай қауымдастығы, полицияның қорғауын талап ете отырып, саны бестен кем емес жаппай шеру ұйымдастырды. Кейде оларды Қытай елшілігі «шетелдегі азаматтарды қорғау» деген негізде қолдап отырды, бұл – 2012 жылдан бастап Қытай үкіметі азаматтарының мүдделері бар жерлерде өз билігін жобалау әдісі ретінде қолданатын басымдықтарының бірі. Ұжымдық іс-қимылдың бес мысалы мобилизациялау үлгісімен ерекшеленеді: үшеуі жаппай көше демонстрациясы; бірі – (сәтсіз) қысым көрсету тобына айналған кәсіпкерлер қауымдастығы; ал соңғысы көшедегі тәртіпсіздіктер мен бейбіт митингілердің жиынтығы болды. Мобилизация, әдетте, қытайлық тұрғындар мен саудагерлер белгілі бір ауданда кездесетін қауіпсіздіктің жоқтығын көрсету үшін жасалды және ортақ талаптар қойды: осы аудандағы полиция патрулдерінің санын көбейту; заң бұзушыларға жазаны күшейту; қытайлық жәбірленушілердің полицияға шағым түсіруіне мүмкіндік беретін рәсімдерді жеңілдету.

Париждің маңында қытайлық жұмысшыны өлтіргеннен кейінгі 2016 жылғы көшедегі наразылық екінші ұрпақ белсенді қатысқан бетбұрыс кезеңі болды. Өздеріне немесе басқа азиялықтарға бағытталған зорлық-зомбылықтың негізінде жатқан құрылымдық нәсілшілдікке баса назар аударту үшін Франциядa туылған этникалық қытайлықтар арыздарын қайта қарастырды. Қытайлық белсенділік пен жалпыазиялық қоғамдық қозғалыстар Солтүстік Америкада немесе Аустралияда ұзақ уақыт зерттелген болса, Еуропа үшін жаңа зерттеу бағыты. Франция жағдайында француздық қытайлар бастаған үш негізгі іс-әрекеттің түрін атап өтуге болады, олардың барлығы стереотипті түсініктер және өздерін таныту жолдарын іздеумен байланысты: (1) ұжымдық жадыны жинау және тапсыру; (2) мақсатты зорлық-зомбылыққа қарсы мобилизациялану; және (3) азиялықтар туралы стереотипті түсініктерді «ашу» және осы стереотиптерді өзгерту бойынша мәдени белсенділік.

Жақында орын алған жергілікті француздық қытайлардың әрекеттерін түсіну үшін жеке тәжірибені ұжымдық тәжірибеге айналдыру алаңын орынды ұсына отырып, онлайн-әлеуметтік желі кең тарай бастаған 2000-шы жылдарға оралу керек. Атап айтқанда, көп кездесетін микроагрессиялар мен нәсілшілдік қорлаудың жасырын түрлері орын алған тәжірибе туралы көп айтылды. Француз қытайлықтары негізінен француз тілінде, кейде қытай тілімен немесе басқа азиялық тілдермен аралас тілде өз тәжірибелерін бөлісетін форумдар мен пікірталас топтарын құра бастады, әсіресе Facebook-те, кейіннен WeChat пен Twitter-де.

2016 жылдан кейін қалыптасқан «мәдени белсенділік» негізінен қысқа бейнелер, блогтар, YouTube арналары, веб-сериялар және подкасттар сияқты онлайн-құралдарды пайдаланады, бұл Франциядa туылған азиялықтар, өнер және медиа саласындағылардың кездесуі үшін жаңа мүмкіндіктерді ұсынды. 2016 жылдан бастап көпшілік ұжымдық бірегейлікті құруға және Франциядағы азиялықтарға бағытталған нәсілшілдікке қарсы тұруға үлес қосты. Кейбіреулері интер-этникалық шиеленісті бейтарап етуге тырысып, өз әрекеттерін басқа азшылықтардың талаптарымен (мысалы, белгілі афро-феминист Рохая Диалло құрған Грейс Лидің және Kiffe ta race [Жарыстан ләззат ал] аудиобейнелермен/подкасттарымен; немесе азиялық француздардың Black Lives Matter наразылықтарына қатысуы) өзара байланыстыруға тырысады. Басқалар этно-нәсілдік гендерлік мәселелермен байланыстырады: азиялық әйелдер эротикасын деконструкциялау, сонымен қатар азиялық ер адамдардың десексуалдануы.

2020 жылы COVID-19 Қытайға халықаралық қоғамдық дипломатия науқанын өткізуге бірегей мүмкіндік беріп, өздері «нағыз Қытай оқиғасы» деп атаған феноменді жеткізу үшін шетелдегі қытайлықтардың қолдауын жұмылдырды. COVID-19 эпидемиясы тудырған азиялықтарға бағытталған нәсілшілдікке қарсы қытай этникалық белсенділігінің жақындағы толқынын ҚХР пайдаланатындығы және қандай деңгейде қолданатындығы әлі белгісіз. Қытайлықтардың бірінші, екінші және үшінші ұрпақтары Отандарының ұлтаралық күш жұмсауын және мобилизациялау әрекеттерін қалай қабылдайтынын салыстыру одан да қызықты болар еді.

Хаттарды Йа-Хан Чуаңға <ya-han.chuang@ined.fr>
Эмили Транға <emilietran@hkbu.edu.hk>
Хелен Ле Бейлге <helene.lebail@sciencespo.fr> жолдауға болады.

> Еуропадағы қытай студенттері

Стиг Тёгерсен, Орхус университеті, Дания

Еуропадағы кампуста отырған қытай студенті. Ұсынған: Creative Commons.

1978 жылы Дэн Сяопин мемлекеттің ғылыми оқшауланыуын жою және оны модернизациялау үдерісін жеделдету үшін Қытай жыл сайын шетелдерге 3000-нан 4000-ға дейін студент жіберетіндігін мәлімдеді. Ол кезде оның жоспары астамшылдық сияқты көрінген еді, бірақ ол өзі бастаған толқынның тегеурінді күшін елестете алмаған болар. Бүгінгі Қытай – халықаралық мобилді студенттердің ең ірі ресурсы. ЮНЕСКО-ның статистикалық мәліметтеріне сәйкес, бір миллионға жуық қытайлық студент шетелдегі жоғары оқу орнында оқиды, олардың оқу ақысы көп университеттер үшін айтарлықтай табыс көзі, ал олардың өзі бүкіл әлемдегі қытайлықтардың маңызды құрамдас бөлігі.

Еуропа елдері осы көштен өз үлесін алып отыр. Ұлыбритания, АҚШ және Аустралиямен салыстырғанда, әлем бойынша ең алдыңғы орында –107000-ден астам. Қытайдың білім беру жүйесінде ағылшын тілі басым шетел тілі болғандықтан, бұл таңқаларлық жағдай емес. Жоғары дәрежелі университеттері бар басқа ірі еуропалық елдер де қытайлық студенттерді тартуда, мысалы: Германияда 30 000-нан астам, Францияда 24 000-ға жуық және Италияда 15 000-нан астам студент бар. Тіпті Швеция, Ирландия, Венгрия және Швейцария сияқты шағын еуропалық елдер де қазіргі уақытта әрқайсысы шамамен 2000 қытайлық студент қабылдайды. Материктік Еуропа үкіметтерінің стипендиялары, АҚШ пен Ұлыбританиямен салыстырғанда, оқу ақысыныңтөмендігі және шенген визасымен бірнеше елге бару мүмкіндігі студенттердің ағылшын тілінде сөйлемейтін елдерге оқуға түсуінде маңызды рөл атқарады. Көп адам еуропалық мәдениетке қызығушылық танытып, әсіресе Франция мен Италияны тартымды өмір салты бар романтикалы орын деп санайды.

> Соңғы онжылдықтардағы студенттердің өзгерген бейіні

1978 жылы Еуропаға Маодан кейінгі алғашқы студенттер келгеннен соң көп нәрсе өзгерді. Біріншіден, Қытай мемлекеті мұқият бақылайтын стратегиялық айла ретінде басталған нәрсе, енді ең алдымен, студенттер мен олардың отбасыларының жеке амбицияларына байланысты бола бастады, себебі қытайлық шетелдік студенттердің 90% өзінің жеке қаржысына оқиды. Бұл халықаралық білім берудің жоғары коммерцияландырылған нарығын құрды, мұнда студенттердің баратын жерін таңдаудың көптеген факторлары бар: университеттің рейтингісі мен беделі, оқу ақысы мен тұрмыстық шығынның көлемі, қабылдаушы мемлекеттің гранттарын алу мүмкіндігі, әлеуметтік қауіпсіздіктің болжанатын деңгейі, және қабылдаушы елдің жалпы беделі – осының барлығы қытайлық жеке білім беру агенттері студенттерге және олардың отбасыларына түрлі шешім қабылдауға және

>>

оқуға түсу мен визаны рәсімдеуге жетекшілік ету арқылы пайдалы бизнес құрған күрделі ойында маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, шетелде білім алу енді қытай студенттерінің басым мақсаты емес. 2000 жылға дейін студенттердің көпшілігі дамыған елдердің икемді азаматтығын алуды өздеріне жоғары мақсат ретінде қабылдады, бірақ бүгін көбі Қытайдың ең жақсы университетінің біріне түсуді жөн көреді. Шетелдік дипломмен байланысты әлеуметтік бедел айтарлықтай төмендеді, әрине, егер ол әйгілі брендтік атаққа ие жоғары деңгейлі университет болмаса, сонымен қатар қытайлық БАҚ-та шетелдік «диплом фабрикалары» мен сапасыз бағдарламалар туралы ақпараттар көп. Алайда, қытайлық жоғары білім беру жүйесі аса стратификацияланған: оқуға түсу gaokao деп аталатын ұлттық қабылдау емтиханымен бақыланады, осы емтиханды тапсырудан көбі тартынады, сондықтан мектеп бітірушілер және ата-аналары жеткіліксіз мансап перспективасын ұсынатын екінші сұрыптағы қытайлық университетке оқуға түскеннен гөрі, бұрынғыдай шетелдерде білім алу мүмкіндіктерін іздейді.

Үшіншіден, студенттер бұрын шетелде оқуды миграция процесінің қалыпты бастауы деп қарастырса, енді отбасылық мансаптағы қадам ретінде санайды. 1980 жылдары, әсіресе 1989 жылдың маусымындағы демократиялық қозғалысты басқаннан кейін, шетелдік дипломы бар қытайлықтардың басым бөлігі елге оралуды қаламады. Жиырма бірінші ғасырда бұл жағдай еуропалық еңбек нарығының қысқаруына, Қытайдағы жалақы мен мансаптық мүмкіндіктердің өсуіне және оқуды аяқтағаннан кейін студенттерді өз еліне қайтуын ынталандыруға бағытталған Қытайдың мемлекеттік саясатына байланысты күрт өзгерді. Қытай мемлекеті бұдан былай шетелде кім не оқуы керек екендігі туралы егжей-тегжейлі жоспарлар құрмаса да, ол ұлттық дамуды алға жылжыту үшін ми ағыны жүзеге асатындығына сенім артады. Сонымен, қытайлық білім мигранттары қазір бұрынғыдан әлдеқайда жас. Бакалаврлардың саны аспиранттардан көп, тіпті көп отбасы балаларын шетелдік университетте оқуға мәдени және академиялық тұрғыдан дайындау үшін оларды орта мектепке жібереді.

Қытайлық білім мигранттары туралы алғашқы зерттеулердің басым бөлігі олардың аудиторияда тым үнсіз отыратындығына, этникалық анклавтарға жиналып алатындығына, білімге құрал ретінде қарым-қатынаста екендігіне шағымданған батыс оқытушылары қойған мәселелерге назар аударды. Бұл проблемалар әлі күнге дейін сезілетіні сөзсіз, бірақ жақында жүргізілген зерттеулер студенттер тәжірибесін кеңінен көрсетеді. Қытай қоғамындағы индивидуалданудың күшеюі аясында студенттер шетелдегі оқуларын «тұлғаның өзгеруі мен трансформациясына эмоциялық саяхат» ретінде қарастырады, өмірді өзгертетін жеке даму тәжірибесі дүниетанымын кеңейтеді және оларды кәсіби тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемнің азаматтары ретінде анағұрлым сәтті, құзыретті етеді. Батыс замандастары сияқты, бұны істей алатын жас қытайлықтар шетелдік мәдениеттерге терең үңілу және әртүрлі әлеуметтік және мәдени жағдайларда өмір сүру мен өркендеу қабілеттерін тексеру үшін оқуларын үлкен саяхаттармен біріктіреді. Бұл дегеніміз, көптеген студенттер әлі күнге дейін «нақты» ғылымдар мен бизнес-зерттеулерге назар аударған кезде, біз қазір қытайлық және еуропалық еңбек нарығындағы қауіпсіз жағдайға кепіл бермесе де әлдеқайда «жұмсақ» әлеуметтік-гуманитарлық бағдарламаларға түсетін студенттерді көбірек байқаймыз.

Білім мигранттарының көбі Еуропадағы қытайлықтар құрамын өзгертті, бірақ студенттердің қытай диаспораларымен өзара әрекеттесуі туралы салыстырмалы түрде аз білеміз. Француз зерттеулерінің нәтижелеріне жүгінсек, студенттер бір-бірімен мықты ұлтаралық қатынастар құрған кезде, қалыптасқан қытайлық қауымдастықтармен өзара әрекеттесуі өте шектеулі болды. Алайда, Ұлыбритания қаласын зерттеу өзара әрекеттесуді және қытай диаспораларының одан әрі дамуы үшін университеттердегі қытай студенттерінің әлеуетті маңыздылығын көрсетеді.

Еуропалық университеттерге түсетін қытайлық студенттер саны ондаған жылдар бойы үнемі өсіп отырды, бірақ жақындағы екі үрдіс болашаққа нақты болжау жасауды қиындатты. 2020 жылдың пандемиясы білім беру саласындағы алмасудың басым бөлігін уақытша тоқтатты және 2021 жылы да солай болуы мүмкін, өйткені қытайлықтар ұзақ уақыт бойы Еуропаны вирустың таралу орны ретінде қарастыратын болады. Сонымен қатар, Батыс пен Қытай арасындағы үдеп отырған шиеленісті қатынастар Еуропадағы Қытайға деген жағымсыз көзқарасқа және қытайлық студенттерді қауіпсіздіктің ықтимал қаупі ретінде қабылдауға алып келді. Осылайша, халықаралық саясат Еуропа мен Қытай арасындағы болашақ білім миграциясына ықпал етуі мүмкін. ■

Хаттарды Стиг Тёгерсенге <stig.thogersen@cas.au.dk> жолдауға болады.

> Будапештегі «Алтын визалы» қытайлық мигранттар

Фанни Бек, Орталық Еуропалық Университет, Венгрия, **Естер Книхар**, Этвош Лоранд Университеті, Венгрия және **Линда Сабо**, «Периферия»аясат және зерттеу орталығы, Венгрия

Қытайдың жаһандық капитализмдегі позициясының өзгеруі және оның әлеуметтік құрылымдарының қайта конфигурациясына байланысты орта және жоғары таптағы қалалық отбасылардың көбі әлемнің таңдаулы елдеріне көшуде. Сауалнамалар «байлардың көшіне» одан әрі баю мақсаты емес, постматериалистік уайым түрткі екенін көрсетті. Олар – тұруға ықтиярхат пен азаматтықты сату арқылы шетелдік капиталды тартуға бағыт алған елдердің бастамасы «алтын виза» бағдарламалары үшін дамушы нарық. Үкіметі негізінен арзандау иммиграциялық жолдармен қарсы алуға дайын Шығыс және Орталық Еуропа елдеріне осы қытайлық «алтын визалы мигранттардың» көпшілігі соңғы жылдары назар аудара бастады.

Қытай студенттеріне арналған венгерлік «Алтын виза» бағдарламасын жарнамалау. Ұсынған: http://immigration-hungary.com/EN/

> Венгрияның «алтын виза» бағдарламасы

Венгрияның «алтын виза» бағдарламасы – жаңадан дамып келе жатқан осы нарыққа қызмет көрсету үшін ең тиімді ұсыныстың бірі болды: бағдарлама күшіне енген 2013-2017 жылдар аралығында Венгрия Еуропалық Одақ шеңберінде ең арзан екінші жолды ұсынды, рәсімдеудің қарапайымдылығы мен жылдамдығы тұрғысынан барлық елдердегі баламалардан асып түсті. Сонымен қатар комиссиялық алымнан бөлек бес жылдық өтеу мерзімі бар мемлекеттік облигацияларды 250 000 еуроға (кейінірек 300 000 еуроға) сатып алудан тыс басқа талаптардың болмауы 19000-нан астам өтініш берушіге – олардың 81% Қытайдан келгендер – осы елде тұруға рұқсат алуға мүмкіндік берді. «Қоныс аудармай көшу» үшін арнайы жасалғанымен, бағдарлама ЕО шеңберінде мобилдікті арттыруға мүдделі кәсіпкерлерді қызықтырудың орнына, осы мүмкіндікті тиімді пайдаланған отбасылардың шетелге көшуіне, яғни нақты иммиграцияға түрткі болды. Олар инвестицияларды экономикалық емес мақсаттарға жету құралы ретінде пайдаланды, яғни балаларды жан-жақты тәрбиелеу үшін пайдалы орта құру.

Венгриядағы қытайлық «алтын виза» мигранттары – метрополиялық Қытайдан шыққан (негізінен Бейжіңнен, Шанхайдан немесе Гуанчжоудан) Қытайдан келетін табысқа немесе ақша аударымдарына сүйенетін орта тапқа жататын отбасылар. Венгрияға 1990-шы жылдардың басында экономикалық капитал жинақтау мақсатымен негізінен Қытайдың оңтүстік-шығысынан алғаш келген ұсақ саудагерлерге қарағанда, бұл отбасылар экологиялық таза, мәдени бай және шынайы «Еуропаны» елестететін ақнәсілдік қалалық ортада арзан бағаға еркін өмір салтын ұстану үшін Венгрияға қоныс аударады.

Осы отбасылардың Қытайдан кету туралы шешімі және олардың Венгрияны таңдауы «жалғыз бала саясаты» шеңберінде Қытайдағы реформалар дәуіріндегі балалық шақтың тарихи, әлеуметтік, экономикалық және саяси құрылысына негізделген. 1970 жылдардың аяғында үкімет отбасын жоспарлау бағдарламасын енгізген кезде, халық санының азаюы оның «сапасын» жақсартады деген негіздеме болды. Осылайша, сапа жалғыз баланың сапасын өсіруге міндеттелген орта таптағы ата-аналарға арналды. Ресми дискурсқа сәйкес, адамның тәнінің, адамгершілік және тәрбиелік сапасы тек жеке күштің мәселесі ғана емес, сонымен қатар қоршаған орта ықпалының салдары. Алайда, орта таптағы ата-аналардың мұндай ортаға деген үміті Қытай метрополиясының ұсынысынан асып түсті.

>>

“Былтыр венгерлік Алтын виза бағдарламасы іске қосылғаннан бері Будапеште шетелдіктердің тұрғын үй сатып алуы анағұрлым өсті”

> Жеңілдікпен еуропалық үй

Осы тұрғыдан алғанда, қытайлық мигранттар Венгрияны кеңістіктік, әлеуметтік және білім беру ортасы қанағаттанарлық және өмір сүру құны қол жетімді орта деп санайды. Қытайлық «алтын визаны» иеленуші қоныс аударушылардың басым бөлігінің мақсаты – тиімді инвестиция ғана емес, отбасы үшін үй бола алатын,жақсы жерде орналасқан, қолайлы жылжымайтын мүлікті табу. Мінсіз үй феномені «тұрақтылық және тыныштану» сезіміне және үйге меншік ету ұғымымен байланысты. Мұраға берілетін үйге ие болу мүмкіндігі қытайлық мигранттарға қытайлық мегаполистердің біріне немесе заманауи капитализмнің кез-келген жаһандық және ірі қалаларына қарағанда, Венгрияда аз капиталды жарата отырып, сапалы өмір сүруге мүмкіндік береді – көп жағдайда, бұл – ел астанасы Будапешт.

Венгриялық алтын виза бағдарламасы іске қосылғаннан бері өткен жылға дейін Будапеште шетелдіктердің тұрғын үй сатып алуының өсімі байқалды; тұрғын үй нарығының жалпы серпілісіне қарамастан, қытайлықтар шетелдік жеке инвесторлардың ең үлкен тобын құрады.

Қытайлық тұрғындар арасында Будапешт жылжымайтын мүлігіне алтын визаны иеленуші иммигранттар ғана қызықпады. Бірқатар ұсақ саудагерлер де тұрғын үй құрылысына инвестиция салды. Дегенмен, зерттеуіміз көрсеткендей, қала орталығы екі топқа да танымал болғанымен, ұсақ саудагерлер қытайлықтардың көтерме және бөлшек сауда базарларына жақын немесе Пешт маңындағы жерлерде орналасқан қолжетімді жылжымайтын мүлік сатып алуға бейім болды. Алтын визаны иеленетін мигранттар жаңа тұрғын үй құрылыстарына, қымбат тұратын Буда жағалауындағы таулы және жасыл аймақтарға және Будапешт мегаполисіндегі жеке үйлерге қызығушылық таныта бастады.

Алтын виза бойынша қоныс аударған бірқатар азамат инвестициялық мақсатта да, қоныстану үшін де мүлік сатып алған болса да, үй таңдау мәселесінде олар негізінен мектептер мен тұрғын үй сапасы жоғары деп танылған аудандардан пәтер іздеді. Сапа туралы абстрактілі идеялар картаға түсіріліп, аудан мен мектептің нәсілдік қиылысы (әңгіме сығандар немесе иммигранттар балаларының болуы жөнінде) және таңдаулы космополитизм түрінде қалыптасқан таптық конституция ретінде бағаланды. Батыс өмір салтына қызығушылық танытып, бірақ мұсылмандар мен/немесе қара нәсілділердің болуынан қорқатын көптеген жаңадан келген қытайлық,өздері мигрант болғанына қарамастан,қазіргі Венгрия үкіметінің иммигранттарға қарсы оңшыл популизміне сүйенді. Жаңадан келгендердің көбі Батыс Еуропа елдеріне қарағанда, Венгрияны оларға мейірімділікпен қарайтын және кемсітуге жол бермейтін ел деп қабылдады. Парадоксты жағдай, сол сұқбаттасушылар өздерін қауіпсіз сезінуге мүмкіндік тудырған, босқындар мен мұсылман және/немесе африкалық иммигранттардың салыстырмалы түрде аз санының қоныстануына алып келген үкіметтің таңдаған иммиграциялық саясатын жоғары бағалады.

Ұлттық үкімет Венгрияның тұрғылықты тұрғыны статусын және азаматтығын беруді стратегиялық тұрғыдан Батыс Еуропадан тыс экономикалық ресурстарды алудың саяси құралы ретінде пайдаланады – не алтын виза бағдарламасы арқылы, не мемлекетаралық дипломатияның аясындағы арнайы арналар арқылы. Бұл билеуші саяси элитаның экономикалық мүдделерін қамтамасыз етеді және ЕС деңгейінде кейбір саяси және экономикалық ықпал ету тетіктеріне қол жеткізуге көмектеседі. Трансатланттық билік блогынан тыс өсіп келе жатқан жаһандық державаның азаматтары ретінде Қытайдың алтын визаны иеленуші мигранттары осы процестің бенефициарлары бола алады; бір қызығы, олар осы даулы саяси және экономикалық жағдайларда Будапеште өздерін үйлерінде жүргендей сезінуге және Еуропаға қатысты болуға қол жеткізуі мүмкін.

Хаттарды Фанни Бекке <beck_fanni@phd.ceu.edu>
Естер Книхарға <nyihar.eszter0302@gmail.com>
және Линда Сабоға <szabo.linda@periferiakozpont.hu> жолдауға болады.

> Италиядағы қытайлықтар: бизнес және идентификация

Тиң Ден, Халықтың қоныстануын зерттеу және оқыту орталығы, Браун университеті, АҚШ

Миланның қытай орамында жатын орынды жалдау туралы пошта жәшігіндегі шағын қытайша хабарландырулар. Ұсынған: Тиң Диң.

Юань 1988 жылы Болонияда дүниеге келген. Ол – Италияға алғаш 1930-шы жылдары келген қытайлық отбасының үшінші ұрпағы. Италия жеріне аяқ басқан алғашқы туысы–ауылындағы басқа бойдақтармен бірге Италияға сапар шегіп, шетелдегі бизнесте өз бағын сынап көрмекші болған атасының ағасы. Ол сол уақыттағы қытайлықтардың көбі сияқты, фашистік режимнің ұлтаралық некеге ресми түрде тыйым салғанына қарамастан, ауылдан шыққан итальяндыққа үйленді. Юаньның немере атасы екінші дүние жүзілік соғыс кезінде басқа қытайлық ер азаматтар сияқты Қытайға оралмады, бірақ ол итальяндық әйелімен бірге былғары сөмке жасау шеберханасын басқарды. Отбасында бірнеше бала болған, бірақ Юаньның айтуынша, олардың ешқайсысы кейін Италияға қоныс аударған қытайлық туыстарымен байланыста болған емес. Юаньның атасы 1950-ші жылдары Италияға кеткенде, ол ағасының қолында былғары бизнесінде жұмыс істеп, әйелі мен балаларын Қытайдың оңтүстік-шығыс жағалауындағы Вэнчжоу аймағындағы туған ауылында қалдырған. Юаньның әкесі және әкесінің бауырлары өз әкесімен 1978 жылы Италияда қайта қауышады. Италияда Юаньның әкесі қытай мейрамханасын ашады, оған әйелі мен қызы қосылады. Мейрамхана Болоньяда, яғни қытайлардың тығыз шоғырланған жерінде орналасқан. Юань әкесінің барлық бауырлары өндірістік шеберханалар және мейрамханалар ашқан. Классикалық тізбектік көші-қон жағдайында, Юаньның отбасы бизнестерінде жұмыс жасау үшін, өз ісін бастап кеткенге дейін, туыстарын Италияға бір-бірден алып келген.

Вэньчжоудан келген алғашқы мигранттардың ешқайсысы да өздерінен бастау алған тізбектік көші-қон Италия мен Еуропаның басқа да елдеріне жүздеген мың қытайлық біліктілігі жоқ жұмысшыларды алып келеді деп ойламаған болар. Қытай капиталистік әлемге ашылғаннан бері осы қытайлық эмигранттар «Еуропада тез байып кетуге» ұмтылды. 1980-ші жылдардың ортасынан бастап 2008 жылғы әлемдік рецессияға дейін

>>

Қытай эмиграциясы италиялық еңбек нарығымен тұспа-тұс келді, бұл қарқынды әлемдік сән индустриясында өсіп келе жатқан made-in-Italy брендтерінде жұмыс жасайтын арзан және икемді трансұлттық жұмыс күшін талап етті.

Қытайлық мейрамханалармен қатар өндірістік шеберханалар осы қытайлық эмигранттар буынына және олардың отбасыларының баюына мүмкіндік берген екі ірі бизнес ортаны қалыптастырды. Қытай дүниежүзілік тауар өндіруші және экспорттаушыға айналғанда, импорттық-экспорттық сауда және онымен байланысты көтерме сауда 1990-шы жылдардан бастап Италияға келген жаңа қытайлықтар үшін экономикалық жетістіктерге жетудің жаңа экономикалық жолы болды. Жаңа мыңжылдықта, Қытайдан жаппай көші-қон біртіндеп тоқтаған кезде, қытайлық этникалық экономика одан әрі шағын, бөлшек сауда және қызмет көрсету салаларына ұласты, көп қытайлық әртүрлі жергілікті халыққа бағдарланған көршілес шағын кәсіпкерлікте, оның ішінде кафелерде, барларда, тұтыну тауарларының арзан дүкендері мен шаштараздарда жұмыс жасай бастады. Соңғы жылдары Италиядағы қытайлық иммигранттардың басым бөлігі трансұлттық бизнеспен айналысуда: кейбірі Қытайға қайта инвестицияласа, басқалары екі елдегі қытайлық тұтынушылар үшін қарқынды дамып келе жатқан микробизнес секторына қатысу мақсатында WeChat-ты, Қытайдың әлеуметтік медиа платформасын пайдаланады.

Италиядағы қытайлық тұрғындардың топ ішілік алуан түрлілігі ұрпақ арасындағы айырмашылықтар тұрғысынан да айқын көріне бастаған. Италияда туған немесе сол жерде есейген Юаньмен құрдас қытайлық буын енді арзан жұмыс күшін сататын аға ұрпақ секілді этникалық экономикада қалуға қанағаттанбайды. Италияда туылған қытайлықтардың басым бөлігі жоғары білім алып, негізгі еңбек нарығына шығуға ұмтылуда. Алайда, қытайлық идентификация мен этникалық ресурстар әлі де қытайлықтардың жас буыны сенім артатын маңызды әлеуметтік және мәдени капитал болып қалуда. Олардың бір бөлігі негізінен қытайлық қауымдастықтарға қызмет ететін заңгерлер, дәрігерлер және басқа мамандар ретінде жұмыс істейді, ал басқалары Италияда жұмыс істейтін қытайлық жаңа мемлекеттік және жеке кәсіпорындарға жалданады. Тағы басқалары италиялық немесе басқа трансұлттық компанияларда жұмыс істеу үшін Қытайға көшті. Бір қызығы, қытай тілі қажетті болып саналмаған ортада өскен Юань және оның қытайлық құрдастары ересек кезінде мандарин тілін үйренуде. Юаньның буынындағы жас ата-аналар балалары үшін қытай тілінде білім беру қажеттілік деп есептейді.

Қытай, енді, сол жердегі өмірлік тәжірибесі шектеулі болуы мүмкін Италиядағы қытайлықтар үшін алыстағы қиялдағы мекен емес. Өсіп келе жатқан экономикалық держава ретінде Қытай Италияда қытайлық этникалық экономиканы қалыптастыруда маңызды рөлге ие. Қытайлық болу – экономикалық белгісіз осы шақ пен болашақта аман қалу үшін пайдалануға болады деп үміттенетін «этникалық капиталдың» түрі. Алайда, Қытай –Италиядағы этникалық қытайлықтар үшін ресурстардың сыр сандығы ғана емес. Ол Италияны ел ретінде бағалаудың бастапқы нүктесіне айналуда. Қытайдың экономикалық жетістігімен салыстырғанда, көпшілігі Италияның экономикалық тоқырауына ызаланып, тұтастай алғанда Еуропаның мультимәдени шындығынан түңілді. Көбі бетпе бет жолығатын күнделікті дискриминацияны «razzismo» деп сынайды, бірақ дүкендерде немесе барларда жұмыс жасаған кезде кезіккен басқа иммигранттарды, сондай-ақ итальяндықтарды бағалауда басым стереотиптерді жиі қабылдайды. Олар итальяндықтарды қытайлықтарға қарағанда, жалқау, немқұрайлы және еңбексүйгіш емес деп сынайды. Итальяндықтардың бос уақыт пен жалпы өмірден ләззат алу дәстүрінде өмір сүруіне таңдана отырып, Италиядағы қытайлықтардың көбі дәл осы қасиет Италияның экономикалық қиындықтарына ұшыратты деп санайды.

Қытаймен байланысты бірқатар даулы мәселелер бойынша, оның ішінде Гонконг экстрадициясы туралы заң, Шыңжаңмен және COVID-19 пандемиясымен байланысты наразылықта, Италиядағы қытайлықтардың негізгі бөлігі батыстық БАҚ-та Қытай мемлекетіне қатысты жаппай сын тағуына қарамастан, Бейжің үкіметінің жағына шықты. Шынында да, Қытайдың экономикалық (және барған сайын саяси) күш ретінде жаһандық өрлеуі, Италиядағы ежелден қалыптасқан қытай этникалық қауымдастықтарының бизнес контурларын қайта өзгертіп қана қоймай, Италиядағы қытайлықтардың этникалық санасын (қайта) қалыптастыратын диаспоралық ұлтшылдықты тудырды. Осы тұрғыдан алғанда, Юаньның атасы мен әжесі тастап кеткен Қытай және олар мекен ететін жер етіп таңдаған Италияны тану мүмкін емес. ■

Хаттарды Тиң Деңге <ting_deng@brown.edu> жолдауға болады.

> Сербиядағы қытайлықтар мәртебесінің өзгеруі

Елена Гледич, Бєлград университеті, Сербия

Сербия астанасындағы ресторан қытай туристерін тартуға тырысуда. Ұсынған: Елена Гледич.

Соңғы онжылдықта Қытай Халық Республикасы мен Сербия Республикасы арасындағы қарым-қатынас нығая түсті және мигранттар қауымдастықтары мен миграция тенденцияларының өзгеруіне алып келді. Сербиядағы қытайлықтардың мәртебесі экономикалық дағдарыстар кезінде қажетті тартымсыз аутсайдерлерден тартымды мүмкіндік және ықтимал қауіп ретінде қабылданатын күрделі топ мәртебесіне ауысты.

> Миграцияның алғашқы толқыны

Қытайлық мигранттардың алғашқы ірі топтары 1990 жылдары Венгрияның визалық талаптарындағы қолайсыз өзгерістерден кейін оңтүстікке қарай жылжып, Сербияға қоныстанды. Олар, негізінен, Қытайдың оңтүстік провинцияларынан шыққан, трансұлттық бизнесті жүргізетін және салыстырмалы түрде оқшауланған қауымдастықтарда өмір сүретін саудагерлер болды. Олар енді тауарларды бүкіл аймаққа таратуды Будапештен емес, Белградтан жалғастырды. Бұл кәсіпкерлер тұтынушылық тауарлардың жетіспеушілігінен пайда көруге болатын өтпелі экономикасы бар елдерді іздеуге мүдделі еді. Олардың жағдайын қытайлықтардың Шығыс Еуропаға миграциясының тарихи тенденцияларының жалғасы, сондай-ақ Қытайдың жаһандық позициясының өзгеру салдарыретінде қарастыруға болады. Мұны Сербияның Еуропадағы позициясы арқылы да түсіне аламыз – Еуропалық Одаққа қарағанда, талаптарының әлдеқайда «жұмсақтығына» байланысты қытайлық саудагерлер үшін қолайлы орын болғанымен, мигранттардың көбі осы өңірде мәңгі қалғысы келмеді. Балалары әлі де Қытайдағы мектепке барады, сондықтан елде жергілікті қытай халқы көп емес. Сербияның ЕО мүшелігіне енуі бәсеңдегеннен кейін көп қытайлық компаниялар Болгария, Румыния, Италия, Хорватия, ЕО-тың басқа елдеріне, тіпті Оңтүстік Америка мен Африкаға көшті.

Сербия халқының құрамындағы алғашқы қытай қауымдастықтарының мәртебесі бірқатар зерттеулер тақырыбына айналды. Қытайлық мигранттарды, негізінен, жақтырмайды, бұл олар сататын тауарлардың төмен сапасымен байланысты еді. Сербтер оларды 1990 жылдары экономикалық санкциялар кезінде дефицит болған тауарлардың кең спектрін жеткізушілер ретінде бағалады. Алайда, дәл осы барлығы жеңуге тырысқан

>>

аласапыран тарихи кезеңмен байланыс жағымсыз мәртебеге де ықпалын тигізді.

> Жаңа миграция және мобилдік

2009 жылы Қытай мен Сербия стратегиялық серіктестікке қол жеткізгеннен кейін екі елдің ынтымақтастығы одан әрі нығая түсті. «Бір жол, бір белдеу» бастамасы аясында Қытайдың Сербиядағы құрылыс жобалары мен инвестициялары едәуір өсті, мәдениет пен технология саласындағы ынтымақтастық кеңейді, жақында қытайлық дәрігерлер тобы Сербияның «Қытай үлгісіне» сәйкес COVID-19 пандемиясына қарсы шараларын әзірлеуге жетекшілік етті. Дегенмен, орын алған өзгерістер Сербияда тұрып жатқан қытайлық мигранттардың мәртебесіне айтарлықтай ықпал етпеді, себебі сербтер бұл кәсіпкерлерді Қытайдың синонимі деп санамайды [серб тіліндегі мақала]. Сонымен қатар, миграция мен мобилдіктің жаңа тенденциялары Сербияға қытайлықтардың жаңа толқынын алып келді және олар Қытайдың бет-бейнесі ретінде қабылдана бастады.

Қытайдың инвестициялық жобалары миграцияның жаңа толқынын тудырды. Сербияға белгіленген мерзімге ғана мигранттар, оның ішінде дене еңбегімен шұғылданатын және орта, жоғары буын менеджерлері келді. Бірақ, жобалар кең жарияланғандығына қарамастан, жаңа қытайлық қауымдастықтар көпшілік назарынан тыс, негізінен жұмыс істейтін жерлері – шалғайдағы құрылыс алаңдарының жанында орналасты. Осы жағдай Қытай құрылысшыларының Еуропаға алғаш рет осындай көлемде және мемлекетаралық келісімдер бойынша көшіп келуі еді және бұл көбіне заңсыз және аса байқалмайтын қоғамдық тамақтану немесе тігін шеберханалары түрінде орын алған қытайлық жұмыс күшінің ауысуын айқын көрсетті.

Сербиядағы қытайлықтардың екінші жаңа толқыны 2017 жылы қос тарап визасыз жүйе құрғаннан кейін миграция түрінде емес, мобилдікке байланысты болды. Бұл Қытайдың жоғарғы орта табына жататын қытайлық туристердің ағылуына алып келді, тіпті, туристік орындарды патрулдеу үшін Сербия және Қытай офицерлерінің бірлескен полиция бөлімшелері құрылды. Сербия, Кипр және басқа да Батыс Балқан елдерімен бірге, 2019 жылы қытайлық туристер саны күрт артқан Еуропа елдерінің қатарына кірді. Туризм деңгейінің өсуі Шығыс Еуропаның басқа елдеріндегі тенденцияларына ұқсас. Алайда, бұл Венгрияға немесе Португалияға сияқты орта тап иммиграциясымен қатар жүрмеді, бұл Сербияның ЕО-тан тыс орналасуымен байланысты болуы мүмкін.

> Ортақ болашақ жолында

Әлі күнге дейін соңғы оқиғалар туралы кешенді зерттеулер жоқ. Алайда, бұқаралық ақпарат құралдарына шолу және анекдоттық хабарламалар осы екі жаңа топқа серб халқының көзқарасы әртүрлі екенін көрсетеді. Соңғылары құпталады – іскер адамдар салыстырмалы түрде бай қытайлықтардың көп келуінде жаңа мүмкіндіктер көрді және үлкен немесе онша емес сәттілікпен олардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыратын қызметтерді реттеуге немесе құруға тырысты. Сербияның әрбір ірі туристік мекенінде ел үшін ықтимал экономикалық табыс айқын болды. Екінші жағынан, қытайлық инвестициялық жобалармен жұмыс істейтіндер кейде Сербиядағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі жағдайында мүмкін болатын қауіп ретінде де қарастырылды. Дегенмен, этносаралық достық туралы жеке әңгімелер мен жергілікті қауымдастықтар және қытайлық жұмысшылар арасындағы тығыз байланыстардың мысалдары бар. Қытайлық мигранттардың осы жаңа түрімен қарым-қатынас мүлдем басқаша дамуы мүмкін, сондықтан оларды мұқият бақылауда ұстау қажет.

XXI ғасыр тоғысында Сербияда тұрып жатқан қытайлықтарға келетін болсақ, олардың мәртебесіне геосаясат пен екіжақты қатынастардағы өзгерістер айтарлықтай ықпал етпеді, бірақ олар жаңа мүмкіндіктерге ие болды. Кейбірі құрылыс алаңдарына қытай тағамдары мен тауарларын жеткізу немесе туристік орындардың жанында қытай мейрамханалары мен шай дүкендерін ашу арқылы осы екі жаңа топты өз бизнестерін кеңейту мүмкіндігі ретінде қарастырды. Ал басқалары «жергілікті тұрғындар» жағдайын пайдаланып, бизнеске жобаларды жүзеге асыру немесе агенттіктерге турларды ұйымдастыру мәселелері аясында кеңес берді. Қытайлықтардың алғашқы толқыны бастапқыда жаңа мигранттарға қарағанда, төменгі әлеуметтік-экономикалық таптарға жататын болу керек - олар, сөзсіз, дамуы меже болған Қытайдан келді. Бүгін олар қытайлықардың жаңа толқындары қалайтын, өздерінің жергілікті білімдері мен тәжірибелерін қолдана алатын топ болып отыр. Уақыт өте келе, сербиялық тарапқа мәдениаралық түсінік беруі жергілікті халықтың олардың мәртебесіне қатысты көзқарасын өзгертуі ықтимал.

Қытайлықтардың әртүрлі топтары арасындағы динамика және олардың жергілікті қауымдастықтармен қарым-қатынасы жаһандық саяси экономиядағы өзгерістердің траекториясын көрсетеді. Популизм және қоғамдық денсаулық сақтау сияқты тұрақсыз факторлардың едәуір ықпалымен миграцияның жаңа тенденциялары қазіргі шекаралар мен иерархияларға қарсы тұрады және әр топтың позициясын қайта қарастыруды талап етеді. Сербиядағы қытайларды қабылдаудағы айтарлықтай айырмашылықтарды және Сербия мен Қытайдың өзгеріп жатқан ұстанымдары мен жағдайын ескере отырып, олардың мәртебесі мигранттардың болашақ толқындарының негізін қалыптастыра отырып, түбегейлі кері бағытта дамуы мүмкін. ■

Хаттарды Елена Гледичке <jelenagledic@gmail.com> жолдауға болады.

> Қытай мигранттары және COVID-19 пандемиясы

Мартина Бофулин, Словения Ғылым және Өнер академиясының зерттеу орталығы (ZRC SAZU), Словения

Венадағы граффити, Аустрия. 2020 жыл, наурыз. Суретті түсірген Себастиан Жемек.

> Пандемиямен байланысты нәсілшілдік

2020 жылдың басында SARS-CoV-2 тарала бастағаннан кейін көп ұзамай-ақ бүкіл әлемде қытайлықтарға қатысты алалау, нәсілшілдік және зорлық-зомбылық әрекеттері туралы хабарламалар көбейе бастады.[1] Қарапайым адамдар мен шенеуніктер арасында қорқыныш пен нәсілшілдіктің қосарлануы салдарынан қытайлықтарға айқайлаған, шабуыл жасаған және дүкендері мен мейрамханалары талқандалған.

Шабуылдардан ең көп зардап шеккендердің арасында Еуропада тұратын, Қытайдан келген, заңды өмір сүру құқығы негізінен экономикалық қызметтерімен байланысты шағын кәсіпкерлер болдымжәне олардың бизнесі ұлты «қытай» болғандықтан ғана зардап шекті. Осы шағын кәсіпкерлердің көпшілігі – 1980-ші жылдардың аяғы мен 1990-шы жылдардың басында Чжэцзян немесе Фуцзян провинцияларынан, сондай-ақ Қытайдың қалалық жерлері мен солтүстік-шығысынан «безгектен қашу» кезінде Қытайдан кеткендер. Олар ондаған жылдар бойы әдетте өркендеп жатқан көтерме сауда компанияларын (негізінен Шығыс және Орталық Еуропада), шағын тігін кәсіпорындарын (Италия мен Испанияда) және қытай мейрамханаларын басқара отырып, қоныс аударған елдерге интеграциялана алды. Тұлғааралық қатынаста, сондай-ақ мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста ауызекі қорлау мен алалауға ұшыраганмен, өздерін қауіпсіз сезінді және кемсітудің бұл түрін қалыпты деп қабылдады. Сондықтан оларды «көрінбейтін» азшылық дейді және олардың Еуропадағы нәсілшілдік туралы пікірталастарда белең алуы аз.

Вирустың Еуропаға жеткені туралы хабарланғаннан бірнеше апта өткеннен кейін Еуропадағы қытайлық шағын кәсіпкерлердің сатылымдары және мейрамханаларына келушілер саны күрт төмендеді, ал кейбірі вандализмге

>>

ұшырады (мысалы, Италияда). Автобустарда немесе дәрігер кабинеттерінде (Германияда, Италияда, Словенияда) шеттетуді сезінді, көбіне, бетперде кигені үшін мазаққа қалды, шабуыл жасалды және соққыға жығылды (Италияда, Нидерландыда, Ұлыбританияда), сонымен қатар, өздерін қорғауға тырысқан кезде бетперделерді алыпсатарлық үшін сақтады деп айыпталды (мысалы, Словенияда). Сондай-ақ, тек қытайлықтар ғана емес, түр-әлпеті азиялық кез-келген адам, ол жақында саяхаттаған-саяхаттамағандығына немесе Азияда болған-болмағандығына қарамастан, дәл осындай кемсітушілікті бастан кешті.

> Қарсылық актілері

Шеттетудің осындай жан түршігерлік актілері көп елде қарсылыққа тап болды. Мысалы, Италияда бала кезінде Чжэцзяннан көшіп келген Массимилиано Мартигли Цзян Флоренцияның басты туристік орындарының алдында «Мен вирусемеспін, Менадаммын. Өзкөзқарастарыңыздан арылыңыз» деген баннермен түскен суреттерін әлеуметтік желілерге сала отырып, науқанды бастады. Швецияда корей-швед суретшісі Лиза Вул-Рим Сьёблом пандемия кезінде азиялықтар жапа шеккен шеттету туралы бір панельді комикстерімен бөлісті, ал италиялық суретші Лаика Римдегі азиялықтарға қатысты пандемия мен нәсілшілдік арасындағы байланысқа арналған көше өнерін ұсынды. Осылайша, COVID-19 нәсілшілдігі Еуропадағы түрлі-түсті адамдарға қатысты жүйелі және тұлғааралық нәсілшілдік туралы пікірталастардың дамуына, сондай-ақ шығу тегі азиялық еуропалықтар мен Азиядан жаңадан келгендер белсенділігінің артуына ықпал етті.

> «Үйге оралудан» шеттету

Қытайдан тысқарыдағы қытайлық мигранттарға қатысты нәсілшілдік БАҚ-тың көп хабарламалары мен Уикипедияның арнайы парақшасында жақсы мәлімделген болса да, Қытайға оралғандағы шеттету туралы мәлімет жоқтың қасы. 2020 жылдың наурызында вирустың жаңа локалды таралуының жоқтығын жариялай отырып, Қытай Халық Республикасы шетелден «енген жағдайларды» мұқият қадағалады. Олар вирустың таралуын тежеу үшін қысқа мерзімде түрлі шаралар қабылдады, ал Қытай елшіліктері, диаспора ұйымдары және мигранттардың туған қалаларының өкілдері мигранттарды Қытайға оралмауға шақырды. Шетелден келген қытай азаматтарының кері ағымы Қытайдың вирусты тежеу үшін қабылдаған қатаң шараларының, сондай-ақ вирусты тиімді және тез жеңген елдің «сәттілік нарративтеріне» қауіп төндірді.

Үкімет бастаған «сырттан енген жағдайлардың» қаупі туралы дискурс әлеуметтік медиа пайдаланушылары арасында да таралды. Көп желі қолданушылары оралғандарды «келген жеріне қайтуға» шақырды және оларды өздерін «алып нәрестелер»[2] сияқты ұстағаны және «Отан құрылысына қатыспағаны үшін, бірақ оған зиян келтіру үшін алыстан бірінші болып жүгіргені» үшін айыптады. Шеттету туралы дискурс қырық жыл бұрын реформалар басталғаннан бері шетелдік қытайлардың Қытайдың ұлттық құрылысында ықпал еткен символдық рөлінің мүмкін болатын трансформациясын көрсетеді; бұрын қытайлық мигранттар Отанын модернизациялауға үлес қосқан патриоттар ретінде қарастырылатын.

Көптеген қытайлық мигранттар қоныстану мекенінде, сондай-ақ туған жерінде шеттетуге тап болғаннан кейін, өздері кіретін топ мүшелері – туыстары, достары мен отандастары тарапынан да COVID-19 байланысты стигматтауға тап болды.Стигматтау, әсіресе, Чжэцзян провинциясындағы Цинтянь сияқты Қытайдағы дәстүрлі эмиграция орындарынан шыққан және дүниежүзінің әртүрлі жерлері мен Шығыс Қытайдың таулы бөлігіндегі туған мекенін байланыстыратын туыстар мен достарының тығыз әлеуметтік желілерімен өмір сүретін шағын кәсіпкерлер арасында күштірек болды.

Осындай жағдайлардың бірі диаспора бұқаралық ақпарат құралдарында егжей-тегжейлі, яғни онда Еуропадағы қытайлар арасында COVID-19 алғашқы құрбандарының бірінің отбасы тек қауесеттерге ғана емес, сонымен бірге отандастары тарапынан да қоқан-лоққыға ұшырағаны сипатталды. Отбасы мүшелері өздерін жауапкершілікпен әрекет ету және вирустың таралуын болдырмау үшін қолдан келгеннің бәрін жасады деп санағанымен, оларды басқа мигранттардың өмірі мен бизнесіне қауіп төндірді деп айыптады. Бұл жаңалық қоныстану еліндегі мигранттар қауымдастығы арасында ғана кең таралып қоймай, туған жерлерінде де тезжайылды және Цинтяньда қалғандар арасында отбасының стигмасын күшейтті.

Осылайша, пандемия шеттету мен алалау көші-қон процесінде қоныстану елдерінен басқа барлық жерлерге шығатын қытайлық мигранттар тәжірибесінің маңызды бөлігі болып табылатынын айқындады. Сондай-ақ, ол Қытайдағы қытайлық мигранттарға қатысты шеттетудің жаңа дискурсының пайда болғанын көрсетті. Жалпы деңгейде, бұл сонымен бірге мобилділікті шектеу немесе тар мағынада қай мобилділік рұқсат етілгенін, ал қайсысы рұқсат етілмегенін айқындау үшін пайдаланылатын мигранттар мен ауруларды байланыстыратын образдардың сақталып тұрған маңыздылығын көрсетеді. ■

Хаттарды Мартина Бофулинге <martina.bofulin@zrc-sazu.si> жолдауға болады.

1.https://www.euractiv.com/section/global-europe/news/covid-19-crisis-triggers-eu-racism-against-asians-rights-agency-says

2. «Алып нәрестелер» ұғымы психолог У.Чжихуннің *The Country of Giant Babies* [Алып нәрестелер елі] кітабынан алынды. Кітапта жас қытайлықтардың тұлғалық дамуы сыналады. Бұл ұғым талғампаз және тәкаппар адамдарды сипаттау үшін Интернетте жиі қолданылады.

> Әсіре оңшыл режимдерді салыстырмалы талдауға

Уолден Белло, Нью-Йорк мемлекеттік университеті, Бингемтон, АҚШ

COVID-19 пандемиясы қоғамды солшылдардың неғұрлым прогресшіл бағыттары бойынша қайта ұйымдастыру туралы идеялардың жандануына түрткі болды. Дүниежүзін қамтыған вебинарларда адамдарға солшыл кейнсшілдіктің қайта өрлеуі, өсуді тежеу, деглобализация, экофеминизм, азық-түлік егемендігі, эмансипациялық марксизм, Buen Vivir немесе «Жақсы өмір» сияқты баламалардың алуан түрі ұсынылды.

Жалғыз проблема – либералдық демократия мен неолибералдық экономика басым парадигмасының дағдарысы одан сайын тереңдеп, экономист Дени Родрик айтқандай, «баяу өліп жатқандығы» әбден мүмкін болғанымен де ұсынылған керемет идеялардың саяси тартымдылығы әлсіз әрі сенімсіз.

Саяси спектрдің қарама-қарсы жағында консерваторлардың да, әсіре оңшылдардың да нағыз жаңашыл идеялары жоқ, ал қызықты идеялардың бірі болған деглобализация солшылдардан «ұрланған». Дегенмен, әсіре оңшылдар саяси импульсқа ие және COVID-19 тұрақсыздандырушы ықпалы осы импульсты үдетуі мүмкін.

Әсіре оңшылдардың жаһандық жандануы – соңғы жарты ғасырдағы екі ірі тосын құбылыстың бірі. Екіншісі – жиырмасыншы ғасырдың соңғы онжылдығында Шығыс Еуропа мен Кеңес Одағында социалистік режимнің күйреуі.

2010 жылы бүкіл әлемде Венгрияны есепке алмағанда, «жаңа әсіре оңшылдар» деп атауымызға болатын режим қалған жоқ. Қазір жеті алпауыт демократияның төртеуінің: Үндістан, АҚШ, Бразилия және Филиппин, – билік басына әсіре оңшыл қайраткерлердің келгеніне куәміз. Билік коалицияларына кірмеген жағдайда да, олар электораттық күшінің арқасында, саясаттағы негізгі мәселелерді шешуде басымдықты оң жаққа ығыстырады, мысалы Германияда, Данияда және Италияда.

Оңшыл режимдер Жаһандық Солтүстікте де, Жаһандық Оңтүстікте де билікке келді. Ортақ сипаттамаларының болғандығына қарамастан, билеуші топтарға тән өзіндік ерекшеліктер бар. Олар жаһандық саяси экономикада алатын орындарымен байланысты, сондықтан талдаудың мақсаты үшін әрқайсысын жеке қарастырған тиімді. Алайда, жаһандық саяси-экономикалық орны бұл режимдердің шығуы мен даму қарқынын түсіндіретін жалғыз және басты себепші деуден аулақпыз.

> Жаһандық Солтүстіктегі әсіре оңшылдар

Жаһандық Солтүстікте әсіре оңшыл режимдер мен тұлғалардың күш алуына қандай факторлар ықпал етті?

Біріншіден, Еуропа мен АҚШ-тағы әсіре оңшылдар неолибералдық саясаттың халықтың өмір сүру жағдайына кері ықпалын пайдалана алды. Социал-демократтар немесе солшыл центристер неолибералдық саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысты. Бұл олардың басым бөлігінің бойына социал-демократиялық партияларға енді қорғаушы ретінде сенім артуға болмайды деген сезім ұялатты және оңшыл центристердің неолибералдық саясатты жалпы қолдауын және әдетте солшылдар жақтайтын, бірақ өздері оппортунистік жолмен иеленген «велфаристік» позицияларды ептілікпен ығыстырған оңшылдар алдында әлсіз етті.

Екіншіден, Еуропадағы әсіре оңшылдар Еуропалық Одақтың (ЕО) сайланбаған технократиялық басшылығы мүше мемлекеттердің демократиялық жолмен сайланған ұлттық көшбасшыларын басқарып

>>

“Консерваторлардың да, әсіре оңшылдардың да нағыз жаңашыл идеялары жоқ, ал қызықты идеялардың бірі болған деглобализация солшылдардан «ұрланған». Дегенмен, әсіре оңшылдар саяси импульсқа ие және COVID-19 тұрақсыздандырушы ықпалы осы импульсты үдетуі мүмкін.”

жатқандығы туралы мәлімдей отырып, демократия мәселесін көтерді және ЕО-қа қарсы наразылықты тудыра алды. Осылайша, 2015 жылы «Тройка» деп аталатындар Грекия референдумының нәтижелерін назарға алмастан, қатаң үнемдеуге қатысты бағдарламаны Грекия халқына таңды. Франциядағы Ұлттық майданның көшбасшысы Марин Ле Пен: «Таңдау – не демократия, не Еуродиктатура», – деп, өзін демократ ретінде ұсынды.

Үшіншіден, әсіре оңшыл партиялар, нәтижелі оппозицияның аз бөлігімен, мигранттар мәселесінде де доминантты бола алды. Олар миграция саласындағы өміршең саясаттың жоқтығына оңшыл центристер мен солшыл центристерді айыптап қана қоймай, оңшыл центристер, солшыл центристер және Еуропалық Одақ еуропалық және американдық қоғамды күйрету үшін «мигранттар ордасын» құру мақсатына қатысы бар деген қастандық теориясын да ұсынды.

Миграцияға қарсылық және ақ нәсілді қоғамның азшылықтан үстем болуын қамтамасыз ету – әсіре оңшылдар арқа сүйейтін және оларды мобилизациялайтын негізгі мәселе, яғни нәсілшілдік гештальт аясында антиглобализацияның, антинеолиберализмнің және «продемократиялық» позицияларының оппортунистік насихатын жүргізеді. Францияда Марин Ле Пеннің Ұлттық майданы (ҰМ), мысалы, байлыққа салық салуды қалпына келтіруге үндеуде, ал ондаған жылдар бұрын оның өзі прогресшіл салық салудың барлық формаларын қолдайтындығы туралы мәлімдеме жасаған еді. Экономист Томас Пикеттидің пікірінше, бұл – партияның «әлеуметтік бетбұрысының» бір бөлігі немесе байлыққа салықты жоғарылату арқылы жұмысшыларды әлеуметтік қорғау жүйесін қолдау түрі. Венгрияда Виктор Орбанның «Фидес» партиясы отбасына бөлінетін жәрдемақыны көбейтті және жұмыссыздар үшін субсидияланатын жұмыс орындарын құрды. Әсіре оңшылдар көшбасшылары әлеуметтік қамсыздандыруды қорғау және дамыту, жұмыс орындарын сақтау және экономиканы қорғау бойынша белгілі бір іс-шараларды құптайды және қолдайды, егер осы іс-шаралардың бенефициарлары (алушылары) тері түсі «дұрыс», мәдениеті «дұрыс» және этникалық шығу тегі «дұрыс» адамдар болса ғана. Әрине, осындай позиция ашық айтылмағанымен, жеткен хабарлама мәні түсінікті және осы уақытқа дейін өз нәтижесін көрсетіп отыр.

> Жаһандық Оңтүстіктегі әсіре оңшылдар

Егер Жаһандық Оңтүстікке назар аударсақ, Солтүстіктегі сияқты неолибералдық құрылымдық қайта құру демократиялық елдер азаматтары басым бөлігінің өмір сүруінің нашар жағдайын одан әрі күрделенуіне ықпал етті. Филиппин, Үндістан және Бразилияда орын алған жәйттар – либералдық демократиядан бас тарту – іргелі құбылыс болды. Филиппинде Родриго Дутерте, Үндістанда Нарендра Моди, Бразилияда Жаир Болсонару осы бас тартудың бейнесі: Дутерте мыңдаған адамның соттан тыс жазалануына төрағалық еткенінде, орындалуы тиіс процесті бұзғандығымен мақтануда, Моди зайырлы және алуан түрлі Үндістанды құлдыратумен аты шықты, Болсонару Бразилияны 20 жыл билеген әскери диктатураны аңсауда.

Үш қоғамда да азаматтардың либералдық демократиядан оқшауланудың түсіндіретін нәрсе – либералдық демократия уәдесімен шынайылық арасындағы үлкен алшақтық. Үндістан Конституциясындағы, 1987 жылғы Филиппин Конституциясындағы және 1988 жылғы Бразилия Конституциясындағы жарқын идеалдар мен жаппай кедейлік, теңсіздік және заңның жұмыс жасамауы орын алған шынайылық арасындағы алшақтық, сайып келгенде, жаппай көтерілуге алып келуі қажет еді.

Билікке әсіре оңшылдардың келуін, орта таптың түнілуін есепке алмай, түсіну мүмкін емес. Жиырмасыншы ғасырдың соңғы 30 жылында орта тап Жаһандық Оңтүстіктегі диктатураны құлатудың негізгі факторына айналды. Алайда, соңғы жиырма жылда либералдық демократияның берген уәделерін орындауға қауқарсыз екендігіне және өмір сүру деңгейлерінің нашарлауына ызаланды. Олар радикалды саяси шешімдерді, кейбірі неолибералдық саясаттың кереғар ықпалына қарамастан, неолиберализмді қолдады. Бұл саясат орта таптың кей өкілдерінің өмір сүру жағдайын қиындатқанымен, басқаларына оң ықпал етті, оның ішінде төменгі таптың бір бөлігіне де, яғни «қаланатын орта тап» деп аталатын құбылыс немесе табыс деңгейіне шаққанда орта тапқа кірмейтін, бірақ орта тап болуға ұмтылатын адамдардың пайда болуы орын алды. Соңғы құбылысты құп қабылдап, Моди, Дутерте және Болсонару неолибералдық саясатты қолдады, ал бұл уақытта Солтүстіктегі

олардың бірқатар әріптестері оппортунистік себептерге байланысты одан алшақтауға тырысып жатты.

Қылмыспен «қауіпті таптар» алдындағы қорқыныш – орта таптың оңшылдар жаққа мобилизациясының тағы бір факторы, бұл теңсіздік пен кедейліктің кең етек жаюынан кейбір адамдардың есірткі мен қылмысқа бет бұрған кезеңінде ерекше өзекті бола бастайды. Бразилияда да, Филиппинде де орта таптың қылмыс пен есірткіден қорқынышы, сөзсіз, сайлау кезіндегі көтерілістің негізгі факторы. Дутертенің данышпандығы, әрине, есірткі мен қылмысты әлеуметтік контекстен «жұлып» алып, оны барлық таптар: байлар, орта тап және кедейлер тап болатын басты мәселесіне демагогиялық айналдыруында.

Сондай-ақ, жемқорлыққа қарсы позицияның да тартымдылығы бар және тек орта тап үшін ғана емес. Сайлау «жалқаулардан құтылу» кампаниясымен толықтырылады. Дегенмен, жемқорлыққа қарсы платформа негізінде билікке келген кез келген партия билік қолына тиген соң жемқор болады, сондықтан адамдар сайлау кампанияларына немқұрайлық танытады да оларды, мүмкін, көп тезистерімен келіспейтін және саяси құқықтары үшін қауіпті деп те санайтын, бірақ жемқорлыққа бой алдырмаған имиджді қалыптастыруға қабілетті (шынайы өмірде барлығы да басқаша болуы ықтимал) Үндістандағы Моди немесе Филиппиндегі Дутерте сияқты көшбасшылар қызықтыра бастайды.

Бразилияда сайлаушылардың басым бөлігі Жұмысшы партиясының кей басшыларының жемқорлыққа қатысы бар деп, оны жазалау үшін Болсонаруға дауыс берді. Сыбайлас жемқорлық былығына барлық партия араласқанымен, сайлаушылар ашуын Лула партиясы қабылдады, себебі, ол Президент болғанға дейін кіршіксіз таза еңбегімен мақтанған еді, ал билікке келгеннен кейін жемқор деген күдікке ілінді. Лула және оның ізбасары Дилма Руссеффке дейінгі режимдерде сыбайлас жемқорлық деңгейі әлдеқайда жоғары болатын, бірақ айқын өтірікке қарағанда, екіжүзділік ақысы жоғарырақ сияқты.

Ал жұмысшы табына, шаруаларға, қалалық және ауылдық кедейлерге келетін болсақ, олардың арасында Дутерте мен Модидің кең қолдауға ие екенін жоққа шығару ақымақтық болар еді. Дегенмен, осы тұлғаларға көрсетілетін төменгі тап пен орта тап қолдауы арасында айырмашылық бар деуге болады. Антонио Грамшиге сүйенсек, төменгі тап пікірі «белсенді емес консенсусқа» саяды, ал орта тапта көзқарастары теледидарда, интернетте және баспа беттерінде көрініс табатын «белсенді консенсус». Орта тап интеллигенциясы әрқашан да қоғамдық пікірді қалыптастыруда жетекші рөл ойнайды, ал Үндістан мен Филиппинде осы қабаттың басым бөлігі Моди мен Дутертені қолдады.

Соңында, бірқатар әсіре оңшыл тұлғалардың жетістігін олардың харизмасын есепке алмай түсіндіруге болмайды. Дәл осылай, Моди және Дутерте – харизмалық тұлғалар, олар рационалды есепті, таптар мен патронажға негізделген түсіндірмелерді елемей, көпшілікті айтқандары мен істегендерінің бәрін қолдауға немесе оған төзуге мәжбүрлейді. Солтүстіктегі әсіре оңшыл тұлғалардың ешқайсысы осы екі тұлғаның жаппай, жан-жақты аппеляциясына жақындай алмайды, дегенмен Дональд Трамп кейсін алсақ, оның партиясына және көпшілік базасына харизмалық ықпалы бар сияқты, бұған 2020 жылғы сайлауда 74 миллионнан астам американдықтың дауыс беруі кепіл – 2016 жылы жинаған дауысынан 11 миллионға көп.

> Қорытынды

Жаһандық Солтүстік пен Жаһандық Оңтүстіктегі әсіре оңшылдар режимдері ортақ сипаттамаларға ие. Мақалада осылардың арасындағы айырмашылықтар сараланған. Мақсат – қазіргі жаһандық саяси конъюктурада олардың орталық пен сол жақтағы өз қарсыластарына қарсы саяси импульс алуын жан-жақты түсіндірудегі ортақ іске өз үлесімді қосу.

Хаттарды Уолден Беллоға <waldenbello@yahoo.com> жолдауға болады.

> Латын Америкасы әлеуметтануының

әмбебап мақсаты

Эстебан Торрес, Universidad Nacional de Córdoba-CONICET, Аргентина

Жаһандық диалогтың осы бөлімі белгілі латынамерикалық авторлар тобының теориялық жаңалықтарының, интеллектуалдық бағыттарының және болашақ жобаларының шағын топтамасын ұсынады. Әріптестердің бәрі күн сайын Латын Америкасының әлеуметтік болмысын және кейбір жағдайда, әлемдік қоғамды жан-жақты зерттеудің жаңа теориялық құралдарын жасау үшін жұмыс істейді. Бөлім авторлары ұлттық идентификацияны қабылдаумен қатар, өздерінің интеллектуалды жобаларында із қалдырған маңызды латынамерикалық идентификацияға сүйенеді. Яғни олар бір уақытта аймақтық және әлемдік қоғамның болашағы үшін интеллектуалды міндеттерді шешеді. Осы авторлар негізінен, басқалармен қатар, жаңартуды, құрылымдық реформаны немесе қазіргі әлемдік әлеуметтанудың революциясын ұсынады. Олардың ешқайсысы өз шығармашылық күштерін тежеуге дайын емес және барлығы дерлік өзге идеяларды ұдайы өндіруші болғысы келмейді. Әрқайсысының аймақтық және әлемдік әлеуметтік ғылымдардың қазіргі жағдайына, саланың негізгі теориялық және саяси мәселелеріне, сондай-ақ әлеуметтік өзгерістер процестеріне байланысты білім өндірісі болашақта қалай дамуы тиіс екендігі туралы өз болжамы бар.

Қыруар еңбегі және дарыны арқылы елдерінде, аймақта және барған сайын бүкіл батыс әлеміне танымал осы әріптестер тобындағылардың – анығын айтсақ, жақсы мағынадағы ерекше амбициялары бар. Олар жаңа әлеуметтік теорияларға негізделген зерттеулерге берік сенеді. Әр автор өз зерттеулеріндегі, теориялық талдауларындағы және әлеуметтанулық өзгерістердегі әртүрлі объектілерден, өлшемдерден және проблемалардан шабыт алады. Әрқайсысының идеологиялық идентификациясында, нормативті шешімдерінде және саяси ұстанымдарында да айырмашылық бар. Ұсынылған топтамадағы алуан көзқарастардың жиынтығы – авторлардың бүгінгі тарихи кезеңдегі ұлы мәселелердің жергілікті қырын тану арқылы өзіндік ой түйе алғандығын, түсіндіре алатын өзіндік әлеуметтік теорияларды өндіруде алға жылжығанын және өз референттік қауымдастығында күтілетін көкжиекке қолдана алатындығының дәлелі.

Алайда, бұл бөлімдегі барлық айырмашылықтар әр сөйлемді құрылымдайтын және тамыры Латын Америкасының ең жарқын тарихына бойлайтын жоғары деңгейдегі жалпы ұмтылысқа бағынады.

Әрбір интеллектуалдық траектория аймақтық автаркияның, сондай-ақ Латын Америкасының теориялық бағыныштылығының кез-келген принципінен түбегейлі бас тартуға негізделген. Авторлардың әрқайсысы латынамерикалық идентификация мен траекторияны жағымды және ерекше құндылық деп санайды, шығу тегі мен орны оның әлемдік қоғамдастықта ойлауы және әрекет етуін шектемейді, керісінше әлемдік аренадағы автономиясының қайнар көзі. Осы түбі аймақтық тарихтан басталатын әртүрлі азаттық мұраларға негізделетін жалпы баға болмағанда, мұнда синтезделген интеллектуалдық траекториялар және идеялармен қатар жүретін сенімділікті, күш пен өзіндік ерекшелікті түсіндіру мүмкін емес еді.

Атап өткім келетін соңғы нәрсе – осы бөлімге енген авторлардың басым көпшілігі – Consejo Latinoamericano de Ciencias Sociales-тегі (CLACSO) Teoría social y realidad latinoamericana [Әлеуметтік теория және Латын Америкасының шындығы]жұмыс тобының өкілдері. Хосе Маурисио Домингес екеуіміз қазіргі уақытта бірге үйлестіретін, Латын Америкасы әлеуметтануы мен әлеуметтік ғылымдардағы автономды теориялық өндірістің тапшылығын жеңуге ниетті 40-қа жуық зерттеушіні біріктіретін осы көпұлтты ұжымдық кеңістікті құрдық. Осы қадамды одан әрі алға жылжыту үшін, басқалармен қатар, әлемдік әлеуметтануда әртүрлі елдер мен аймақтық блоктар арасында эгалитарлық теориялық диалог құру қажет. Жаһандық диалогтың бірлескен редакторы Клаус Дёрренің Латын Америкасы бөлімін құруға деген жомарт ұсынысы – тарихи уақытымызды талап ететін жаңа жаһандану рухының керемет үлгісі.

Хаттарды Эстебан Торреске <esteban.torres@unc.edu.ar> жолдауға болады.

> Әлемдік парадигма:

әлеуметтануға жаңа ұсыныс

Эстебан Торрес, Universidad Nacional de Córdoba-CONICET, Аргентина

Жиырма бірінші ғасырдың басынан бастап әлемдік қоғамдағы негізгі әлеуметтік трансформациялар әлеуметтанудың дамуын оның пайда болуынан бастап бүгінгі күнге дейін басқарған екі парадигманы жояды: модерндік парадигма және анти-модерндік постмодерндік парадигма. Осы мәселе парадигманың өзгеруін талап етеді. Менің ұсынысым «әлемдік парадигма» (ӘП; paradigma mundialista немесе PM, испан тілінде)[1] деп аталатынжаңа, ғылыми бағытталған, постмодерндік бағдарламаны ұсына-ды. Бұл интеллектуалды галактика әлемдік қоғам, әлемдік әлеуметтік өзгерістер және әлемдік әлеуметтану туралы жаңа түсінікке ие. Мен осы элементтердің кейбірін қарастырамын.

> COVID-19 кейінгі мундиализация

Латын Америка әлеуметтануында болып жатқан негізгі өзгерістер бір уақыттағы дағдарыстардың екі түріне реакция: (1) неолиберализмнің шиеленіскен дағдарысы және (2) әлеуметтану мен тарихи қоғамдар ойластырған түрдегі қоғам идеясының басталып жатқан дағдарысы. Бірінші дағдарыс мемлекетті қайта орталықтандырудың жаһандық процесіне; екіншісі бұрын-соңды болмаған ақыл-ой және зияткерлік мундиализация процесіне байланысты күшейе түсті. Латын Америкасынан көріп отырғанымыздай, екі дағдарыс, сондай-ақ аталған жағдай мен мундиализация процестері 2008 жылғы жаһандық қаржы дағдарысының, Латын Америкасындағы өрлемелі өңірлік интеграцияның соңғы толқыны (2003-2015 жж.) және қазіргі COVID-19 пандемиясының салдарынан күрделене түсті. Егер неолиберализм дағдарысы анти-модерндік постмодерндік парадигмаға теріс ықпал етсе және модерндік парадигмаға оң ықпал етсе, қоғам идеясының дағдарысы қазіргі парадигмаға неғұрлым қатал болса да, екеуіне де теріс әсер етеді. Оның жаңашылдығын және оның әлеуметтік детерминация әлеуетін ескере отырып, мен соңғысына тоқталамын.

COVID-19 пандемиясы – адамзат тарихында алғаш рет ақыл-ой мен интеллектуалдық мундиализацияның гиперждеелдетілген процесін тудырған басты оқиға. Бұл процесс кем дегенде үш негізгі компоненттен тұрады: (i) ұлттық, аймақтық және жаһандық салалардың жиынтығын біріктіретін біртұтас әлемдік қоғамдастықтың бастапқы идеясы; (ii) елдер мен аймақтар арасындағы теңсіздіктің болуы туралы жазба; (iii) әлемдік қоғамның қазіргі заманғы немесе «модернизация процесінде» ғана емес деген түйсігі немесе растауы.

Жоғарыда аталған мундиализация процесі модерндік және анти-модерндік постмодерндік парадигмалардың одан әрі сарқылуын көрсетеді. Екеуі де әлеуметтанудың негізі ұлттық қоғам екендігі туралы белгілі алғышарттан туындайды. Ұлттық қоғамның идеясы ғана емес, сонымен бірге өзінің идеологиялық нұсқаларымен – бірінші өнеркәсіптік революциядан бастап Жаһандық Солтүстіктен таралған өзін-өзі референттеу және шектейтін көзқарас. Өзінің ең күрделі нұсқаларында ұлттық қоғамның бұл идеясы терең және рефлексивті әмбебаптылыққа айналды, бұл оның тарихи қоғамдарының құндылығын арттыру үшін перифириялық елдердің академиялық топтарының жаппай ассимиляциясын жеңілдетті.

>>

“COVID-19 пандемиясы – адамзат тарихында алғаш рет ақыл-ой мен интеллектуалдық мундиализацияның гиперждеделдетілген процесін тудырған басты оқиға”

Модерндік және постмодерндік парадигмаларда әдіснамалық, эпистемологиялық және теориялық ұлтшылдықтың әртүрлі түрлері жатыр. Әлемдік әлеуметтанудағы жаһанданудың қазіргі батыстық теорияларының басым көпшілігі осы шектеулі шеңберде.

Модерндік және постмодерндік және антимодерндік парадигмалардың өсіп келе жатқан жеткіліксіздігі аталған екі дағдарыста ғана айқын емес. Латын Америкасындағы әлеуметтануды және ішінара 1980 жылдары басталған әлемдік әлеуметтануды қайта құрылымдаудың тарихи процесімен де күрделене түседі. Қайта құрылымдау әлеуметтанулық және академиялық саяси практикадан тыс материалдық алшақтықпен және әлеуметтанулық практиканың ғылыми, сыни және саяси қозғалтқыштарының арасындағы интеллектуалдық алшақтықпен байланысты. Бұл бөліну процесі әлемдік әлеуметтанудың ғылыми ыдырауы мен саяси әлсіздігін тереңдетіп, саяси актерларға қолжетімді интеллектуалдық ресурстарды азайтты.

> Әлемдік парадигманың ғылыми жобасы

Осы жағдайға байланысты прогресшіл және солшыл әлеуметтану қазіргі заманғы өзегін қалпына келтіріп, сонымен бірге оны жаңа әлемдік парадигма (ӘП) бағытында жеңіп шығуы керек. ӘП әлеуметтану тұжырымдамасын әлемдік қоғамды трансформациялауға бағытталған локализацияланған және мультилокализацияланған әлеуметтік ғылыми күш ретінде ұсынады. Бұл парадигма жаңа постмодерндік ғылыми жобаны, әлеуметтанулық теория мен зерттеудің ғылыми, сыни және саяси ядролары арасындағы қайта қосылудың жаңа моделін, сондай-ақ әлеуметтанулық және саяси практика арасындағы делдалдықтың жаңа құрылымын қажет етеді. Мен ӘП бірінші компонентіне тоқталамын: мундиализация қағидаты, локализация қағидаты және тарихнама қағидаттары арасындағы диалектикада орын алатын ғылыми жоба[2]. Мундиализация қағидаты қоғамның алғашқы субстраты ұлттық емес, әлемдік деп болжайды. Бұл революциялық алғышарт, өйткені ол модерндік және постмодерндік парадигмалардың ядролық кеңістіктік теңдеуін өзгертеді. Мундиализация қағидаты әлемдік қауымдастық идеясын үш жүйелік деңгей арасындағы өзара әрекеттестікте пайда болатын ең жоғары бірлік ретінде көрсетуге мүмкіндік береді: (i) бөлінбейтін және қиыспайтын салалар ретінде қарастырылатын ұлттық, аймақтық және жаһандық бағыттардағы қатынастар; (ii) орталық пен периферия арасындағы қатынастар; және (iii) модерндік мен модерндік емес қатынастар.

Локализация қағидаты локализацияны әлемдік қауымдастық үшін тірек нүктесі ретінде тануды талап етеді. ӘП үшін әлемдік қоғам–бір уақытта локализацияланған және мультилокализацияланған тең емес әлеуметтік құрылым. Әрбір локализация нүктесі жоғарыда аталған үш сала арасындағы асимметриялық өзараәрекеттесудің ерекше түзу және жанама конденсациясы. Әлемдік қоғам бір локализацияның өнімі емес, аталған әлеуметтік формацияның және әлемдік әлеуметтік формациялардың толық көрінісі де бола алмайды. Сондықтан сұранысты қалыптастыру үшін бізге қажет құрылымдық қайта құру қозғалыстары мен бағдарламалары ғаламшардың барлық тарихи жерлерінен құрылған әлемдік қоғамның теорияларын диалогқа біріктіруге арналған әлемдік әлеуметтануды жасайды. ■

Хаттарды Эстебан Торреске <esteban.torres@unc.edu.ar> жолдауға болады.

1. Осы тұжырымның жалғасын оқу үшін Э. Торрес. (2021) *La gran transformación de la sociología* [Әлеуметтанудың Ұлы Трансформациясы] бөлімін қараңыз. Кордова-Буэнос-Айрес: FCS-CLACSO. Қолжазба баспаға жіберілді.

2. Кеңістікті үнемдеу мақсатында және олар ең жойқын элементтер болғандықтан, біз тек алғашқы екі қағидаға тоқ таламыз.

> Жаһандық әлеуметтанудың жаһандық заманауилықпен байланысы

Хосе Маурисио Домингес, IESP-UERJ, Бразилия

Саяси әлеуметтану Латын Америкасында мықты дәстүрге ие. Бұл Латын Америкасы әлеуметтануының жалғыз болмаса да басты бағыттарының бірі болуы ықтимал («мәдениет» саяси экономиядағы кейбір көнерек жаңалықтар сияқты маңызды болған). Саяси әлеуметтану саяси ғылымда бұрын әлеуметтік тұрғыдан тамырланған әлеуметтанулық тұжырымдамалардан айырмашылығы – солтүстік американдық реңкі бар нақты пәннің пайда болуымен кеңейіп, трансформацияға ұшырады. Саяси әлеуметтану маңызды теориялық жаңалықтарға негіз болды, бірақ Латын Америкасындағы сияқты, жалпы теорияларға өз үлесін қоса алмады. Яғни, қазіргі заманның нақты оқиғалары оның нақты саяси өлшемінде талқыланып, тұжырымдалды, бірақ әдетте талдау аймақтық деңгейде шектелді.

> Әлеуметтік теорияның жоқтығы

Бұған Латын Америкасында неге «маргиналды полюс» деп атаған артық жұмыс күшінің көп екенін түсіну Кихаоның Маркстің «өнеркәсіптік резервтік әскер» туралы ойын талқылауы мысал бола алады. Бір сәтте Кихано бұл мәселе XIX ғасырда Еуропада да болғанын және эмиграция оны шешкенін түсінді. Бірақ ол одан әрі қарай жүруге батылы жетпеді (Маркстің кейбір идеяларына қарсы тұруды айтпағанда). Германидің демократиялық саяси жүйеге



Уругвай-испандық суретші Хоакин Торрес Гарсианың (1943) қауырсын және тушьпен салған «AmericaInvertida» суреті. Төңкерілген латынамерикалық құрлық – оңтүстікамерикалық өнердің өзіне аса сенімді екенін сипаттайды. Ұсынған: Creative Commons.

кірмегендіктен, модернизация бұқараны «қол жетімді» оппортунистік элита тарапынан «айла-шарғы жасау» үшін еткен «популизм» жөніндегі пікірталасын да айтуға болады, Бұл Еуропа туралы келесі пайымдарды білдіруі мүмкін, бірақ Германи (фашизмге байланысты Италиядан Аргентинаға көшіп келген) Аргентинаны, кейінірек басқа авторлармен бірге өз дәйектерін Латын Америкасына жалпылаумен шектелді. Бірақ олардың бәрі осыған тоқтады. Пабло Гонсалес Казанова мен Родольфо Ставенхаген ұсынған «ішкі отаршылдық» тезисі заманауи постколорниялық мемлекеттің байырғы қауымдастықтарға қол сұғушылығын көрсете отырып, іс жүзінде барлық жерде осылай өрбіген қазіргі заманғы мемлекеттің жалпы сипаттамасын бере алады. Дегенмен, олар мұндай қорытынды жасаған жоқ. Флорестан Фернандес тіпті мамандандырылған қызметкерлер мен ресурстардың жетіспеушілігінен, сондай-ақ өзекті нақты мәселелерге байланысты теориямен жұмыс істей алмайтынымызға сенді.

Латын Америкасы әлеуметтануы – және тұтастай алғанда, оның әлеуметтік ғылымдары – теорияландырудың хроникалық жетіспеушілігінен зардап шегеді. Егер қазіргі уақытта бұл жаһандық құбылыс болуы мүмкін екендігі рас болса, аймақтағы мәселе бұрынғы шектеулермен күрделене түседі. Егер біз зерттеу стратегиясына қатысты теория мен эмпириялық шынайылықтың арақатынасын талқылайтын болсақ, онда мәселе одан сайын күрделене түседі. Жеке деңгейден басталып, жалпы деңгейге өту қажеттілігі бар ма? Немесе Латын Америкасын қоса алғанда, осы субконтинентке де, жаһандық қазіргі заманның басқа аймақтарына қатысты жалпы теориялық мәселелерден бастау орынды ма? Ондаған жыл бұрын Леополдо Зеа «еуропалықтар – және солтүстік американдықтар өз әмбебаптылығын табиғи және ерекшеліктерін тікелей концептуалды жалпыланған деп санады, ал латынамерикалықтар жеке ерекшелігінен бастауы керек, себебі олардың әмбебаптығы түбегейлі мойындалмады, – деп жазған.

>>

> Саяси заманауилық теориясы

Егер бұл бұрын ақиқат болса, қазір түк мәні жоқ. Заманауилық пен оның тегіне қатысты келіспеушіліктер болса да, ешкім заманауилықтың әмбебаптылығын Батыспен байланыстырмайды. Кейбіреулер колониялық және постколониялық модерн, күрделі модерн, көпсалалы модерн және т.б. туралы айтады. Сонымен қатар, барлық жердегідей Латын Америкасында да білім жинақтау жүріп отыр, соның ішінде бізге жоғары деңгейде теориядан бастауға мүмкіндік беретін теориялық білім де бар. Бұл Латын Америкасына да, Еуропа, Африка, АҚШ және Азияға да қатысты. Сөзсіз, біз қандай да бір контекстке тәуелді болуымыз керек, бірақ мәселе – біздің контекст ғаламдық па немесе ғаламдық болуы керек пе екендігінде. Әрине, егер біз белгілі бір жерде туып-өсудің және/немесе тәрбиелеудің тікелей тәжірибесін ұстанбаған жағдайда – жалпы кез келген жағдайда әлеуметтік ғылымдар үшін ең жақсы стратегия емес.

Бұл – әлеуметтанулық зерттеулерде басшылыққа алған нәрсе. Латын Америка ойымен таныс және өзіндік «тарихи материализммен» байланысты, мен «құрылым мен әрекет», сондай-ақ әлеуметтік өмірдің тұрақтылығы мен өзгеруі туралы бүкіл пікірталасты қайта қарауым керек деп шештім. Осылайша, эволюция мен тарихқа деген көзқарасты қоса алғанда, «ұжымдық субъективтілік» және «әлеуметтік шығармашылық» теориясына келдім. Заманауилықтың негізгі қиялдағы және институттық элементтері туралы білімімді тереңдетіп, содан кейін мен «қазіргі заманның үшінші кезеңі» деп талдаған Латын Америкасының болмысына қайта оралдым. Бұл жаһандық заманауилыққа – унитарлы, гетерогенді және гибридті – оның планетада таралуы туралы пікірталасқа дейін кең етек алды. Ақыр соңында, бүгін мен үшін стратегиялық тұрғыдан біздің өркениеттік және эмансипациялық мәселелеріміз орналасқан заманауилықтың саяси өлшемі саласымен айналыстым. Сонымен бірге, саяси өлшемге қолдана отырып, ұзақ уақыт бойы айналысқан Маркстің «экспозиция әдісімен» айналысудың уақыты келді деп шештім. Бұл саяси заманауилыққа толық қол жеткізе алатын санаттарды кеңінен зерттеу мен жүйелі ұйымдастыруды, сондай-ақ оның динамикалық тенденцияларын құруды ұсынды.

Бұл мені сыни теорияның ерекше формасы аясында өзінің жаһандық масштабында саяси заманауилықтың кесімді мәлімдемесін ұсынуға итермеледі. Бүкіл әлемдегі тарихи оқиғаларды қосуға тырыстым, алайда өте маңыздысы – оларды санаттық талдамалық жүйеге қосу. Менің талдауым қиялдың да, институттардың да, осы динамиканы құратын және түсіндіретін механизмдердің қалай дамитынына да қатысты. Құқық нысаны, азаматтық формасы, заң, мемлекет, автономдау, саяси жүйелер мен саяси тәртіп, соның ішінде қиялдағы радикалды демократия, абстрактілі мен нақтылықтың өзара байланысы және сондай-ақ, либерализмнің экспансиялық және шектеуші аспектілері – мен дамытып отырған теориялық көзқарастың негізі. Осы санаттарға мемлекеттің нығаюына және азаматтардың артып отырған саяси автономиясына байланысты тенденцияларды анықтау, талдау, түсіндіру және болжауды қосыңыз. Соңғы уақытта мен түпнұсқа, алайда социалистік емес, заманауилықты паразиттендіруші, әлеуметтік формация «авторитарлық коллективизм» деп анықтаған «шынайы социализмді» зерттей бастадым.

Заманауилықтың жалпы теориялық түсінігіне қатысты кейбір материалдар жарияланды және мен бірнеше жылдан кейін саяси заманауилықтың түпкілікті және жан-жақты теориялық сипаттамасын шығарғым келеді. Бұл Латын Америкалық шығу тегі бар жаһандық әлеуметтанулық көзқарастың бөлігі, алайда оны әмбебаптылық – теориялық және аксиологиялық – амбициялар бұзады.

Хаттарды Хосе Маурисио Домингеске
<jmdomingues@iesp.uerj.br> жолдауға болады.

> Теорияны тарихиландыру:

Латын Америкасына ұсыныс

Вивиан Брашет-Маркес, El Colegio de México, Мексика

Негізгі аумақтық өзгерістер 1810-1860 жылдар арасында орын алды: сегіз жаңа мемлекет құрылды (Никарагуа, Коста-Рика, Сальвадор, Эквадор, Венесуэла, Боливия, Парагвай, Уругвай), ал Мексика өзінің солтүстіктегі аумағын Құрама Штаттарына беруге мәжбүр болды. Ұсынған: Creative Commons.

Бұрын орталық (шеткері елдерден айырмашылығы) елдерде әлеуметтік теория әлеуметтік құрылысты кеңінен таралған қақтығыстың болмауы, ал қақтығысты тәртіпсіздіктің дәлелі ретінде қабылдау мағынасында статикалық сипатқа ие болды. Сонымен бірге гипотетикалық-дедукциялық пайымдауларға негізделген тұрақты әлеуметтік континуумдарды болжай отырып, «ғылымилыққа» ұмтылды. Тіпті әлеуметтанудың негізін қалаушылар өнеркәсіптік революцияның жойқын өзгерістері кезінде де, олардың нақты шығу нүктесімен қатар тұрақты келу нүктесінің арасындағы айырмашылықты аралық бағаланбаған процесс, атап айтқанда Gemeinschaft-тен Gesellschaft-ке дейінгі континуум ретінде суреттеді.

Жалпы осы үлгіге сәйкес, Латын Америкасы елдерінің бәрі бірдей дамымаған және кемеліне келмеген немесе «дәстүрден» «қазіргі заманға» немесе дамымаған (немесе аз дамыған немесе дамушы) күйден «дамығанға» жақынырақ өту жағдайында сияқты болып көрінеді. «Аралық» тарихи процесс кеңінен сипатталды, алайда жалпы теориялық тұрғыдан тұжырымдалмады.[1] Не болғанда да, нәтижесінде Латын Америкасы әлемдік нарық күштері (немесе империализм немесе отаршылдық) арқасында біркелкі және жеткілікті дәрежеде дами алмады, сондай-ақ тәуелсіздік алғаннан кейінгі екі ғасыр бойы әлеуметтік тәртіпті орнату үшін күш салған адамдардың да ықпалы төмен болды.

> Латын Америкасындағы әлеуметтік құрылыстың тарихи қалыптасуы

Егер тарихилығын мойындап, кез-келген географиялық ортадағы әлеуметтік құрылыс аса күрделі, тарихи тұрғыдан құрылған және белгісіз әлеуметтік процестердің нәтижесі деген алғышарттарды негізге алатын болсақ, аймақ ретінде қабылданған Латын Америкасын теориялау сәтті болар деген ойды айта алар едім. Осылайша, Латын Америкасының әлеуметтік құрылысын талдаудағы басты мәселе тарихи құрылған институттардың ерік бостандығына қатысты, демек осыдан туындайтын сұрақтар: (1) кім және кімнің мүддесі үшін әрекет етеді (пайданы максимизациялаушы адамдар, патриархаттық отбасылар, жергілікті қауымдастықтар немесе капиталистік пайда); және (2) қандай динамикалық принциптер бойынша жұмыс істейді (жүйелік, механикалық немесе агенттік). Бұл сұрақтарға жауап қандай теориялық қағидат Латын Америкасындағы он тоғыз елдің жиынтығын жүйелі түрде ажырататын емес, салыстыратын жағдайға айналдыра алатындығына тәуелді.

Осы шағын мақалада аталмыш бағыттағы жұмысым сұрақтарға жауап беруге қалай ықпал ететінін қысқаша айта аламын.[2] Жалпы теориялық дәлелді былай қорытындылауға болады: Латын Америкасында тарихи түрде жасалған нәрсе – ережелер, нормалар мен символдардың аралас және жиі қарама-қайшылықты констелляцияларынан тұратын кеңістік-уақыттық шектеулі әлеуметтік құрылыстар топтамасы, олар алма-кезек не гегемониялық сипатта болды не кеңінен таралуы немесе күшпен енгізілуі тоқтатылды.

>>

Басқаша айтқанда, қоғамдық процестің нақты нәтижелері, өз кезегінде, геосаяси және нарықтық бәсекелестіктің жан-жақты халық-аралық процесі шеңберінде шет мемлекеттер мен әлемдік корпорациялардың басып енуіне тап бола отырып, институттандырылды, деинститутандырылды және реинститутандырылды деп айта аламыз.

Осы тұрғыдан алғанда, Латын Америкасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихы әртүрлі уақытта/ әртүрлі жерде гегемониялық институттармен тығыз байланысты элиталардың байлығын, беделі мен күшін арттыруға бағытталған институттық акторлар арасындағы конфликт мен кооперация кезектескен өзара әрекеттесуге негізделген. Ол сондай-ақ бағынышты топтардың өздерінің күнделікті өмірін айқындайтын оқиғаларды қалай қабылдайтындығымен және өз кезегінде, бұл процестерді күшейтумен немесе өзгертумен толығады.

1 Кесте аймақтың әртүрлі елдерінде қалай пайда болғандығы, сонымен қатар салыстырмалы түрде тұрақты әлеуметтік құрылыстың тарихи қайталанатын түрлерін қалай бөлгендігі туралы тиісті эмпириялық деректерді енгізуге болатын осы тарихи оқиғаларды абстрактілі түрде ұсынады, осы тұрғыдан алғанда, негізгі институттық акторлар, сондай-ақ адамдар, қауымдастықтар мен ұйымдар күн сайын өз өмірін ұдайы өндіру және тәжірибесін түйсінуге тырысу арқылы әлеуметтік құрылысты қалыптастырады.

Басқа елдердегідей Латын Америкасында да жалпы алғанда, осы тетіктер ымыра мен теңдіктен жұрдай боды, сондықтан прогресшіл өзгерістердің көп мүмкіндігін пайдалана алмады немесе кедергіге тап болды. Бірақ, бұл – еуроцентристік аңыздан бөлек, біз жүйелі түрде теориялай және зерттей алатын және оны жүзеге асыруымыз қажет нақтылық.

Жалпы процесті эмпириялық тұрғыдан қарау үшін жүргізілген зерттеу 1-кестеде көрсетілгендей, мемлекеттер мен басқа институттық ережелер, қуатты әлеуметтік топтар, капиталистік корпорациялар және сыртқы мемлекеттердің уақыт аясындағы қатынастарына назар аударады.

Гегемонияға жету үшін мемлекеттер өз территориясында үстем болуға[3], қаржылық төлем қабілеттілігіне қол жеткізуге және егемендігін қорғауға тырысады. Осылайша, олар өз халқына қатысты барлық мүмкін билікті пайдалана отырып, жинақтау тәртібінен өз үлестерін алды және азулы сыртқы күштерге жеңілдіктер жасады.

Шындығында басқаны қоса айтқанда, латынамерикалық мемлекеттер институт ретінде әрекет еткен ахуал осындай болды. Олар мұны тәуелсіздік үшін болған соғыстар салдарынан қарызға белшесінен батқанына, католик шіркеуі, latifundio[4], немесе әскери күштердің билігімен салыстырғанда, түкке тұрмайтын жарымжан билігіне және экономикалық және технологиялық жағынан дамыған елдердің үнемі ішкі істерге араласу қаупіне қарамастан жүзеге асырды.



Сурет 1. Ұсынған: Вивиан Брашет-Маркес.

> Қорытынды

Осы тұрғыдан алғанда, 1810[5] жылдан бастап Латын Америкасы мемлекеттерінің алдында тұрған түйткілдер, Латын Америкасы мемлекеттері негізінен сәтсіз және анахроникалық тұрғыдан бірнеше рет салыстырылған озық еуропалық мемлекеттердің[6] 1500 жылдардан бері бастарынан кешкен мәселелерінен өзгеше. Осы ұстанымды қолдана отырып, Латын Америкасындағы әлеуметтік құрылыстың қалыптасуы мен жойылуын еуроцентристік әмбебап принциптер тұрғысынан емес, 1810 жылдан бастап Рио-Грандеден[7] Тьерра-дель-Фуегоға дейін құрылған, өзгертілген және тоқтатылған тарихи динамиканың салыстырмалы және тарихи өзгеретін мысалдары ретінде теориялық тұрғыдан тұжырымдай аламыз.

Хаттарды Вивиан Брашет–Маркеске <brachet@colmex.mx> жолдауға болады.

1. Кардозо және Фалетто, Валлерстайн және Арриги сияқты тәуелділік теоретиктері мен әлемдік жүйені қоспағанда, Босеруп пен Хиршман.
2. Бұл кітап 2021 жылдың шілдесіне дейін аяқталады және 2022 жылы ағылшын және испан тілдерінде жарияланады деп күтілуде.
3. Мемлекеттерді заңды зорлық-зомбылық құралдарына монополия арқылы өз территориясына үстемдік ететін субъекті деп танитын Вебер идеясы бұл жерде нақты анықтама емес, тарихи тұрғыда даулы деп қабылданады.
4. *Latifundio* ірі жериеленушілерге қатысты қолданылатын жалпы испандық термин.
5. 1810 жылы мамырда Буэнос-Айрестегі және Мексикадағы тәуелсіздік соғыстары басталады.
6. Салыстыру Ұлыбританиямен, Франциямен немесе Пруссиямен шектеліп, қалған 24 еуропалық халықты қалдырды.
7. Рио Гранде 1848 жылы Америка Құрама Штаттарының Мексика территориясының жартысынан көбін қосып алғаннан кейін ең солтүстік шекара болды.

> Өзаратәуелділікті қайта пайымдау

Серджио Коста, Free University, Берлин, Германия

Марча дас Маргаридас, ауыл жұмысшы әйелдері шеруі, Бразилиа, Бразилия 2019ж., тамыз. Суретті түсірген: Рената К. Мотта, FU Berlin.

> Қысымдағы әлеуметтану

Пайда болғаннан бастап әлеуметтану өз нәтижесінің ұқсас пәндерден анағұрлым пайдалы және ерекше екенін үнемі дәлелдеумен келеді. Әлеуметтану – әлеуметтік процестерді шығу тегіне, сондай-ақ актордың осы құбылысқа беретін мәнін ескере отырып зерттеу қабілетімен айырықша. Соңғы әлеуметтік өзгерістер мен әртүрлі ғылыми жетістіктер әлеуметтанудың құрылым мен мән арасындағы байланысты жеткілікті түрде түсіну қабілетіне күмән туғызуда, мен бұл туралы 2014 жылы Кампус шығарған *Postcoloniality-Decoloniality-Black Critique: Joints and Fissures* [Постколониалдық-Деколониалдық – қаранәсілдік сын: түйісу мен ыдырау] кітабына қосқан жазбамда айтқанмын.

Біріншіден, бұл әлеуметтанудың пән аясын құрылымдарды (экономизм) немесе әлеуметтік процестердің символдық өлшемін (мәдениеттану) зерттеуге бейімдеуі. Неміс әлеуметтанушылары Ханс-Георг Зеффнер мен Карл Лихтблау әділетті атап өткендей, екі жағдайда да әлеуметтанудың негізгі нысаны, яғни қоғам «құрылымдар, мәндер мен идеялардың тоғысуы» ретінде назардан тыс қалады. Экономизация мен мәдениеттанымдық тенденцияларының арасында қалып қойған әлеуметтану екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлеуметтанушылар елестеткен қазіргі қоғамның моделіне ұқсамайтын қазіргі әлемді талдау мәселесіне тап болды. Әлеуметтанудағы заманауилық сенімді шекаралар мен тұрақты идентификацияларға негізделген әлемге сәйкес келеді: батыстық және батыстық емес, әйел мен ер, отандық және шетелдік, заманауи және дәстүрлі, неміс, түрік және неміс-түрік.

Өзгерістердің екінші тобы әлеуметтік процестер мен қоғамдық өмірдің жаһандануымен байланысты. Әлеуметтануда әлемдік қоғамды ұлттық қоғамдардың жиынтығы дегеннен гөрі анағұрлым күрделі екенін түсіну үшін қажетті құралдар әлі де жетіспейді. Сонымен қатар, қазіргі заманды негізінен «батыстық державалар» қалыптастырмайтындығы да пән үшін өзекті. Батыс үстемдігі қағидасы әлеуметтанудағы заманауилық концепцияларына тән, ол туралы постколониялық теоретиктер көп айтты. Дегенмен, осы перспектива, мысалы, Болливуд, Голливуд пен теленовеллалар қиылысы жиырма бірінші ғасырдағы романтизмді қалыптастырады немесе Латын Америкасы Қытайдың периферияcына айналу үшін алға

>>

жылжи алады дегенді білдірмейді де, түсінуге де мүмкіндік те бермейді.

Әлеуметтанудың жаһандық әлеумет-тік процестерді шешуге тырысуы негізінен ұлттық әлеуметтану категорияларын белгісіз әлемнің қалған бөліктеріне қолданумен байланысты болды. Сонымен, қоғам әлемдік қоғаммен, ал модернизация жаһанданумен алмастырылады. Дегенмен, жаңа ұғымдар жаңа масштабта болса да, өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтайды. Нәтижесінде шынайы жаңалықтардың болмауы және ұлттық шекарадан тыс құрылымдар мен мәндердің өзара әрекеттесуін түсіне алмауға әкеліп отыр.

Үшіншісі – тұраралық өзара-тәуелділік. Антропоцентризмнің гүлдену кезеңінде қалыптасқан әлеуметтану адамзат қоғамын қоршаған ортаны жай ғана пайдаланатын ұжым деп қабылдауда. Бұл өсімдік, жануар, рух, сонымен қатар артефактіні қоса алғанда, адамдар мен табиғи ортаның өзаратәуелді торын айқындаған постадами зерттеулердің отыз-жылдық ғылыми жетістіктерін жоққа шығарады. Әлеуметтану қоршаған табиғи ортадан тыс қоғамдарды талдайды және адамдар мен өмірдің басқа түрлерін (мысалы, адам ағзасында өмір сүретін вирустар мен бактерияларды, біз «араласып», өзара әрекеттесетін өсімдіктер мен жануарларды) байланыстыратын қатынастар желісін елемейді, ол енді тұраралық тәуелділікпен байланысты өмірлік (және өлімге әкелетін!) маңызды процестерді түсіне алмайтын жағдайда. Бұл, әсіресе қазіргі COVID-19 пандемиясында айқын байқалды, мұны Кэтрин Прайс *Postdigital Science and Education* [Цифрлықтан кейінгі ғылым және білім] басылымында 2020 жылы жарияланған “When Species and Data Meet” [«Түрлер мен мәліметтер кездескенде»] мақаласында көрсетті.

> Латын Америкасының үлесі

Латын Америкасындағы әлеумет-танулық дәстүр және онда дамыған әртүрлі ой ағымдары әлеуметтанудың сын-тегеуріндерін еңсеруге көмектесетін қомақты қадам жасап, тың пікірлер ұсынып отыр.

Латын Америкасы әлеуметтануын-да құрылымдар, әлеуметтік мәндер мен репрезентация арасындағы байланыстар туралы зерттеулер кем дегенде 1950 жылдардан бері бар. «Интерсекторлық» ұғымы әлеуметтік ғылымдар сөздігіне енгенге дейінгі біраз жыл бұрын Родольфо Ставенхаген, Флорестан Фернандес және Хелейет Саффиоти сияқты әлеуметтанушылар әлеуметтік құрылымдағы позицияны білдіретін әлеуметтік орынды, сондай-ақ өзіндік репрезентация мен іс-әрекеттің формаларын қалыптастыратын этникалық тек және тап, нәсіл және тап, жыныс және таптың қалай өзара ықпалдасатынын зерттеді. 2018 жылы Routledge баспасынан шыққан *Global Entangled Inequalities. Conceptual Debates and Evidence from Latin America* [Шиеленіскен жаһандық теңсіздік. Латын Америкасындағы концептуалды пікірталастар мен дәлелдер] деген өзінің кітабында аргентиналық әлеуметтанушы Элизабет Джелиннің осы пікірсайысты қалпына келтіріп, жаңғыртуға қосқан үлесі зор.

Мен 2019 жылы *Current Sociology* жариялаған «The research on modernity in Latin America: Lineages and dilemmas» [«Латын Америкасындағы заманауи зерттеулер: сызықтар және дилеммалар»] атты еңбегімде көрсеткендей, әлеуметтік процестер мен әлеуметтік өмірдің жаһандануы саласының теоретиктері мен ізбасарлары қазіргі әлемнің әртүрлі аймақтарындағы экономикалық құрылымдар мен қарым-қатынас моделдерінің, сондай-ақ олардың отаршылдық пен құлдықтан қазіргі қаржылық капитализмге дейінгі тарихи конституциясының арасындағы түйісу тұстарын дұрыс атап өтті.

Әлеуметтану үшін тұраралық тәуелділікті ескеру тіпті қиын міндет болып отырған жағдайда да Латын Америкасы негізінен индигендік пайымдау дәстүрімен байланысты тұжырымдамалық ресурстардың қуатты топтамасын ұсынады. Олардың кейбіреулері қазірдің өзінде халықаралық деңгейде кең таралған, мысалы, Эдуардо Вивейрос де Кастро шығармашылығында кеңінен талқыланған үндістік перспективизм және Анд аймағында кең дамыған – *buenvivir* (жақсы өмір сүру). Бұл бағытта адамдар мен адам еместер арасындағы тәуелділік, көбінесе сипаттамалық-аналитикалық деңгейде, сондай-ақ планетарлық этика нормативтік тұрғысынан қарастырылады.

Бұл дәстүрлер мен пайымдар бірқатар мүмкіндіктерді ашады, бірақ Латын Америкасы әлеуметтануы әлеуметтанудың әртүрлі деңгейлер-дегі өзаратәуелділіктерді зерттеуге арналған пән ретінде қажетті қайта құруда тиісті рөл атқаратындығына кепілдік бермейді.

Латын Америкасы әлеуметтануы аталмыш қайта құруға қатысу үшін дәстүрлерді терең саралап, оларды қазіргі теориялық пікірталастардың сөздігіне аударуы керек. Сондай-ақ академиялық және академиялық емес білімді өндірушілер, Оңтүстік және Солтүстік әлеуметтануы арасындағы симметриялық кооперация мен өзара әрекеттесудің жаңа формаларын құру қажет. Латын Америкасының қазіргі әлеуметтануды қайта құруға қосқан үлесінің сапасы мен ауқымы осы одақтарға байланысты болмақ. ■

Хаттарды Серджио Костаға <sergio.costa@fu-berlin.de> жолдауға болады.

> Немқұрайлылық дәуірі: дағдарыстардың жүйелік теориясы

Альдо Маскарено, Қоғамдық зерттеулер орталығы, Чили

Ұсынған: Li Lin on Unsplash.

Соңғы бес жылда жұмысым күрделі әлеуметтік дағдарыстардың жүйелік теориясын жасауға бағытталды. Дағдарыс концепциясы француз революциясынан бері сын концепциясымен тығыз байланысты болғандықтан ба әлде сыни теория дағдарыс пен сынның арасындағы айырмашылықты өзінің теориялық және саяси тәжірибесінің бірлігі ретінде қабылдағандықтан ба, әйтеуір, жүйелер теориясы дағдарыс концепциясынан жүйелі түрде қашқақтап отырғаны ақиқат. Луман дағдарысты қазіргі қоғамның өзін-өзі теріс сипаттауы ретінде түсінгендіктен, сыни жүйелер теориясының сюрреалистік мүмкіндігі туралы соңғы ойларға дейін дағдарыс механизмі жүйе мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынастан жасырын құндылық болды. Алайда, күрделі әлеуметтік дағдарыстар – XXI ғасырға тән белгі.

> Заманауи қоғамдардың қараңғы тұсы

Қазіргі қоғамның қараңғы тұсы соңғы жиырма жылда алдыңғы онжылдықтарға қарағанда, айтарлықтай драмалық және сапалы тұрғыда өзгеше. Біз дәстүрлі түрде дағдарыстар деп атайтын оқиғалар енді әлеуметтік эволюцияда бұрын-соңды болмаған тұрақтылыққа, ұзақтыққа және кезеңділікке ие болды. Бұл – аса күрделі әлеуметтік дағдарыстарды бастан кешіретін уақыт, ол заманауи қоғам институттарына жаһандық өзарабайланыстағы, көп деңгейлі талаптардың ауыртпалық салып отырғанын және алданған үміттерді қалпына келтіре алмайтынын еске салады. Жаһанданған заманауи кезең әлемнің кез келген бұрышында наразылық және оқшаулану тәжірибесімен бетпе-бет келіп отырғаны құпия емес, өйткені адамдар басқа жерде жасалып жатқан істердің салдарынан зардап шегуде. Осы мақалада осындай шиеленіскен кезеңдерді немқұрайлылық дәуірі деп атаймын.

Әлемдік соғыстар ғасырының, Холокосттың соңы мен адам құқықтарының өсуі мен нығаюынан қуат алатын үмітте Чернобыль жаңа, желілік, пост-жергілікті дәуірдің алғашқы драмалық белгісі болды. Содан кейін немқұрайлылықтың турбулентті дәуірі келді. Біріншіден, жаппай қырып-жоятын қару ретінде кәдімгі ұшақтармен жойылған ұлғайып отырған және өзін-өзі қамтыған заманауи кезең символдары құлдырауына қайран қалдық. Қос мұнараның құлауы немқұрайлылық дәуірінің көптен күткен кіріспесіне айналды. Соңғы жиырма жыл ішінде бірнеше рет – жаңа ғасырдың бастапқы кезінің өзінде – Лондон, Мадрид, Ницца, Париж, Бостон теракті лері, сондай-ақ Таяу Шығыстағы, Африкадағы, Азиядағы және Латын Америкасындағы қырғындар мен адам құқықтарының бұзылуы таң қалдырды. Жасырынатын жер жоқ еді. Тек үйіміз ғана салыстырмалы түрде қауіпсіз болып көрінді. Алайда, 2008 жылғы қаржылық дағдарыс, климаттың өзгеруінің үнемі артып келе жатқан салдары, тереңдеп жатқан діни фундаментализм және трансидеологиялық ксенофобиялық популизм тіпті үй де немқұрайлылықтың оңай нысаны бола алатындығына көндірді.

>>

“Жаһанданған заманауи кезең әлемнің кез келген бұрышында наразылық және оқшаулану тәжірибесімен бетпе-бет келіп отырғаны құпия емес, өйткені адамдар басқа жерде жасалып жатқан істердің салдарынан зардап шегуде. Мен оны немқұрайлылық дәуірі деп атаймын”

2008 жылғы қаржылық дағдарыс желілік сипаттағы немқұрайлылық дәуірінің жүйелік күйреуі еді: жаппай өзара байланыс және басым құрылымдық біртектілік әлемді тым тар етіп, трансзаманауи мәселелерге назар аударуды жеделдетті. Әлемнің әртүрлі бөліктеріндегі климаттық жағдайлардың кенеттен және агрессивті өзгерістері Жерғарыш кемесімен өзара байланысын көрсетті, олар халықаралық тұрақтылық келісімдері дұрыс саяси ниеттердің қарапайым мысалдары ма әлде нормативтік міндетті шешімдермен бекітілген бе деген сұрақ қойды. Екінші жағынан, діни фундаментализмнің аумақтық және мазмұнды өсуі, олардың батыс өмірінің орталықтарымен байланысы дәстүрлі шекаралық бақылаудың шектерін көрсетті; негізінен адам құқықтарының мотивациялық дискурсындағы кішігірім алшақтық, әсіресе жас, постматериалды, көңілі қалған халыққа қатысты өзектілігін атап өтті. Популизм Чавес-Мадуро режиміндегідей классикалық солшыл тәжірибеден бастап, Ле Пен, Трамп және Болсонару сияқты оңшыл жобаларға дейін сыртқы әсер мен экзогендік талаптардан ажыратуға және оқшаулауға бағытталған ұлтшылдық, ксенофобиялық дискурстарын қайта қалыптастыру үшін немқұрайлылықтың желілік дәуірінің нормативтік қателіктерін қолданады.

> Сыни транзиттер теориясы

Бәлкім болашақ тарихшылар 2011 жылды XXI ғасырдағы қазіргі заманғы жаңа нормативтік сананың алғашқы реакциясы жылы деп санар. Әрине, осы уақытқа дейін алдын ала ескертулер болды, мысалы, олардың кейбірін айтар болсақ, 2000 жылғы Югославиядан бастап бұрынғы Кеңес Одағының бірнеше елінде түрлі-түсті революциялар және 2005 жылы Париж шетіндегі тәртіпсіздіктер, бірақ 2011 жыл бүкіл әлемдегі немқұрайлылыққа жауап берген әлеуметтік қозғалыстардың динамикалық толқынымен ерекшеленді: Уолл-стритті басып алу, Индигнадос, Орталық Еуропа мен Латын Америкасындағы тәртіпсіздіктер және, әрине, Араб көктемі олардың шектен шыққандығының орталықтандырылмаған көрінісі болды. Таяу Шығыстан Еуропаға, Орталық Америкадан Америка Құрама Штаттарына жаппай қоныс аудару және соңғы жылдары Гаити мен Венесуэланың құлдыраған мемлекеттерінен Латын Америкасының басқа елдеріне эмиграция– осы нормативтік күйзелістің салдары. Қысқаша айтқанда, адамдар өмір сүруге ғана емес, сонымен бірге заманауи заманның өзі уәде еткен, содан кейін мән бермеген нормативтік үміттерді орындауға ынталы.

Осындай күрделі оқиғаларға тап болған кезде, менің ойымша, әлеуметтік жүйелер теориясының басқа әдістерге қарағанда, кейбір артықшылықтары бар. Біріншіден, ол автономды әлемдік жүйелердің пайда болуына баса назар аударады, мұндай жүйелерді бақылау көбіне адами мүмкіндіктерге де, ұлттық ережелерге де бағынбайды. Екіншіден, теория автономды жүйелер бір-бірімен жоғары өзара тәуелділікті тудыратынын және автономия мен өзара тәуелділіктің үйлесімінен аз қақтығыстар мен қарама-қайшылықтарды күтуге болатынын көрсетеді. Үшіншіден, теория сонымен қатар жүйелер трансұлттық түрде жұмыс істейтінін, сондықтан бүкіл аймақтар өздерінің соқырлығынан немесе шалғай аймақтардағы немқұрайлыққа байланысты құлдырауы мүмкін екенін анық көрсетті. Төртіншіден, жүйелер теориясы, сонымен бірге, қазіргі күрделілік пен қауіп-қатердің жоғарылау жағдайында, қандай да бір жолмен шешілуі мүмкін қарама-қайшылықтардың орнына біз қатар өмір сүруіміз қажет парадокстарға тап боламыз деп ескертеді.

Мен өз жұмысымда соңғы онжылдықтардағы күрделі әлеуметтік жүйелердегі дағдарыстарға олардың тұрақтылығының, ұзақтығының және кезеңділігінің себептерін ашатын әдісті ұсынамын. Бұл ретте мен дағдарыс концепциясын сыни транзит концепциясымен алмастырамын, оның көмегімен мен әлеуметтануға белгісіз күрделілік теорияларының (экология, физика, графтар теориясы) эксперименттік зерттеулердегі соңғы жетістіктерін жинаймын. Жүйелік әдіс аясында суб-теорияны, атап айтқанда сыни транзитттер теориясын құру арқылы күрделі құбылыстың жаңа түріне: немқұрайлылық дәуіріндегі қайталанатын және бақыланбайтын ішкі дағдарыстарға жауап беремін. ■

Хаттарды Альдо Маскареноға <amascareno@cepchile.cl> жолдауға болады.

> Латын Америкасында неолиберализмді зерттеу[1]

Вероника Гаго, Universidad de Buenos Aires-UNSAM-CONICET, Аргентина

Менің *Neoliberalism from Below: Baroque Economies and Popular Pragmatics* [«Бұқара неолиберализмі: Барокко экономикасы және танымал прагматика»] кітабымда неолиберализм ұғымын, оның біздің аймақтағы тарихнамасын, теориялық пікірталастарды тереңдетуді және неолиберализм нарықтың синонимі және үкіметтің араласуының қарама-қайшылығы деген идеяны тексеру мақсатында күреске негізделген шежірелерді зерттеуді талқылауға бағытталған. Осы пікірталастар Латын Америкасына қатысты постнеолибералистік сценарийдің сипаттамаларына да қатысты.

> «Бұқара неолиберализмі»

Менің әрекетім – неолиберализмді құрылымдық жоспарлау ретінде, жоғарыдан бекітілген стратегия жиынтығы ретінде анықтаудан кеңірек түсіну. Сонымен қатар, мен ұсынған «бұқара неолиберализмі» формуласы халықтың неолибералды меншіктен айыруға қарсы тұру және оны қайта құру әрекеттерін мойындау қажеттілігін көрсетеді. Осы көзқарасты ескере отырып, неолиберализмнің жалпы түсіндірмелеріне, сондай-ақ оны субальтерн субъективтіліктерінің шешуші жеңілісі тұрғысынан түсінетін талдауларды тексеруге тырысамын.

Керісінше, саяси жүйенің қарастыратынынан гөрі, терең логикаға сілтеме жасай отырып, неолиберализмнің сабақтастығы мен үйлеспеуіне әсер ететін өлшемдердің көптігіне қызығушылық танытамын. Неолиберализмнің төменнен нақты жұмыс істеуін зерттеймін, оны «барокко экономикасы» деп атаймын – әрекеттер уақыты пен логикасының «мозаикасы», қаныққан кеңістіктер мен плебейлік бастамалардың пайда болуы – танымал экономикалардың саяси негіздерінің күрес аймағы ретінде атаудың тәсілі, мұнда «неолибералды сананы» (таза меркантил есептеудің болжамды нормасы) оның қарапайым құрбандары саналатындар қолданады, бұзады, өзгертеді және қайта жаңғыртады.

Неолиберализм ішіндегі және оған қарсы күрес – меншіктен айырудың жеке шешімі ретінде және құнды алудың жаңа формасы ретінде меншіктен айыруға және қаржы аппараттарына қарсы күрес. Бұл тәжірибелер неолибералды жағдайларды түсіндіру мен пайдаланудағы мойынұсыну мен автономия арасындағы дау-дамайдың гетерогенді және екіұшты сипатын көрсетеді.

Егер неолиберализм белгілі бір күрес циклдеріне жауап береді, сондықтан оның озбырлық ауқымына әсер етеді дегенмен келісетін болсақ, онда сұрақ мынадай: неолиберализмнің тұрақтылығы мен қалпына келу формаларын қалай анықтауға және сол мезетте өмір мен капиталды теңестіру арқылы неолиберализм барлық антагонизмдерді жоя алады деген болжамға қарсы тұра алады? Басқаша айтқанда, неолиберализм антагонизмнің қандай түрлерін қамтиды және қандай қақтығыстар оны өзгертеді?

> Неолиберализмге феминистік көзқарас

Жақында жүргізген зерттеуімде неолиберализмдегі феминистік әдебиетке назар аудару жалғасып отыр. Соңғы екі кітапты айтамын: *A Feminist Reading of Debt* [«Қарызды феминистік тұрғыда оқу»] (Луки Кавалларомен бірігіп дайындалған) және *La potencia feminista. O el deseo de cambiarlo todo.* [«Феминистік әлеует. Барлығын өзгертуге деген құлшыныс»] Неолиберализмді талдау қазіргі феминизмнің басты ерекшелігі, сондықтан олардың өзара әрекетінің маңызды элементін құрайды. Біріншіден, аталмыш талдау бұрын түсінілмеген шиеленістерді анықтау мен олардың байланыстарын көрсету үшін нақты интерпретациялық кілті болып отыр. Екіншіден, бұл неолиберализмнің шиеленістерді мультимәдени немесе күресті тыныштандыратын бағыныштылық арқылы білдіру

>>

“Патриархат пен капитализм арасындағы қатынас репродуктивті еңбекке жаһандық тәуелділікті көрсету үшін өзгерді деп болжайды. Бұл мына сұрақты тудырады: неолиберализм неге осындай жолмен мутацияға ұшырады?”

және басқару тәсілдерін талқылауға және сынауға мүмкіндік береді. Ең соңғысы, бұл феминизмнің трансұлттық күштеріне, әсіресе Латын Америкасындағы, қарсы консервативті реакцияны тексеруге/зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл перспектива неолиберализмнің озбырлығы, онда құрылымдық қайта құру шаралары, сонымен қатар тұрақсыздыққа мәжбүр болған және соған қарамастан меншік құқығынан айырудың құрылымдық жағдайында табысқа жету үшін күресетін субъективизмнің қанауды өндіруде тамырлануы туралы түсінік береді.

Мен озбырлықтың төрт көрінісі бойынша жұмыс істеймін: (1) асыраушы ер адам образының дағдарысына байланысты озбырлық имплозиясы, оның әрі қарай еңбек нарығындағы жағдайына қатысты беделі мен үстем рөлінің жоғалуы; (2) ресурстарды қамтамасыз етудің басқа тәсілдерін алмастыратын заңсыз экономиканы кеңейтуге негізделген жергілікті аудандардағы танымал салаларда билік қағидаты ретінде озбырлықтың жаңа формаларын ұйымдастыру; (3) трансұлттық корпорациялардың ортақ жер мен ресурстарды иеліктен шығаруы және тонауы, осылайша басқа экономикалардың материалдық дербестігінен айыруы; (4) қоғамдық өмірді қаржыландыру - әсіресе қарыз аппараты арқылы – ортақ кодекс болып табылатын пайдалану нысандары мен құнды алу артикуляциясы.

Неолиберализм мен экстрактивизмді бірге талдау неолиберализмнің империялық өлшемін түсіну үшін (әрдайым еуроатлантикалық перспективаларда баса айтылмайды), сондай-ақ қазіргі озбырлықтың қайнар көзін анықтау үшін өте маңызды.

Көптеген феминистік ғалымдар патриархат пен капитализм арасындағы қарым-қатынас репродуктивті еңбекке жаһандық тәуелділікті көрсету үшін өзгерді деп болжайды. Бұл мына сұрақты тудырады: неолиберализм неге осындай жолмен мутацияға ұшырады?

> Қаржылық экстрактивизм

Қазіргі уақытта мен қаржыландыруды өндіру пен ұдайы өндіруді (қайта) ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін құруға назар аударамын. Ал қарыз құндылықты Латын Америкасындағы ішкі экономикалардан, жалдамалы еңбекпен байланысты емес экономикаларда және тарихи өнімсіз экономикалардан қалай алатынын түсіну үшін біз қаржы аппараттарын құндылықты алудың да, орындалмаған гендерлік мандаттарды моралдандырудың да, яғни ұдайы өндіріс пен өндіру арасындағы белгілі бір артикуляцияның шынайы механизмдері ретінде қарастыруымыз керек. Бұл (Cavallero and Gago, 2020) қарыздың гендерлік мандаттарды қолдана отырып, күнделікті ұдайы өндірістің отарлау деңгейіне қалай көтерілгенін, сонымен қатар феминистік жұмылдыру кезеңінде әйелдер, лесбийлер және транс әйелдер тарапынан үлкен экономикалық автономия талабына жауап бергенін талдадық. Техникалық күрделілікке толы және олардың күнделікті әсерін ескере отырып, жасалған қаржыны біз «қаржылық экстрактивизм» деп атайтын капиталды алу логикасы тұрғысынан түсінуіміз керек.

Менің түсінуімше, осы ерекшеліктер бүгінде неліктен феминистік наразылықтың ұжымдық субъективтілігі – олардың танымал, байырғы, диссиденттік, оғаш, қара формаларында, сол сияқты басқа құрылымдар және аумақтар – неолиберализмнің шексіз өзгерісінің күшіне қарсы күресінің негізгі құрамдас бөлігі екенін де көрсетеді (қаржыландырудың шексіз утопиясы). ■

Хаттарды Вероника Гагоға <verogago76@gmail.com> жолдауға болады.

1. Ағылшын тілінде Лиз Мейсон-Диз аударған.
2. Түпнұсқасын Аргентинада 2014 жылы Тинта Лимон, содан кейін Испанияда 2015 жылы Трафиканте де Суенос басып шығарды; АҚШ-та 2017 жылы Duke University баспасы (Лиз Мейсон-Диз аудармасы); Боливияда 2018 жылы Autodeterminación баспасы; Бразилияда Editora Elefante баспасы (Игорь Перестің аудармасы); және басқа мақалалармен бірге қысқартылған нұсқада, Францияда 2020 жылы Raisons D'Agir басып шығарды (Мила Иванович аудармасы).
3. Аргентинада 2019 жылы Rosa Luxemburg Foundation, итальян тілінде 2020 жылы Ombre Corte (Николас Мартиноның аудармасы) және ағылшын тілінде 2021 жылы Pluto Press баспасы (Лиз Мейсон-Диз аудармасы) жариялады.
4. Аргентинада 2018 жылы Tinta Limón; Бразилияда 2020 жылы Editora Elefante (Игорь Перестің аудармасы); Перуда La Siniestra; Мексикада Pez en el Árbol; және ағылшын тілінде 2020 жылы Verso *Feminist International* атауымен (Лиз Мейсон-Диз аудармасы) жариялады.

> Пост-либералдық грамматикаға

Кармен Илизарбе, Pontificia Universidad Católica del Perú, Перу

«Marcha de los Cuatro Suyos» деген атпен әйгілі митинг Альберто Фухиморидің билігінің аяқталғанын паш етті. 2000 жылы сайлаудағы көзбояушылыққа қарсы наразылық білдіру және сол арқылы демократияның мықты екендігін көрсету мақсатында мыңдаған адам Перу көшелерінде жиналды. Ұсынған: Creative Commons.

XXI ғасырдың ең маңызды саяси феномені – репрезентативті демократияны либералдық ұғынудың жұтаңдауы және құлдырауы, тіпті тоқырауы. Саяси партиялар легитимділігі дағдарысының – әлемде кең таралған құбылыс болғанымен, мәселе тек онда емес. Репрезентация – өміршең саяси механизм ретінде дағдарысқа ұшырады, мүмкін, қайтымсыз дағдарыс та болар. Репрезентация тұжырымдамасы қазіргі заманғы барлық демократиялардың институттық құрылымдарын анықтайды, ал оның түсінігі заманауи мемлекеттің ең алғашқы тұжырымдамаларымен байланысты екенін ескеріңіз. Осылайша, кем дегенде Томас Гоббс заманынан бастап, біз билікті басқаға тапсыру мүмкін және оның сақталатындығы туралы идеяны қалыпты деп қабылдадық. Қайта репрезентациялау фикциясы (шешімдерді талқылау және қабылдау барысында іс жүзінде жоқ тұлғалардың дауыс беру және таңдау құқығы бар деп есептеу) – қазіргі заманғы демократиялар дамуының іргетасы. Мен бұрын бұл фикцияның істен шыққандығын айтып едім, ол репрезентациялау идеясының өзіне(тек оның жұмыс істеуіне себепкер басты институттар мен процедуралар ғана емес) ықпал етті.

> Репрезентативті саясаттың күйреуін зерттеу жұмысы

Делдалдық орнатылған саяси тәртіптің дезинтеграциясына жауап ретінде, әрі билеушілер мен басқарылатын адамдар арасында байланыстың айқын болмауына жауап ретінде саяси өзін-өзі репрезентациялаудың жаңа үлгілері туындады, олар партиялар мен олардың бағдарламаларын, сонымен қатар саяси репрезентациялар жүйесі арқылы қарастырылатын институттық арналарды айналып өтті. Алайда, саясат алаңы ұмытылмады. Кей жағдайда онжылдыққа созылатын орта мерзімді созылмалы процестерде қоғамның қайта саясиландырылып,

>>

кейде өздігінен конституциялық билікке өзгеретін жалпыхалықтық егемендіктің жаңғыруына куәгерміз, оның айқын дәлелі ретінде Чилиді атап айтуға болады.

Бұл тұрғыда жалпыхалықтық егемендік түрлерінің көптігін қазіргі заманғы саясилықты түсіну мен заманауи құрастыруда маңызды өзгерістердің белгісі деп қарастыруға болады. Осылайша, делдалдық сәтсіздікке ұшыраса не болады, репрезентациялау механизмдері бұрынғыдай жұмыс атқаруын тоқтатса не болады, тіпті репрезентациялау идеясы дағдарысқа ұшыраса не болады деген сұрақтар қойылуы қажет. Менің алдағы жылдарға жоспарланған зерттеу жұмысымда осы процеске байланысты екі динамикаға көңіл бөлінеді: 1) ресми саяси репрезентацияның ресми институттарының жоқтығы немесе әлсіреуіне байланысты саяси жүйедегі өзгерістер және 2) мемлекет пен өзара әрекет ету үшін өзін-өзі репрезентациялау және жаңа саяси субъектілер үлгілерінің пайда болуы.

Зерттеудің бірінші бағытына келсек, мен контр-демократияның жаңа үлгілерін зерделеуге қызығушылық танытамын. Авторитарлық, фашистік және тіпті тоталитарлық үкіметтердің (қайта) жаңғыруы соңғы жылдары айқын көрініп отыр, ол демократия репрезентациясы тарихи түрде айқын қиындықтармен дамыған елдермен өңірлерде (Латын Америкасында Бразилияны атауға болады), сондай-ақ берік демократиялық дәстүрлі елдер мен аймақтарда да (Солтүстік жарты шарда Америка Құрама Штаттары осының дәлелі) орын алды. Осылайша, Перу, Колумбия немесе Чили, сондай-ақ Боливия мен Эквадор сияқты елдер соңғы уақытта репрезентативті демократияның институттық негіздерін бекіту бойынша маңызды күш-жігерін сала отырып, әдетте халықтың осал топтарының негізгі құқықтарын бұзатын антидемократиялық басқару әдістерін дамытады. Сайлау барысында дауыс жинайтын контр-демократиялық үкіметтер парадоксын, оның демократия жүйелілігіне ықпалын қалай түсіндіруге болады? Бүгінде авторитарлық билік қандай институттық үлгілер мен механизмдерді қамтамасыз етеді? Авторитарлық үстемдік контексінде қандай жауаптар немесе реакциялар туындайды? Қазіргі таңда контр-демократиялық тәжірибені сыни талдаудың концептуалды және теориялық негіздері қандай?

Зерттеудің екінші бағытына тоқталсам, мені жалпыхалықтық егемендік идеясының қайта жандануын зерттеу қызықтырады. Біз Солтүстікпен Оңтүстікте, сондай-ақ Шығыс пен Батыста айтарлықтай әлеуметтік салдары бар экономикалық дағдарыстарға жауап ретінде, сондай-ақ саяси репрезентация құралдарының жоқтығына ықпал ретінде әлеуметтік жұмылдырудың бұқаралық үлгілерінің күш-қуатына куәміз. Келіспеушілік пен қанағаттанбауды білдіруге арналған дәстүрлі арналар аясынан тыс шығатын жалпыхалықтық наразылықтардың осындай формалары одан да көп шарасыздықты көрсетіп, саяси күш-жігермен халықтық жобаларды қайта бағалауға мүмкіндік береді. Жалпыхалықтық қайта жандану үлгілері нені сипаттайды? Бұлар саяси субъектілерді құрудың жаңа үлгілері ме? Саясатты демократияландыру үшін қандай мүмкіндіктерді ашады? Қандай дәрежеде және қалайша антидемократиялық саясаттың артикуляциясына ықпал етуі мүмкін?

> Либералдық грамматика аясынан тыс

Менің алдағы жылдарға арналған зерттеу жұмысым мемлекет-қоғам интеракциясының динамикасын түсінуге, әлеуметтік келісімнің ықтимал жаңа үлгілеріне көңіл аударуға, либералдық-демократиялық теория ұсынатын гегемониялық концепциялар шеңберінен тыс шығуға бағытталған. Бұл демократия және демократияландыру теориясын сынау, сондай-ақжаңа әлеуметтік-саяси көзқарастар мен қатысу түрлерінің әлеуетін жақсы түсіндіру үшін әлеуметтік қозғалыстар теориясынан алшақтауды қамтиды. Жалпы алғанда, бұл жұмыс сондай-ақ болып жатқан саяси өзгерістер процестерін түсіну және дұрыс ұғу үшін либералдық грамматикадан тыс жаңа категориялар мен ұстанымдарды дамытуды қамтиды. ■

Хаттарды Кармен Илизарбеге <cilizarbe@pucp.pe> жолдауға болады.

> Латын Америкасындағы кеңістік, теңсіздік және элита

Мариана Эредиа, Universidad Nacional de San Martín-CONICET, Аргентина

XX ғасырдағы аргентиналық олигархия.

> Назардың арта түсуі және сәнді пікірталас

Кедейлік деңгейі тұрақты немесе тіпті ұлғайған сайын орасан зор байлық жиналды, институттық шиеленісті тудыратын жаңа саяси көшбасшылық пайда болды, ғалымдар мен қоғам назарын элита қайтадан өзіне аударды. Енді олар әртүрлі және тіпті қарама-қайшы сын нысанына айналды: біреулер ұжымдасқан ашкөздікті айыптаса, екіншілері саяси біліксіздікті алдыға тартты.

Элиталарды зерттеуде осы сын толқынын ешбір ғылыми жаңашылдық сүйемелдеген жоқ. Шамус Хан заманауи әдеби шолуында бұл пікірталастардың «қисынсыздығы» туралы ескертеді. Элитаны зерттеудегі жаңа әдістің бірінші кедергісі – әртүрлі дәстүрлерде қолданылатын терминдер диапазоны. Элита, жоғары тап, олигархия, билеуші тап, буржуазия, бай және артықшылыққа ие топтар бір идеяға қатысты синоним ретінде қолданылады. Екінші кедергі – әлеуметтік ғылымдар мен олардың әдіснамалары арасындағы бөлініс.

Көп ғалымдар мен зерттеушілер элиталық талдауларында XVIII ғасырдың соңынан бастап осы топтармен тығыз байланысты белгілерді атап көрсетеді: бай және ықпалды адамдар арасындағы менмендік және өкінудің болмауы, балаларының олардың «адамгершілігін» емес, байлығы мен орнын иемденуі, таңдаулы топтардың жалған әңгімелері. Қысқаша айтқанда, теңдессіз теңсіздік алдында, элита мен қарапайым адамдар арасында бірдей белгілер мен қарама-қайшылыққа тамсану сақталады. Еңбек пен жұмысшылар, әдетте тарихқа сезімтал келеді: олар ірі өзгерістерді басқарады немесе, кем дегенде, олардың ықпалында болады. Дегенмен, капитал, билік және оның жақтастары ұдайы өндіріс өзгерістері ықпалына ұшырамайтындай.

> Латынамерикалық шынайылық

Әлеуметтік теория, әсіресе Латын Америкасында, элита мен жергілікті қоғам арасындағы байланысты зерттеу арқылы теңсіздік ауқымының маңызын көрсете отырып, аймақтағы теңсіздік туралы ойды туғызады. Латынамерикалық болмыс сыни теорияның алдына күрмеуі қиын міндеттерді қоюда. Отарлық дәуірден бері және аймақтың тәуелді болуы салдарынан стратегиялық ресурстар шетелдіктер немесе еуропалықтар ұрпағының қолында қалып отыр. Латынамерикалық әлеуметтік пирамиданы түсіну үшін жалпыұлттық ауқым ешқашан жеткілікті болған емес. Оның үстіне, аймақтағы елдердің көбі шикізат экспортына жұмыс күшінің қосымша құны сияқты дәмеленді.

>>

Тегеурінді шетелдік ықпалдың алдында латынамерикалық элита өз заманы талаптарына тез бейімделді. Алдымен ұлттық аумақтарда неоколониялық тәртіп орнатқан олигархтар дегендер келді, олар жергілікті халықты бағынуға мәжбүрледі, еуропалық эмиссарлармен тығыз қатынас орнатты, жаппай қатысуға жол бермейтін саяси жүйе құрды. Кейінірек ірі елдерде ұлттық буржуазия қалыптасты. Ұлтшыл қозғалыстар мен әскери режим қолдаған буржуазия негізінен қалалық және өнеркәсіптік прогреспен, ауқымды жұмыс күшін жалдаумен және ішкі өндіріс пен тұтынуды ынталандыруға бағытталған саясатпен байланыстырылды.

Осы дәстүрді алсақ, байлық туралы кейінгі түсініктер шектеулі. Пикетти мен Оксфам теңсіздіктің тереңдегенін, ал салықтар табысты бөлудің жаңашыл тәсілі екенін атап көрсетсе, басқа ғалымдар капитализмнің ағымдағы циклі ішінде капитал неғұрлым өтімді және детерриториялануға бет алғандығын айтады. Алайда, кем дегенде, Латын Америкасындағы деректер сенімсіз, ал «байлар» – айтарлықтай гетерогенді, ол байлықты тек жағымсыз деп тұжырымдайтын қанағаттанарлықсыз теорияға алып келеді. Байлар – таяудағы ала-құла шоғыр: нувориштерге қарсы ескі ақша иелері, өтімсіз активтерге қарсы өтімді активтер, ресурстарға тәуелділерге қарсы жұмыс күшіне тәуелділер, аймақ тұрғындарына қарсы шетелде ахуалын жақсартқандар. Демек, егер мақсат теңсіздікті қысқарту болса, бұл әдісті Сальвадор және Франция сияқты елдерде қолдану мүмкін емес. Латынамерикалық байлықтың басым бөлігі латынамерикалықтардың қолында емес, және ол байлық елде де сақталмайды.

> «Байды» тұжырымдаудағы кедейлікті еңсеру

Латын американдық элитаға көзқарас неғұрлым дәл болу үшін, шамасы, үш негізгі жағдай маңызды: теңсіздікті, оның аумағын және ауқаттылар қолындағы ресурстар түрін анықтау.

Бірінші кезекте экономикалық теңсіздік табиғат пен қоғамға ықпал ететін ірі инвестициялық жобаларды енгізу (немесе тоқтату) қабілетіне байланысты. Қазіргі уақытта өңірде үстем ірі институттық инвесторлар мен ірі халықаралық компаниялар осы теңсіздікке жаһандық сипат береді. Капитал неғұрлым өтімді және иесіз болғандықтан, экономикалық элита өндіріс құралдары иелерін, ірі жұмыс берушілер немесе жергілікті ауқаттылардан асып түседі: енді осы капиталды басқаруға әртүрлі аумақтарда жұмыс істейтін қаржы, құқық және технологиялар саласындағы басшылар «ұясы» қатысады.

Керісінше, басты әлеуметтік теңсіздік, тұрғын үй, білім беру, денсаулық сақтау және мәдени ұсыныстар тұрғысынан элитаның артықшылықтарында, бірақ, бірінші кезекте, әл-ауқатқа міндетті түрде пропорционал ұлғая қоймайтын әлеуметтік қарым-қатынастарда болады. Мемлекет әмбебап жоғары сапалы қызмет көрсету мақсатынан бас тартқанда және құқық тұтынатын тауарға айналғанда, қандай топ (табысты кәсіпкер, жоғары лауазымды мемлекеттік шенеуніктер немесе орта бизнес иелері) элита болатыны маңызды емес: маңыздысы – элитаның өз отандастарында жоқ мүмкіндіктерге ие екендігі.

Қорытындылай келе, саяси теңдік адамдардың жұмыла жұмыс істеу, қолдау мен ықпал ету қабілеттеріне тәуелді. Бүгін экономикалық жаһандану және орталықсыздандыру саяси өкілдердің институттық ресурстарын бұзып, көптеген саясаткерлер экономикалық мүдделеріне сай әрекет етуде. Бірегейлікке негізделген талаптар мен айырмашылықтар артқан сайын, үкіметтер шекарадан тыс капитал іздеуге, қыңыр және оппортунистік жергілікті көшбасшылардан тұратын коалиция құруға мәжбүр болды.

> Фракциялар және жасырын иерархиялар

Экономикалық, әлеуметтік және саяси элиталар арасындағы айырмашылықтар мен байланыстарды атап өту маңызды. Майкл Манн «биліктің әлеуметтік кеңістіктік желілері» және лауазымда болу мерзімі шектелген топтар мен институттар ұмтылатын билік пен белігілі бір мәнсіз және тікелей бұйрықсыз кенеттен кеңейтілетін орталықтандырылмаған тәжірибе негізіндегі аморфты билік арасында айырмашылықты көрсетеді. Көшбасшы беделі бірінші билік (билік жүргізетіндер) түрін суреттесе, нарықтық тәртіп және дәстүр инерциясы екінші (билік астындағылар) түрін сипаттайды. Бұл Альберт Хиршман ұсынысына ұқсас: жаһанданған нарық бизнесмендердің тиімсіз аумақтардан (кетуіне) бас тартуына қабілетін нығайтты, әртүрлі акторлар көшелер мен әлеуметтік желілерге наразылық (дауыс) білдіру үшін шықты, бірақ билік пен қоғамдық саясат талап ететін адалдық және мойынсыну жойылды.

Байлық пен билікті талдау, шамасы,теңсіздікті азайту үшін маңызды. Дегенмен, байлық пен билікке деген ұмтылыс олардың талғамсыз сынымен бірге тарады, әлеуметтік тіршілік үшін екеуі бірдей қауіпті, әрі кез-келген прогресті тежеуі мүмкін. ■

Хаттарды Мариана Эредиаға
<mariana.heredia@conicet.gov.ar> жолдауға болады.

> Бастапқы қорлану және Заң сыны

Гильерме Лейте Гонсалвес, Rio de Janeiro State University, Бразилия

Мехикодағы Паласио Насионалда орналасқан Диего Риверанның (1929-45) Мексиканы испандық жаулауды көрсететін қабырғалық суретінің бөлігі.

Құқық пен капитализмнің дамуы өзара қандай байланыста? Бұл сұраққа ең алдымен, капитализм мен демократия арасындағы айырмашылық пен келіспеушілікке негізделген нормативтік схема негізінде жиі жауап береді. Бұл қағида екі көзқарастан туындайды: біріншіден, қолда бар мотивациялық ресурстар кейінгі капитализм дәуірінде мемлекеттік араласудың легитимдігі үшін жеткіліксіз; екіншіден, заң капитал мен билікті жинақтауда шектеуші ретінде көрсетіледі, алайда, аталған жинақтау жалпы келіспеушілікке алып келетін стратегиялық акторларды босатқанда ғана орын алады. Екі көзқарас та Юрген Хабермас теориясының нормативтік негізіне жатады.

Бұл схеманың мақсаты – заң мен демократияны қарама-қайшы контекстерге қарсы тұра алатын принциптер жиынтығы ретінде түсіну, айтарлықтай құқықтық демократиялық дискурстар олардың құрамындағы материалдық мүдделерден бөлек болғандай. Құқықты бүгінгі қарама-қайшылықтың бөлшегі ретінде мойындамай, жоғарыда келтірілген схема жинақтау мен легитимділік арасындағы байланысқа мүмкіндік беретін құқықтық тетіктерді елемейді. Кейінгі капитализмдегі легитимация мәселелерінің болжамы әлі де расталмағанда бұл одан да айқынырақ бола түседі. Тек неолиберализм ғана жаңа мотивациялық ресурстарды жұмылдырмайды, сонымен қатар қаржылық капитализм мен оның қайта коммодитациялайтын субъектілері айлакерлік тенденцияларға қатысты құқықтық легитимация тетіктерін қолдана алады.

> Заңды форма

Капитализм/демократияның нормативті схемасына қарағанда, құқық түрін сынау (Евгений

>>

Пашуканис ұсынған) Маркстің құн теориясындағы құқықты талдауға бағытталған тұжырымдаманы ұсынады. Оның бастау алар нүктесі – капиталистік қоғамда еңбектің қоғамдық сипаты құн формасына ие екенін түсіну. Сәйкесінше, нақты еңбек абстрактілі еңбекке айналады, ал оның өнімі айырбас арқылы және құн формасы қоғамдық тәртіптің қажетті шартына өзгереді. Түрлі еңбек өнімдерінің айырбасы бір-бірімен теңестірілгенде, осы айырбас орташа қоғамдық жұмыс уақыты сияқты стандарттар негізінде нақты еңбектің тең емес типтері арасында абстрактілі теңсіздікті тудырады, ол әлеуметтік теңсіздіктердің өз бетінше пайда болуына алып келеді. Ал құн формасы тікелей қабылдауды сипаттап, ғадетке алып келетіндіктен, фетиштік сипатта.

Нәтижесінде капиталистік қоғамдағы құқық құн формасымен бірге әрекет ететін қоғамдық форма ретінде қарастырылады. Ол тең емес нақты өндірушілерін абстракциялау процесінде тауарлар айырбасының алғышарты ретінде (яғни «баламаны баламаға айырбастау») балама алмасу принципін енгізу арқылы қатысады. Ол үшін заңды құралдары, сол сияқты «заңды субъектісі» еркіндік пен теңдіктің конституциялық принциптері болады. Іс жүзінде, бұл құралдар балама тауарларды еркін айырбастай алатын абстрактілі тең субъектілерді тудырады, сол сияқты теңсіздік пен жеке мүдделерді іс жүзінде мүмкін етеді. Осы себепті құқықтық демократиялық институттар нарықтық қатынастар мен айырбастарға объектіленген және фетишизацияланған формаларға иелік етуге мүмкіндік беретін әлеуметтік формаға айналады; ол үшін олар өздері де фетиштеледі.

> Бастапқы қорлану

Заңды форманы сынау капиталистік қорлануды (қайта) тұрақтандыру тетіктері заңдарын талдауда пайдалы түсіндіруші айнымалыны қалыптастырады, бірақ қорлануды жандандыру және олардың үздіксіз өсімге қысымын талдау процестерінде емес. Бастапқы қорлану туралы маркстік пікірталастар орнатқандай, капиталистік қоғам – тұрақты емес, керісінше – динамикалық. Осы тұрғыдан алғанда, капиталистік даму қорлану шектеулерін еңсерудің тұрақты процесі және тауарланбаған кеңістіктерді тауарландыру арқылы қорланудың өсуі ретінде қарастырылады. Бұл процесс жалпы қосымша құнның пайда болуы орнында іске асыруға мүмкіншілік жоқ екендігімен және өсім бағасын толықтай қосып алу және шектен тыс қорланудың қысымы арқылы туындаған, ол қосымша құнға толықтай ие болу және инвестицияларды иеліздендіру үшін тауарланбаған территорияларға меншік құқығынан айыруды талап етеді.

Осылайша, капитализм бастапқы қорлану, сонымен бірге «өрескел қанау актілерін» қайта жандандыратын меншік құқығынан айыру динамикасы негізінде дамиды. Бұл әрекеттерді капитализм дамуы кезінде ерекше жағдайларда ғана емес, іс жүзінде жиі кездесетін тікелей қанау формалары (яғни, жаулап алу, тонау және адам өлтіру) деп түсіну керек. Теориялық ой ретінде бастапқы қорлану тұжырымдамасы мен меншік құқығынан айыру заң капиталистік қоғамда тек фетишизацияланған әлеуметтік форма ретінде ғана әрекет етпейтінін көрсетеді. Шынында, ол басқаша сипатқа ие. Бірақ мұны қалай сипаттау керек? Бұл қанаудың қай түрі? Капиталистік меншік құқығынан айыруға ықпал ететін заңды тетік бар ма?

> Бастапқы қорланудың заңды қанауы

Заңды формаларды сынауға қарағанда, бастапқы қорлану туралы пікірталастар дағдарыс кезеңдеріне көбірек назар аударады. Мұндай кезеңдерде, Дэвид Харвидің айтуынша, капитал кеңістіктік-уақыттық түзетулерді қажет ететін күштер арқасында ұлғаяды. Ол күштер (қайта) тауарлануға жол береді, осылайша, капитал ағынын шектеуден босатады. Дағдарыстық интервенция тек кеңістік және уақыт көкжиегінің қайта құрылымдалуын ғана қажет етпейді, сонымен қатар инвестиция үшін қолайлы ортаны құруды қажет етеді. Екі жағдай әртүрлі құқықтық құрылымдармен (мысалы, оңтайландырылған құқық, қылмыстық құқық, меншік құқығынан айыру, полиция тарапынан зорлық-зомбылық, соғыс және т.б.) сипатталады. Олар ортаның және белгілі бір әлеуметтік топтарды меншік құқығынан айыратын қысым ережелерінің заңды (қайта) тауарлануына мүмкіндік беретін күрделі институт динамикасын орнатады.

Клаус Дёрре айтқандай, қазіргі таңдағы экономикалық және экологиялық дағдарыс бастапқы қорлану перспективасын қолдану арқылы заманауи диагноз жасауға жол ашады. Бұл диагнозда экономикалық-экологиялық дағдарыстың тереңдеуі, өркендеу мен демократия арасындағы қарым-қатынасты тұрақсыздандыру факторы ретінде түсіндіріледі. Осыны негізге ала отырып, құқықтық және әлеуметтік тәртіптердің әрекет етуі қолдану күші осы дағдарыстар туғызған қорланудың экспансиялық қысымын қарау арқылы талдануы мүмкін. Бұл талдау Хабермастың нормативті схемасы аясынан тыс сыни құқықтық әлеуметтанудың дамуын талап етеді. Екінші жағынан, бастапқы қорлануды тұрақты пайдалану капитализмнің дамуы тек балама айырбастау принципі негізіндегі қанау моделіне ғана емес, сонымен қатар, нәсілдік кемсіту, әйелдер еңбек ақысын төлемеу және мигранттардың жұмыс күшін шамадан тыс қолдану арқылы жинақталатын қосалқы қанауға да байланысты екенін көрсетеді. Әрине, бұл қосалқы қанауға қандай құқықтық режимдер (әлеуметтік заңнамада, полиция іс-әрекеттерінде және т.б.) жол ашып отыр деген сұрақ қою керек. ■

Хаттарды Гильерме Лейте Гонсалвеске <guilherme.leite@uerj.br> жолдауға болады.

> Жаһандық Диалогтың поляк тобын таныстыру

Якуб Барщевски

Александра Бирнацка

Ивона Бояджева

GLOBAL DIALOGUE

Сара Герчинска

Юстина Костинска

Адам Мюллер

Вероника Пик

Джонатан Сковил

Александра Вагнер

>>

Якуб Барщевски, философия докторы, Белосток университетінде әлеуметтанудан дәріс оқиды. Оның қызығушылықтарын сыни теориялар, жаһандық Оңтүстік әлеуметтануы, деколониялық ой, контргегемонистік жаһандану мен шығармашылық құрайды. Докторлық диссертациясы Боавентур де Соуза Сантостың контргегемонистік жаһандану іліміне арналған. Постфордизмдегі шығармашылық дискурсы туралы кітабын жариялады.

Александра Бирнацка – Поляк ғылымдар академиясының Философия және саясаттану институты, Мәдениет теориясы бөлімі, Әлеуметтік зерттеулердің Жоғары мектебінің (GSSR), докторанты. Айналысып жүрген зерттеулері аясына жаһандану тұрғысынан мәдениетаралық фильмдер, аударма теориясы, идеялар тарихы мен оларды қабылдау енеді. Поляк филологиясы мен американдық мәдениетті зерттеу салалары бойынша Варшава университетінен екі мәрте магистр дәрежесін алған.

Ивона Бояджева Краковта Ягеллон университетін әлеуметтану мамандығы бойынша тәмамдаған. Қазіргі кезде қоршаған орта дискурстарымен байланысты докторлық диссертация дайындауда. Сонымен қатар Польшадағы ауа сапасын жақсартуды қолдайтын үкіметтік емес секторда жұмыс жасайды.

Сара Герчинска – Варшава университеті Поляк мәдениеті институтының аспиранты. Ізденістерінің басты бағыты – жадыны зерттеу. Ол Холокост туралы жадыны зерттейтін топтың мүшесі және оның докторлық диссертациясы поляк өмірбаян мұражайларына арналған. *Mała kultura współczesna* журналының редакциялық алқа мүшесі және Захета Ұлттық көркемсурет Галереясының гиді.

Юстина Костинска – Варшава университетінде әлеуметтану ғылымдарының кандидаты. Оның зерттеу аясын қала әлеуметтануы, әлеуметтік қатысу, әлеуметтік таптар мен стратификация қамтиды. Докторлық диссертациясы мемлекеттік қызметтердің кеңістіктегі қолжетімділігіне арналған. 2019 жылдан бері *Жаһандық диалогтың* поляк редакциясында үйлестіруші.

Адам Мюллер – сандық әдістерді зерттеуші, қазір Ақпаратты өңдеу Ұлттық Институтында жұмыс істейді. Варшава университетінде әлеуметтану бакалавры мен магистрі дәрежесін алған. Бүгінгі күні оның ғылыми қызығушылығы жоғары білім беру саласының өзгеріп отырған үлгілері және әлеуметтік ғылымдардағы табиғи тілді өңдеуді қолданумен байланысты.

Вероника Пик – Варшава университетінің ағылшын тілі бойынша магистратурасының әлеуметтануға қызығушылығы зор студенті. Оның ғылыми қызығушылығы концептуалды метафораларға басымдық беретін когнитивті лингвистика, дискурсты зерттеу және феминистік әдеби сынды қамтиды.

Джонатан Сковил – әлеуметтану бойынша Варшава университетінің және француз үкіметі қаржыландыратын École des hautes études en sciences sociales (EHESS)–тің cotutelle докторлық бағдарламасының аспиранты. Зерттеу аясына дін мен білім әлеуметтануы, әлеуметтік антропология және идеялар тарихы енеді. Докторлық жұмысы Франция мен Польшаның мысалында джихадистік терроризмді еуропалықтардың қабылдауына арналған.

Александра Вагнер бакалавр дәрежесін алып, Варшава университетінің Қолданбалы әлеуметтік ғылымдар институтының магистратурасына түсті. Оның ғылыми қызығушылығы отбасы, бала тәрбиесі және некеге қатысты.